
Фридрих Эберт атындағы қордың
Қазақстандағы өкілдігі

ОРТА АЗИЯ ЖАСТАРЫ. ҚАЗАҚСТАН

Социологиялық сауалнама негізінде

Алматы, 2016 жыл



УДК
ББК
М

Авторлық үжым:

Толғанай Үмбетәлиева, саясат ғылымдарының кандидаты (PhD)
Пәр Тешендорф, әлеуметтанушы

Евгения Плахина – техникалық редактор
Татьяна Захарян – беттеу
MSTRSK ЖШС – инфографика
Лена Позднякова – мұқаба дизайнны

Орыс тілінен аударған: Шырынгүл Зухай,
филология ғылымдарының кандидаты

Зерттеуді «Қоғамдық пікір» институты жүргізді
(Қазақстан, Астана)

Ботагөз Ракишиева, социология ғылымдарының кандидаты

Орта Азия жастары. Қазақстан. Социологиялық сауалнама негізінде. Проф. Клаус Хуррельманның (Германия, Берлин) ғылыми жетекшілігімен. Алматы, 2016. – 286 б

ISBN

Қазақстан жастарының әлеміне арналған бұл аналитикалық еңбек Фридрих Эберт атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігі үйімдастырып, 2014 жылы бүкіл ел көлемінде жүргізген социологиялық зерттеудің нәтижелері бойынша жазылды. Бұл зерттеу үшін Еуропада танымал жастар зерттеуі Shell Youth Study әдіснамасы Қазақстандағы шарттар мен ерекшеліктерге бейімделіп алғынды, қолданылды. Сауалнаманың басты назары Қазақстан жастарына, олардың негізгі қызығушылықтары, армандары мен жоспарлары, құндылықтары, көзқарастары мен ойлары, сонымен қатар оларға әлеуметтену процесінде кез келетін сұрақтар мен проблемаларға аударылды. Бұл кітаптан әрбір оқырман өзі үшін қызықты және маңызды көптеген мәліметтер табады. Еңбек жалпы оқырман қауымға арналады.

УДК
ББК

© Ф. Эберт атындағы қордың

Қазақстандағы өкілдігі

© Deluxe Printery ЖШС, 2016

ISBN 978-601-7407-61-2

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	12
АННОТАЦИЯ	18
1-ТАРАУ. ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ	28
1.1. Зерттеу мәселелері	29
1.2. Зерттеу әдістері	30
2-ТАРАУ. ЖАСТАРДЫҢ ӨМІР САЛТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ҚАНАФАТТАНУШЫЛЫҒЫ	39
2.1. Салауатты өмір салты	40
2.2. Өзіне деген қатынасы, өзін-өзі бағалауы	45
2.3. Бос уақыт өткізу мәдениеті	50
3-ТАРАУ. ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРЛІК МАҚСАТ-МҰРАТТАРЫ	57
3.1. Өмірлік жетістіктер	57
3.2. Білім және даму мен өзіндік даму жолындағы жоспарлар ..	66
3.3. Отбасы және неке	75
4-ТАРАУ. ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ МЕН БАРАБАРЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ	106
4.1. Сенім және толеранттылық	112
4.2. Дін және діні құндылықтар	122
4.3. Жыныстық мәдениет және жыныстық қарым-қатынастар..	129
5-ТАРАУ. ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ	142
5.1. Саяси құндылықтар, қызығушылықтар және белсененділік ..	142
5.2. Мемлекеттік басқару және ел дамуы	162
5.3. Елдің сыртқы саясатқа қатысты бағдарлары және жастардың үстанымы	176
ҚОРЫТЫНДЫ	194



КЕСТЕ, ДИАГРАММА ЖӘНЕ ИНФОГРАФИКА ТІЗІМІ

КЕСТЕЛЕР

1. Сандық сауалнаманың іріктеме жиынтығы 1000 респондент (14 облыстар, Астана, Алматы қалаларынан)	31
2. Жынысы	33
3. Этникалық тиістілігі	33
4. Жас мөлшері	34
5. Әлеуметтік жағдай индексі.....	36
6. Ата-анаңыздың білім деңгейі қандай?	37
7. Әлеуметтік топтар	38
8. Алкоголь және темекі өнімдерін (шылым, насыбай және т.б.) тұтынасыз ба?	42
9. Сіз өзініздің сыртқы келбетінізге қаншалықты разысыз?	46
10. Қоғамдағы таптық жіктелуді сезінесіз бе? (ұлт деңгейінде)	47
11. Дәл қай салада?	48
12. Төмендегі іс-әрекет түрлерінің әрқайсысын қаншалықты жиі орындаісыз?	51
13. Өмірлік мақсаттар, жалпы деңгей	58
14. Қазіргі біліміңізді ескергенде ... деп санайсыз ба?	69
15. Соңғы оқу жылының орташа балы	70
16. Қазақстандағы білім сапасы туралы қандай ойдасты?	70
17. Егер сізде шетелде оқу (оқуышызды жалғастыру) мүмкіншілігі болса қай елді таңдар едіңіз?	72
18. Бағалар мен емтихандарды «сатып алатын» оқығалардың болатындығымен келісесіз бе?	73
19. Кіммен бірге тұрасыз? Жалғыз, ата-анаңызben, партнёрыңызben немесе достарыңызben/ туысқандарыңызben тұрасыз ба?	77
20. «Бақытты отбасы» деген тіркесті естігенде сізде қандай ассоциациялар туады?	80
21. Болашақта өзінізді қалай елестетесіз?	81

22. Сіздің ойыңызша некемен салыстырғанда жай бірге түрушылықтың басты артықшылығы неде?	84
23. Қалыңдық алып қашу тәжірибесіне қалай қарайсыз? (ұлт деңгейінде)	86
24. Неше балалы болғыңыз келеді?	91
25. Қалаулы бала саны (ұлт және тұрғылықты жер деңгейінде) ..	93
26. Біздің бүгінгі қоғамымыздағы әйелдің отбасындағы орнын қалай анықтар едіңіз?	94
27. Отбасындағы әйелдің рөлі (ұлт деңгейінде)	95
28. Қазақстандықтар ең жоғары бағалайтын қасиеттер (ұлт деңгейінде)	108
29. Қазақстандықтар ең жоғары бағалайтын қасиеттер (қала/ауыл деңгейінде)	109
30. Төмендегі тұжырымдамалармен қаншалықты дәрежеде келісесіз?.....	110
31. Респонденттердің жекелеген адамдар тобына деген сенімінің орташа балы	114
32. Халықтың жекелеген топтарымен қоңсы қонуға дайындық..	115
33. Басқа жыныстық бағдардағы адамдарға қатынасыңыз қандай?	116
34. Қоғамдағы таптық жіктелуді сезінесіз бе?	119
35. Дәл қай салада?	119
36. Төмендегі себептерге қатысты кемсітушілік сезініп көрдіңіз бе?	121
37. Дінге көзқарасыңыз қалай?	124
38. Төмендегі тұжырымдамаларға сенесіз, күмәнданасыз немесе сенбейсіз	126
39. Дін қоғамдық өмірде қандай рөл атқаруы керек?	127
40. Қандай дінді ұстанасыз?	128
41. Қандай дінді ұстанасыз? (ұлт деңгейінде)	128
42. Қазіргі таңдағы қызы пәктігі туралы қандай ойдасыз?	132
43. Жыныстық қарым-қатынаста контрацептивтерді қолданасыз ба?.....	132
44. Аборт туралы қандай ойдасыз?	133
45. Қазақстан Республикасында демократияның дамуына жалпы алғанда қаншалықты қанағаттанасыз немесе қанағаттанбайсыз?	144
46. Төмендегі ойлармен қаншалықты деңгейде келісесіз немесе келіспейсіз?.....	147



47. Сіздің саяси көзқарасыңыз ата-анаңыздың ойларымен сәйкесе ме?	150
48. Ата-анаңыз саясатқа қатысты мәселелерді қызықтай ма? ...	152
49. Сізді волонтёрлық іс-әрекеттермен айналысуға итермелейтін басты себептер қандай?	158
50. Жастар саясатқа қандай деңгейде қатыстырылады? (саяси партиялар құрамындағы жастар, жастар үйімдары және басқа да үкіметтік емес үйімдар)	160
51. Дауыс беру құқығына ие болғаннан бері неше рет сайлауға қатысқаныңыз есінізде ме?	160
52. Қазақстанның бүгінгі таңдағы экономикалық ахуалын қалай сипаттар едіңіз?	163
53. Егер мүмкіндігіңіз болса Қазақстанның дамуына қатысар ма едіңіз?	165
54. Өз еліңіздің азаматтығын ауыстырғыңыз келе мे?	167
55. Сіздің ойынызша төмендегі проблемалардың қайсылары қазақстандық қоғамға тән?	168
56. Сіздің ойынызша Қазақстан қандай бағытта дамып келеді?	170
57. Саяси оқиғалар сіз үшін қаншалықты қызықты?	177
58. Әр ел немесе үйім бойынша Қазақстан олармен жақын қарым-қатынас жасауға үмтілуға; олардан алыстауға тырысуға; ұстамды, салқын қарым-қатынасқа көшуге немесе қазіргідей қарым-қатынасты сақтауға тиіс пе дегенді айттыңыз	178
59. Қазақстан өзінің даму жолында кімді үлгі тұтқаны жән?	179
60. Еуразиялық экономикалық одақ құрамына енүі Қазақстанға қалай әсер етеді деп ойлайсыз?	182
61. Қазақстанның еуразиялық экономикалық одаққа мүшелікке ілесүіне референдумда дауыс бергіңіз келе ме?	185
62. Сіздің ойынызша Қазақстан үкіметі Еуразиялық экономикалық одақта ұлттық мұдделерді қорғауға қаншалықты дайын?	186
63. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан елдерінің басын қосқан ортаазиялық одақ құрудың қажеттілігі бар деп санайсыз ба?	187

ДИАГРАММАЛАР

1. 1. Спортпен қаншалықты жиі айналысасыз?	41
(жыныстық деңгейде)	
2. Темекі өнімдерін тұтынасыз ба	43
(шылым, насыбай және т.б.)?	
3. Алкоголь қолданасыз ба?	43
4. Қазақстандықтардың өзін-өзі анықтауы	49
(пайыздық көрсеткішпен)	
5. Тұрғылықты жері бойынша танымал іс-әрекет түрлері	52
6. Төмендегі категориялар сіз үшін маңызды ма, жоқ па?	
(жас мөлшері деңгейінде)	59
7. Жоғары білім мен некенің маңыздылығы	61
(жыныстық деңгейде)	
8. Жоғары білім алудың себептері	68
9. Таңдау құқығы болса нені таңдар едініз?	71
10. Сіздің өміріңіздегі маңызды шешімдерді кім қабылдайды?	76
11. Сіздің ойыңызша бақытты отбасы деген не?	79
12. Бірге тұрушулыққа қарағанда некенің артықшылықтары –	
болашақта өзін некеде көретіндердің пікірі бойынша	82
13. Бірге тұрушулыққа қарағанда некенің артықшылықтары – өзін	
болашақта некеде көретіндердің пікірі бойынша	
(ұлт деңгейінде)	83
14. Бірге тұрушулыққа қарағанда некенің артықшылықтары – өзін	
болашақта некеде көретіндердің пікірі бойынша	
(қала/ауыл деңгейінде)	83
15. Қалыңдық алып қашу тәжірибесіне қалай қарайсыз?	
(қала/ауыл деңгейінде)	87
16. Біздің қоғамымызда көп әйел алу дәстүрі заңдастырылуға тиіс	
деген оймен келісесіз бе, жоқ па?	88
17. Біздің қоғамымызда көп әйел алу дәстүрі заңдастырылуға тиіс	
деген оймен келісесіз бе, жоқ па?	
(респонденттердің жынысы деңгейінде)	88
18. Біздің қоғамымызда көп әйел алу дәстүрі заңдастырылуға тиіс	
деген оймен келісесіз бе, жоқ па? (ұлт деңгейінде)	89



19. Қыздар үшін отбасын құруға лайықты жас, (респонденттердің жынысына қарай)	90
20. Жігіттер үшін отбасын құруға лайықты жас, (респонденттердің жынысына қарай)	91
21. Қазақстандықтар ең жоғары бағалайтын қасиеттер	107
22. Респонденттердің жекелеген адамдар тобына деген сенімінің орташа бағасы	113
23. Басқа жыныстық бағдардағы адамдарға қатынасының қандай? (діни ұстаным деңгейінде)	117
24. Қазақстанда жүзге немесе рулық қауымға қатыстылық қаншалықты маңызды деп ойлайсыз? (бұл сұраққа қазақ ұлтының өкілдері қана жауап береді – 637 респондент).....	120
25. Төмендегі пікірлердің қайсысы сіздің жыныстық қатынастарыңызды сипаттайды?	130
26. Төмендегі пікірлердің қайсысы сіздің жыныстық қатынастарыңызды сипаттайды? (жыныс деңгейінде)	131
27. Аборт туралы қандай ойдасыз? (діни ұстаным деңгейінде)	134
28. Төмендегі тізімдегі әр топтың құқықтары қандай?	146
29. Қоғамды үйимдастырудың нормалары.....	148
30. Атауышкоқ.....	149
31. Саяси қызығушылықтар, жас мөлшеріне қатысты динамика	151
32. Саяси оқиғалар туралы ақпараттардың басты көздері қандай?	153
33. Сіз үшін саясатпен айналысудың, азаматтық бастамаларға қатысудың маңыздылығы қандай? (қала/ауыл деңгейінде)	154
34. Соңғы 12 айда волонтёрлық іс-әрекеттерге қатыстыңыз ба?	155
35. Қоғамдық-пайдалы енбекке ат салысу	156
36. Ақысыз қоғамдық енбекпен қаншалықты жиі айналысасыз?.....	156
37. Соңғы 12 айда қандай волонтёрлық іс-әрекеттермен айналыстыңыз?	157
38. Сіздің ойыңызша өз дауысыңыз төмендегі құрылымдардың жұмысына қандай деңгейде әсер етеді?	161
39. Елдің экономикалық дамуы үшін басты жауапкершілік кімнің қолында?	165
40. Өз еліңіздің азаматтығын қай елдің азаматтығына ауыстырығыңыз келеді? (бұл сұраққа азаматтығын	

ауыстырығысы келетін респонденттер ғана жауап береді – 78 респондент (7,8%)	168
41. Төменде көрсетілген үйымдарға қандай деңгейде сенім артасыз? Толық, біршама деңгейде, аздап сенесіз немесе мұлде сенбейісіз	173
42. Қазақстанның ЕАӘО ену процесіне деген қатынас	181
43. Қазақстанның ЕАӘО қатысуы ақталды ма?	181
44. Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелікке ілесу процесі төмендегі құбылыстарға қалай әсер етеді?	184

ИНФОГРАФИКА

1. Өзін-өзі анықтау	55
2. Бос уақыт	56
3. Өмірлік мақсат-мұрраттар	98
4. Білім	100
5. Шетелде оқу	101
6. Бірге тұрушулық	102
7. Көп әйел алушылық	102
8. Неке	103
9. Қалыңдық алып қашу	104
10. Әйелдің отбасындағы рөлі	105
11. Дінге көзқарас	135
12. Құдайға сенім	136
13. Конфессия	136
14. Құндылықтар	137
15. Жыныстық қатынастар	139
16. Пәктік	139
17. Контрацептивтер	140
18. Аборт	140
19. Жыныстық қатынас бағдары бойынша азшылық өкілдеріне көзқарас	141
20. Саясатқа ықпал	189
21. Сайлауға қатысу	189
22. Саясат және азаматтық бастамалар	190
23. Саясатқа қызығушылық	191
24. Сыртқы саясат	192
25. Даму үшін бағдар	193



«Орта Азия жастары. Қазақстан» – бұл бүгінгі нақты өмірдегі ортаазиялық аймақтағы жас буын мәселесін – оның өмір сүру салтын, көзқарастары мен құндылықтарын, өзін-өзі анықтау (орыс тілінде самоидентификация – ауд. ескертүі) деңгейі мен басқа адамдарға қатысты төзімділігін, көніл-күйі мен талап-талпыныстарын, сондай-ақ саясатқа және көрші елдермен жүргізіліп отырған интеграция мәселесіне деген қарым-қатынасын – сараптауға бағытталған Фридрих Эберт атындағы кордың Қазақстандағы өкілдігінің зерттеулік жобасы. Жастарға қатысты мұндай зерттеу жұмыстары басқа елдерде де жүргізіледі. Мысалы, осыған үкcas зерттеу 2013 жылы Албания, Македония, Хорватия және Косово сияқты Оңтүстік Еуропа елдерінде жүргізілген. Зерттеудің әдістемесі мен дизайны 1953 жылдан бері Германия Федеративтік Республикасында жүргізіліп келе жатқан белгілі Shell Youth Study үлгісіне негізделген.

Ф. Эберт атындағы кордың өкілдігі Қазақстанда бұл жо-

баны «Қоғамдық пікір» зерттеу институтымен бірлесіп жүзеге асырды. Зерттеу 14 пен 29 жас аралығындағы жастарға бағытталған. Бұл жұмыс жас буын өмірінің көптеген қырларын қамтиды, дін, саясат, демократия, сән, экономикалық жағдай, халықтың түрлі топтарының құқықтары секілді тақырыптарды қозғап, жастардың осы мәселелерге қарым-қатынасын саралайды. Жобаны жүзеге асыруға Алексей Юсупов, Элима Тенізбай, Евгения Плахина, Медет Сүлеймен, Ботагөз Ракиева, Айнүр Мәжитова, Евгения Руднева, Гүлден Ашкенова, Нұргүл Қайдарова, Алua Жолдыбалина, Құралай Мұхамбетова, Анастасия Шандрыга, Айжан Нұрғалиевалар ат салысты.

Қазақстан және Орта Азияның басқа да елдерінің бүгінгі жастары – бұрынғы кеңестік республикалардың әрқайсысының өміріндегі бетбұрысты шақта дүниеге келіп, өсіп-өнген балалар. Бұл буын саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістер мен технология дамуындағы жылдам серпін тудырған

әлемдік қауымдастықтың салмақты трансформациялары кезеңінде туып, ер жеткендігімен ерекшеленеді. Жоба аясында аймақтағы көршіелдер жастарының үқас және төркіндес ұстанымдарын анықтап қана қоймай, олардың көзқарастары мен

зерттелетін қоғамдардың даму үрдісіндегі айтулы айырмашылықтарды зерттеу де жоспарланды. Еңбектің ортаазиялық елдердің өзіндік даму ерекшеліктерін толығырақ түсінуге көмегі тиері сөзсіз.



KIPICPE

Кеңестік дәуірде көпшілікке мәлімбірдәстүрүstemдікұрған еді. Жастар комсомол мен пионерлердің келесі буынына арнап аңғал тілектер жазған жолдауларын жерге көметін. Ол кезде идеологиялық құндылықтардың 50 немесе 100 жылдан кейін де еш өзгермейтініне сенім зор болатын. Олар болашақ үрпағына өздеріне коммунизмді көрудің сәті түскені туралы жазған болар, бәлкім!

Ал қазіргі жастар өз немерелеріне қандай жолдау қалдыrap еді? Олардың ядролық қарусыз дүние немесе жарқын болашақ құру туралы жазары күмәнді. Жастардың не жазары олардың қандай әлеуметтік ортадан шыққанына тіkelей байланысты болуы мүмкін. Қазір көптеген адамдардың «Бізде бәрі болса және ол үшін бізден ешқандай жауапкершілік талап етілмейтін болса!» деген үстаныммен өмір

сүретіні жасырын емес. Аздаған позитивті үрдістер байқалып жүргеніне қарамастан ортаңғы таптың азаматтық белсенділігі төмен. Халықтың табысы төмен топтары өздерін «өмірдің бұл мейрамында жатадамдармыз» деп санайды, олардың бірінші және екінші топ өкілдерінде бар дүниен қалаулары әбден мүмкін. Ал егер кедейлер көп болып, сословиелік бөлу біртіндеп әлеуметтік түйіктанушылықтың бір формасына ауысып кетсе, міне, бұл ете жаман. Бұл жерде де А. Маслоудың әйгілі қажеттіліктер иерархиясын көреміз. Адамда нені оқып, кімді тыңдап, қайда баруға қатысты таңдау ғана емес, сонымен қатар бос уақыты үшін, өзі мен балаларының интеллектуалдық және мәдени дамуы үшін жұмысайтын ақшасы да болуға тиіс.

Тарихи тәжірибе бізге жоғалған үрпақтың болмайтынды-

ғын, керісінше адасқан және тиімсіз мемлекеттердің болатындығын көрсетеді. Олар «Титаник» секілді барлық жолаушыларды – жастарды да, қарттарды да – өзімен бірге тартып әкетеді. Сөйте тұра жастардың кез келген ортасында әу бастан бір мезгілде әрі жасампаз, әрі күйреткіш сипаттағы энергетика болады. Өмірде көп нәрсе қоғамның жастарға табыстап беретін саяси, экономикалық, мәдени, біліми және рухани-құндылықтың «генетикалық кодқа» байланысты деп жорамал жасауға болар еді. Бұл «код» басынан бастап ақау болса, бүкіл қоғамдық дамуда белгілі бір «мутация» орын алады. Ал ол жағдай өз кезегінде қоғамдық дамуды жиі құлдырауға әкеліп соқтырады. Сол себептен жастарға арналған кез келген ғылыми, теориялық және қолданбалы зерттеулердің маңызы зор, бірінші кеzekte жастар саясатымен айналысатын мемлекеттік қызметкерлер үшін. Өйткені бұл жерде сөз саяси жүйенің өзін-өзі сақтауы жөнінде болып отыр. Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдерінде орын алған оқиғалар тұрақ-

танған саяси жүйелерді талқандаудың қозғалтқыш күшіне айналған пост-отарлық кезеңінің «newgeneration»-і неге қабілетті екенін толық көрсетті.

Қазақстанда жастар проблемасына тек соңғы жылдарда ғана қарқынды назар аударыла бастады. Бұл жайт мүмкін «адами капиталдың» сапасы туралы, яғни, қазіргі саяси және экономикалық жүйені erte ме, кеш пе мұраға алып қалатын буын туралы сұрақтың туғанына байланысты болуы керек. Оның сыртында алаңдатарлық жайттарға экстремистік және лаңқестік іс-әрекеттерге айыпты деп сottalған жастар санының өсіп бара жатқандығы да қосылды. Сондай-ақ үрейлі құбылыстар қатарына жастар арасындағы жұмыссыздықтың кеңеюіне ықпал ететін қаржылай-экономикалық дағдарыс та өзіндік жағымсыз үлесін қосып отыр. Бұл жағдай өз кезегінде өсіп бара жатқан және үнемі реттеп отыруға келмейтін қалалық ішкі миграция процесін, ал ол процесс маргиналдық көніл-күйдің өсу қаупін тудырады.



Сонымен қатар әңгіме онжырма жылдан кейін қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларындағы басқару билігін өз қолына алуы мүмкін жандар туралы болып отыrsa да, қазіргі заманғы жастарды зерттеуге арналған сапалы жұмыстар – әсіресе, посткеңестік кеңістікте – көп емес. Ұрпақтардың табиғи күйде алмасуы саяси дамудың 30 жылдық циклін анықтайтын базалық социобиологиялық фактор болып табылады деп санаған теориялар циклін жақтаушы кіші Шлезингердің ойы дұрыс болса керек.

Осы жерде жастардың әртүрлі буындарының «Х» және «Ү» топтарына бөлінетін қызықты жіктелімі еске түсіп отыр. Олардың кейбіреулері тіпті бірбірімен қабаттасып жатады. Аталмыш зерттеу аясында басты назар дәл сол Кеңес Одағының ыдырауынан кейін туып-өсіп, екіудай жағдайда қалған буынға аударылды. Бір жағынан олардың талайына құндылықтардың бұрынғы жүйесінің күйреуіне және көптеген идеялыш вакуумдардың пайда болуына ұласқан – бұл вакуумдардың кейбірі әлі күнге дейін толған

жоқ – жаңа саяси және экономикалық жүйелер қалыптасқан ауыр кезең дәп келді. Екінші жағынан Қазақстанда үлкен буын өкілдеріне қарағанда бәрі болмаса да жастардың аздаған бөлігі өзін-өзі жүзеге асыру мен кәсіби даму жолында көп мүмкіншіліктерге ие болды. Қазір кейбір сарапшылар қалыптасуына ғаламтор мен әлеуметтік желілердің виртуалды нақтылығы үлкен әсерін тигізетін «Z» деп аталатын буынның (немесе «миллениум» буыны) пайда болғаны туралы сөз қозғай бастады.

Сол себептен Фридрих Эберт атындағы қордың «Орта Азия жастары» жобасының басты ерекшелігі оның аясында Қазақстан және Орта Азияның басқа елдері жастарының құндылыққа қатысты бағдарларын саралауға талпыныс жасалғандығында болып отыр. Сол бағдарлардың негізінде «жастардың өзін-өзі анықтауы» деп аталатын күрделі және қарама-қайшылыққа толы құрылым түзіледі. Бұл процеске әлеуметтендіру институттарының жетілгендігі мен әлеуметтік пирамиданың

ерекшеліктерінен бастап жастарды қоршаған қазіргі ақпараттық шудың қырсырына дейінгі алуан түрлі көптеген сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді.

Өзін-өзі анықтау мәселесіндегі дағдарыс транзиттік елдердің көпшілігінде бүгінгедейін өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Қазақстанда осы өзін-өзі анықтау мәселесінің негізін этникалық, азаматтық немесе діни сипаттың қайсысы құрауы керек деген дау жалғасып келеді.

Аталмыш жобаның ауқымында жүргізілген социологиялық зерттеудің кейір нәтижелері белгілі бір позитивті үрдісті көрсетеді. Мысалы, адамгершілікке қатысты құндылықтар мен өмірлік бағдарларды талқылау барысында сауалнамаға қатысқан жастардың 61,6 % дерлігі өздері үшін жеке басының абырайын сақтауды ең маңызды орынға қойды. Материалдық түрғыдан жақсы жағдай – әлеуметтік мәртебе мен ауқаттылық екінші және үшінші орынды иеленді. Ал көлеңкелі

қыр ретінде қазақстандық жастардың алtruизм мен азаматтық бастамаларға қатысуға «құндылықтар пирамидасының» орта тұсынан орын бергенін айтуға болады. Сондай-ақ жоба авторларының ойынша волонтёрлық философиясы Қазақстанда халық арасында тарап, ауқымды орын алып бара жатқанына қарамастан жастар ортасында бұл құбылыс әлі кеңінен орын ала қоймаған. Волонтёрлық ісіне соғы кезде әртүрлі әлеуметтік немесе қайырымдылық жобаларының жүзеге асуы үшін ынтымақтастықтың және төтенше жағдайлардан зардал шегушілерге көмек көрсетудің жақсы үлгісін көрсетіп жүрген желілік деп аталатын қоғамдастықтың қалыптасуы жоғары деңгейде ықпал етті. Яғни, желілік волонтёрлық «азаматтық қоғам» деп аталатын ғимаратқа кірпіш бола алады деп жорамалдауға толық негіз бар. Бұл процесс жастардың үкіметтік емес ұйымдары мен қозғалыстары қатты дамыған 90 жылдардағыдай ерте ме, кеш пе өз кеңістігіне жас буын өкілдерін көптеп тартатын болады деп сенгіміз келеді.



Егер жастардың өзін-өзі анықтауы секілді маңызды сұраққа қайта оралсақ, сауланаманың жастардың дінгеге қарым-қатынасына қатысты нәтижелері өте қызықты. Қазіргі таңда бұл сұрақ Орта Азияның көптеген елдері үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Өйткені жастар арасындағы діни ренессанс көбінесе діни білімнің төмендігінен туындал жатады. Ал бұл жағдай өз кезегінде жалған діни экстремистік идеяларды таратуға қолайлы ортаның пайда болуына жол береді. Атапмыш жобаның аясында респонденттердің үстем бөлігінің өздерін әртүрлі деңгейде діншілмін деп санайтыны анықталды. Сөйте тұра жастардың діни дүниетанымдық құрылымы өте күрделі сипатта екені байқалады. Діни көзқарастар жөніндегі ой-толғамдарындағы әк-лектикалық сипатқа қарамастан жастар жалпы алғанда діннің қоғам өміріндегі рөлін көтеруді қолдайды. Тек сонымен қатар елдегі діни білімнің де деңгейі бірге өскені қажет.

Ал зайдырлы білім мәселесіне келсек, жастардың көпшілігі үшін ілім жиудың көзі ретіндегі білім алу мәселесі өз құнын жойып, жаңа білімді алып, оны игеру арқылы кәсіби біліктілікті дамыту емес, керінше «дипломға» табыну алдыңғы орынға шығып отырғаны алаңдаушылық туғызады. XXI ғасырда кез келген мемлекеттің басекеге қабілеттілігі ең алдымен сапалы адами капиталмен байланысты, ал дамудың ең басты үлгісі ақылды экономика болатынын ескерсек, мұны қауіпті процесс ретінде танып-білуіміз қажет. Бейнелей айтсақ, ондай экономиканың мәні – «ми» «шикізаттан» гөрі қымбат бағаланатын болады. Мұны брендінің құны секілді көрнекі мысалдан көреміз. Мысалы, бірнеше жылдың алдында «BrandFinance» атты британдық консалтингтік компания «100 ұлттық брендтің рейтингісін» (BrandFinance Nation Brands 100) жасаған еді. Сонда сарапшылар «Қазақстан» брендісін 87 млрд долларға бағалаған болатын. Сол кезде «Apple» компаниясының бренді 87,3 млрд доллар тұрған (ал қазір бұл брендтің бағасы 145,3 млрд

долларды құрайды). Яғни, бір инновативтік трансүлттық компанияның брендісі бүкіл-бүтін бір мемлекеттік құллі «Менделеев кестесімен» қосқандағы брендісінен қымбат тұрған болатын.

Көптеген жастар үшін қазір ерекше ақылды болу мақтан емес болғандықтан қоғамда білімге табыну меритократияның кез келген формасын бейтараптандырып жіберетін байланысқа табынумен орын алмастырса, бұл нағыз үрей тудыратын жайт. Өйткені онда ми бағаланбайды, диплом мен туыстық байланыстар қымбат тұрады. Қазір еңбек ресурстарының сапасына қатысты үлken проблема бар екендігі ресми деңгейде мойындала бастады. Ол проблема кәсіби мамандардың – әсіресе, индустріалды-инновациялық салада –

жетіспеушілігіне әкеп соғып отыр. Кейде лайықты адами капитал даярлаудан гөрі жаңа зауыт немесе заманауи қымбат техникамен жабдықталған ғылыми орталық салу оңайырақ түсетіні анықталды. Бірақ көпшілігі ғылым жолына тек «ашық ауыздар» ғана түседі деп сенетін адамдармен инновациялық экономиканы құру мүмкін емес. Егер елде оқуға және оқытуға дайын адам аз қалса, адами капитал туралы айтудың немесе рухани-біліми дағдарыс байқалатын елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөнінде сөз қозғаудың өзі артық. Шығар жол жалғыз болуы мүмкін, ол ғылымнан бастап өнерге дейінгі барлық салада мәдени және интеллектуалдық революция жасау. Сонда елде жастарға өзін-өзі жүзеге асырудың он әрі тиімді жолын таңдауға көмектесетін жасампаз тұлғаларды бағалау қалыптаса бастайды.

*Досым Сәтпаев
Саясат ғылымдарының кандидаты (PhD)
Қайіп-қатерді бағалау тобы*



АННОТАЦИЯ

1. Салауатты өмір салты

Жастардың көпбөлгішімдіктен бас тарту (56%), шылымнан бас тарту (61,5%) және пайдалы асты қолданудың маңыздылығы түріндегі салауатты өмір салтын қолдасада, олар таңдаған өмір сұру үлгісінде денсаулықта пайдалы дүние жоқтың қасы. Мәселен, маңызды құндылықтардың және «салауатты өмір салты» деген ұғымның басты құрамадас бөліктерінің бірі болып табылатын спортпен айналысу жас қазақстандықтардың көпшілігі үшін құнделікті қажеттілік болып саналмайды екен. Респонденттердің 59,2% фитнес-клубтарға кейде немесе сирек барса, 14,1% мүлде бармайды. Оның сыртында сапалы зерттеу барысында ішімдік мен шылымның бүгінгі таңда алкоголя аз коктейльдер мен кальянға алмастырылғандығы бір рет қана айтылған жоқ.

2. Бос уақыт

Қазақстан жастарының бос уақытты өткізу формалары – көбінесе қарым-қатынас жасау мен ойын-сауықпен көніл көтеру. Ал өз бетімен білімін жетілдіру, шығармашылық және жеке басты дамытуға бағытталған өзге де іс-әрекеттер жастардың бос уақыт өткізуінде айтарлықтай маңызды орын алмайды. Бос уақытты саналы түрде менгерудің жоқтығы байқалады, сондай-ақ демалудың пассивті формалары басым түседі. Мәселен, жастар бос уақытында доностарымен қарым-қатынас жасауды (кафеде, кинода, әлеуметтік желілер арқылы), музика тыңдалап, үй шаруашылығымен айналысады және санайды. Ғаламтор фильм көру, музика жүктеп алу және қарым-қатынас жасау үшін қажет. Жаһандық желі білім мақсатында өте си-

рек қолданылады. Ғаламторды ақпарат алып, жаңалықтар оқу маңсатында негізінен жас мөлшеріне қарай жоғары топқа жататын жастар (25-29 жас аралығындағы) қолданады. Жалпы алғанда ғаламтор мен теледидарға күніне 2-3 сағат жұмсалады екен. Кітап оқу жас қазақстандықтар үшін бос уақыт өткізудің қызықты түріне жатпайды. Жастардың көп бөлігі, 78,6% кітапты сирек оқиды немесе мүлде оқымайды.

3. ЖЫНЫСТЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТАР

Жыныстық мәдениет пен қарым-қатынасқа деген пікір қазақстандық жастарда енді қалыптасып келеді. Берілген жауаптардан қарама-қайшылықты бағалаулар байқалады. Мәселен, жастардың 36% контрацептивтерді тұрақты, 30,6% кейде қолданады, бірақ көп бөлігі абортқа қарсы, оған заң бойынша тыйым салу қажет деп санайды. Жас бүйін арасында некеге дейінгі жыныстық қарым-қатынасты қалыпты жайт деп қабылдау

таралғандығы байқалады. Қыз пәктігінің некеге дейін сақталуын 43,4% қыздың абыройы деп, ал 26,4% жігіт пен қыздың екеуінің де абыройы деп санайды. Жыныстық қатынас бағдары бойынша азшылық өкілдеріне деген көзқарастың негативті екендігі байқалады, оларға жастардың тек 3,4% ғана он қабақ танытады. Жастардың жартысынан көбінің белсенді жыныстық қарым-қатынаста екендігіне, сондай-ақ әйел текті респонденттердің 25,3% мен ерекк текті респонденттердің 19,4% ондай қатынас жоқ екендігіне қарамастан жыныстық қарым-қатынас талқылауға болмайтын жабық тақырып күйінде қалып отыр. Респонденттердің жартысынан сәл азырақ бөлігі бүл тақырыпқа әңгімелескенде өздерін ыңғайсыз сезінеді.

4. АДАМГЕРШІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ӨМІРЛІК БАҒДАРЛАР

Заманауи қазақстандық жастар үшін жеке басының абыройын сақтау ең маңызды мәселе болып табылады (оны маңыздылығы жағынан бірінші



орында дейтіндер 61,6%, басты үштің бірі дейтіндер 83,2%). Сонымен қатар материалдық жақсы жағдайдың – әлеуметтік мәртебе (22,1% үшін маңыздылығы жағынан екінші орында, 37,2% үшін басты үштің бірі) мен ауқаттылықтың да (сәйкесінше 11,5% және 35,8%) орны жоғары. Маңызды құндылықтар қатарында сонымен бірге шыншылдық бар (сәйкесінше 12,1% және 33,6%). Ал адалдық маңызды құндылықтар рейтінгісінде он орынның бар болғаны жетіншісін ғана иеленді (18,5% бұл қасиетті ең басты үштің бірі деп бағалады). Сөйті тұра бұл қасиет жас қазақстандықтар үшін жауапкершілік, тәуелсіздік, жоғары білім алу мен неке сияқты құндылықтармен шамалас деңгейде маңызды. «Сіз үшін не маңызды?» деген сұраққа респонденттердің 87% берілген жауаптардан «адал болу» деген нұсқаны таңдады. Қазақстандық жастардың құндылықтар пирамидасының ортатұсында альтруизм (23% ең басты үш қасиеттің бірі ретінде көрсетті) және азаматтық бастамаларға қатысу (21,6% үшін маңызды) тұр. Саяулна-

ма нәтижелері қазақстандық көпшілік арасында волонтёрлықтың кеңінен орын ала қоймағандығын көрсетті: 1000 респонденттің 93-і соңғы 12 айда волонтёрлықпен, 127 адам қоғамдық-пайдалы ең-бекпен айналысқан. Жастар үшін маңыздылығы жағынан ең тәменгі орында саясатқа араласу мәселесі тұр (17,8% үшін маңызды).

5. Дін және діни құндылықтар

Жастардың діни дүниетанымдық құрылымы күрделі сипатта. Жастар бір жағынан, алған түрлі діни салттар мен ғұрыптарды ұстанбайтынын айтып, оларға қатысуға онша белсенділік танытпаса да, екінші жағынан дінге жалпы он баға береді. Жастардың төрттен бір бөлігінде әлі анық айқындық жок, олар дінге деген сенім мен күмәннің арасында жүр: 23,9% «жұмақ пен тозақтың бар екендігіне»; 21% «әлемді Құдай жаратты» деген ойдың дұрыстығына; 25,4% «моральдық жарлықтар мен міндеттердің көзі – Құдай» екендігіне шубә келтіреді.

Діни көзқарастырының тұрақсыздығына қарамастан жастар діннің қоғамдық өмірдегі қазіргі рөлін орта деңгейде деп санап, оны өсіру идеясын қолдайды. Жалпы алғанда, респонденттердің үстем бөлігі өздерін әртүрлі деңгейде дінге сенемін деп көрсе, тек 19,3% өздерін діншіл емес немесе атеист санайды.

6. Отбасы және неке

Саяулнама нәтижелері Қазақстандағы отбасы институтына деген сенім мен құрметтің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді. Өз отбасын құру – жас қазақстандықтар үшін бірінші орындағы маңызды мәселе (75,9%). Болашақтағы өмірін жарсылық және отбасылық міндеттерсіз тек 1,5% ғана елестете алады. Өмірлік басымдылық түрғысынан алып қарағанда некеде болу жоғары білім алу (72,9%) мен мәнсап жолын қуудан (67,2%) маңыздырақ. Жастардың көшілігі (82,5%) ресми неке құруды жөн санайды. Сонымен қатар некеге ерлі-зайыптылардың бір-бірінің (52,8%) және балаларының алдындағы (23,6%) жауап-

кершіліктің жоғарылығынан болып құрмет көрсетіледі. Ресми некені қоғамда қалыптасқан пікірлерден болып таңдауды дұрысқа балайтындардың үлесі 15,3% ғана. Егер жастар некесіз бірге тұру қажет болса, онда ба-ла болмағаны абзал деген ойда. Көптеген жастардың ойынша толыққанды отбасын құру үшін қарым-қатынастардың заңдастырылуы міндетті болып саналып келеді. Сапалы зерттеудің нәтижелері жастардың оқумен (екінші білім немесе ғылыми дәреже алу мақсатында) қатар отбасын құруға бөгет жоқ деген ойда екенін көрсетеді. Отбасын құруға лайықты орташа жас қыздар үшін 22 болса, жігіттер үшін 25 жас. Жас қазақстандықтар орташа есеппен үш балалы болғысы келетінін білдірді, қазір баласы барлар да, болашақ атааналар да үлді да, қызды да болғылары келеді. Бірақ респонденттердің үстем бөлігі – 37,1% екі балалы болғысы келетіндерін білдірсе, «үш және төрт бала» деген нұсқаларды сәйкесінше 28,1% және 19% таңдады. Балалы болғысы келмейтіндердің саны 1% аспайды.



7. Ересек буын мен отбасының рөлі

Жастардың көпшілігі өздерінің жақындарымен – ата-аналарымен (94,6%) және бар болса, бірге туған аға-бауыр, әпке-қарындастарымен (90%) – қарым-қатынастарына оң баға береді. Саяулана-ма нәтижелері жастардың өз отбасы мүшелеңдеріне өте жоғары деңгейде сенім артатындықтарын көрсетті (он балдық шкала бойынша баға беруде орташа есеп 9,59 құрады). Сонымен қатар жастардың туыс-туғандарына деген сенімі де жоғары деңгейде (8,9/10 балл). Жастар үшін маңызды болып табылатын шешімдерді қабылдауда ата-ана зор рөл атқарады, мұнда әке мен ананың рөлі шамалас: 37% және 31,3%. Сонымен қатар респонденттердің 86,7% шешім қабылдарда ата-ана тарапынан қысымшылық сезінбейтіндіктерін білдірді (54,4% ата-анасымен бірігіп, 32,3% өз бетімен шешім қабылдайды). «Маған қатысты бар шешімді ата-анам қабылдайды» дейтіндердің үлесі 10,6% құрады. Респонденттердің көпшілігі әртүрлі себептер-

ден болып ата-аналарымен – практикалық себептен (21,1%), қаржылай себептен (12,8%) және айта қоярлықтай себепсіз-ақ (30,9%) – бірге тұрады. Ата-анамен бірге тұрудың себептерінің бірі қазақ қоғамында қалыптасқан салт-дәстүрге қатысты болуы мүмкін. Сапалы зерттеуге қатысушылардың бірі былай дейді: «Бұрын қазақтардың салты бойынша кенже үл үйленгенде келінді үйге әкеледі. Кейін балалар дүниеге келеді. Мен үшін бұл қалыпты жағдай, бұл жерде ешқандай проблема көріп тұрған жоқпын». Сапалы зерттеуге қатысушылардың жауптарында сондай-ақ, әсіресе, үлкен қалалардағы басспана құнының қымбаттылығы (сатып алуға немесе жалға алу үшін) сөз болды.

8. Білім

Ілім жинау жолындағы білім мәселесі қазіргі жастар үшін маңыздылығын жойып барады. Жастардың көп бөлігі жұмысқа тұруда көбірек мүмкіншіліктер ұсынатын диплом алу мәселесін маңызды деп санайды (72,3%).

Респонденттердің 30,5% атанасының үмітін ақтау үшін білім алып жатыр. Сауданамаға қатысқандардың тек 37,5% үшін ғана интеллектуалдық қабілеттерді дамыту маңызды фактор болып табылады. Білім алу мен мамандық таңдаудың мұндай себептері, сонымен қатар қазақстандық тәжірибеде жұмысқа тұру мен мәнсап жолында өсудің «таныстар, достар» сияқты (респонденттердің өз айтулары бойынша) басқа да мүмкіншіліктердің бар екендігі жастардың білікті маман болуға талпынысына үлес қоспалды және жоғары деңгейдегі білім қажеттілігінің мәнін азайта түседі. Бұлкім сондықтан болар, жас буын оқу орнынан тысқары жердегі білімге құніне орташа есеппен 1-2 сағат бөліп, елдегі білім жүйесіне он баға беріп, оған аздаған ғана өзгертулер енгізу қажет деп санайды. Бірақ таңдау мүмкіншілігі болса, жастар шетелде оқуды дұрыс деп санаған болар еді (47,6%), респонденттердің тек 17,7% ғана Қазақстанда оқығысы келеді. Жас қазақстандықтардың барып оқығысы келетін басты бағыттары – Ресей, АҚШ, ЕО елдері және Оңтүстік Корея.

9. Сенім және барабарлық

Жастар сенім артатын басты топтарға ата-анасы, бірге туған бауырлары, ағайын-туыстары, достары мен көршілери жатады. Мұның себебі ет жақындары мен туыстары жастарға өмірде қорған болып, алуан түрлі проблемаларды шешуге көмектесетіндігінде болуы керек. Жастар көбінесе абстрактылық категориялар туралы айтатын саяси және діни лидерлерге сенімсіздік танытады. Жастардан бейдәстүр жыныстық бағыт өкілдерін жаратпаушылық, айқын аңғарылады (мәселен, 57,8% ондай жандармен көрші болуды қаламайды). Жас қазақстандықтардың ондай бейдәстүр бағытқа көптеген жағдайда әумесерлік қылық ретінде қарайтынын сапалы зерттеудің нәтижелері қайталап көрсетті. Жастар сонымен қатар дәстүрлі қоғамдық нормалардан оғаш топтарға да – араққымарларға (25,7%) және нашақорларға (17,8%) – теріс көзben қарайды. Жастар этникалық немесе діни түрғыдағы айырмашылықтардың бар екендігіне қарамастан өздерінің таныстарына жоғары деңгейдегі сенім танытады. Сөйтө бола жағдайда тұра респонденттердің



белгілі бір бөлігі (10,9% – 18,6% аралығында) кейір этникалық топтардың өкілдерімен көршілес болуға қарсы екендейтерін білдірді.

Жастар өздерін ең алдымен жастардың белгілі бір компаниясына (достық пен достарды жоғары бағалайтын адам ретінде) жатқызу арқылы, екіншіден, тәуелсіз тұлға ретінде, тек содан соң ғана отбасы және азаматтық тиістілігі арқылы танытқысы келеді. Өзін-өзі анықтаудың басқа формалары әлі қалыптаса қоймаған немесе этникалық, корпоративтік, діни, рулық секілді түрлер онша маңызды болып саналмайды. Үш жүздің қоғамдағы және респонденттің жеке басы үшін маңыздылығы туралы сұрақта қазак ұлты өкілдерінің пікірі екіге бөлінді.

10. Қазақстандық қоғамдағы әйелдің рөлі

Саяулнама нәтижелері бойынша Қазақстандағы әйелдердің құқықтары жеткілікті деңгейде (84,8%), ал әйелдің

отбасындағы рөліне қатысты пікірлер әртүрлі: әйел мен ердің құқығы тең дегендегер 36,5% болса, отбасындағы ердің салмағы басымырақ дегендегер 32,2%, респонденттердің 19% әйел тәуелсіз және дербес десе, 9,1% әйел уақыт өткен сайын отбасындағы ердің қызметін көбірек атқарып бара жатыр деген ойда. Жалпы алғанда жастар көп әйел алу мәселесін зандастыруды қолдамайды, мұнда респонденттердің ұлты, жынысы және өмір сүретін орны ешқандай рөл атқармайды. «Қалыңдық алып қашу» тәжірибесіне қатысты пікірлер тұра екіге бөлінді: Орта Азия халықтарының бірқатарында бар бүл салтқа респонденттердің – соның ішінде қазақ ұлтының өкілдерінің де – тең жартысы дерлік бейтарап не он көзқараста (48,9%). Өйткени бүл салт әдетте қалыңдық отбасының шығындарын үнемдеу мақсатында еki жастың өзара келісімімен жасалады. Респонденттердің шамамен соған таяу бөлігі бүл салтты әртүрлі себептерден дұрыс емес деп санайды (44,8%).

11. Азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету

Зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің 77,7% елдегі демократияның даму деңгейіне қанағаттанады. Олар Қазақстанда әйелдердің (84,8%), этникалық диаспоралардың (71,5%) және дінге сенетін адамдардың құқықтары (69,3%) жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген деп санайды. Кедейлер мен мүгедек жандардың құқығы басқаларға қарағанда азырақ, әйтсе де айтуға түрарлық деңгейде қамтамасыз етілген, әрқайсысы сәйкесінше 55,6% және 59%. Жастар өздерінің қандай да бір әлеуметтік топқа жататындығына қатысты кемсітушілікті өте сирек сезінеді, көбінесе мұлде бастаң кешірмейді деуге болады. Соның ішінде кемсітушіліктің төмендегідей себептері жиірек атап көрсетілді: экономикалық жағдай, білім деңгейі, шыққан жері (ауыл/қала), жасы, бұлардан соң этникалық тегі, діни ұстанымы, тілі мен жынысы. Респонденттердің үштен бір бөлігі көбінесе қоғамдық

орындарда, білім және сауда саласында таптық бөлуді бастарынан кешіретіндерін айтты. Кемсітушіліктің ішінде діни ұстаным мен жыныстық бағытқа қатысты себептер ең аз орын алады («жі»-ден «сирек»-ке дейінгі жауптар сомасы сәйкесінше 17,4% және 12,1%).

12. Ел дамуын бағалау

Қазақстандағы экономикалық жағдайдың деңгейін «жақсы» деп бағалаған респонденттер үлесі 76,4%, «өте жақсы» деп бағалағандар – 8%. 55,8% жағдай әлі жақсарады, 36,4% қазіргі жағдай сақталады деген ойда болса, бар болғаны 3,1% қазіргіден нашарлайды деп күтеді. Жастардың ойынша Қазақстандағы ең өзекті проблемалар қатарында жұмыссыздық, өсіп барада жатқан кедейшілік пен экологиялық проблемаларды атауға болады. Қазіргі таңда жемқорлық, жұмыссыздық және кедейшілік мәселелері тым маңызды болып отыр. Ал екінші орындағы өзекті мәселелер қатарында заң бұзушылық, АИВ / ЖИТС тара-



лу қаупі, жұмыс орнында өмір мен денсаулық қауіпсіздігінің сақталмауы, лаңкестік шабуылдар, есірткі түрлері мен көше қылмысының қаупі аталауды. Елдің қол жеткізген табыстары мен жетістіктерін жастар Елбасымен (56,2%) және үкіметпен (25,9%) байланыстырады. Жастардың Елбасына артар сенімі жоғары деңгейде (95,8%), соның ішінде 64,6% толық сенеді.

13. Миграциялық көңіл-күй

Жастардың 87,5% өз болашағын Қазақстанмен байланыстырады. Ресей, ЕО елдері, АҚШ, Канада, ҚХР сияқты елдерге қоныс аударуды жоспарлаушылардың үлесі 10,6%. Елден қоныс аударғысы келетіндердің үштен бірі алдағы 10 жыл ішінде қайтып оралуды ойлайды. Сөйтіп басқа елдерге қоныс аударуды жоспарлаушылардың үлесі 7,8%: азаматтығын өзгерктісі келетін 78 адамның 60-ы Ресей Федерациясының азаматтығын алғысы келеді. Ондай елдердің қатарында сондай-ақ АҚШ (4), Германия (5), Франция (2), Италия және

Австралия (әрқайсысы 1 адамнан) аталды.

14. Геосаяси артықшылықтар

Қазақстанның қатысуы бойынша жасалған басты интеграциялық жобаға – Еуразиялық экономикалық одаққа – жалпы алғанда оң баға берілді (90,9%). Респонденттердің жартысынан көбі ЕАӘО үлттық құндылықтар мен барабарлыққа (орыс тілінде идентичность – ауд. ескертү), технологиялық дамуға, адам құқықтарына, тұрақтылыққа, ішкі саясатқа, шетелдік тікелей инвестиция мен экономикалық дамуға оң әсер етеді деп санайды. Жастардың көпшілігі Қазақстан үкіметі атальыш Одақта үлттық мұдделердің сақталуын қамтамасыз ете алады деп сенеді. Зерттеу жұмысының алынған нәтижелері бойынша жас қазақстандықтар ынтымақтастықтың онды бағыттары ретінде Ресей, ЕО, Қырғызстан, Қытай мен Өзбекстанды атаса, Америка Құрама Штаттарымен, НАТО, Иран және Ауғанстанмен

ұстамды әрі салқынқанды қарым-қатынас жасау қажет деп санайды. Ал өз даму жолында Қазақстан Ресей, ЕО, Қытай, АҚШ және Түркия мемлектерінен үлгі алғаны жөн. Саясат пен әлемде орын алып жатқан оқиғалар жөнінде ақпарат алуудың көзі телевизия

(60,5%), ғаламтор (89,2%), отбасылық пікіралыстар (33,1%), ағайын-туған мен достармен әңгіме-дүкен (16%) және әлеуметтік желілер (10%) болып табылады.



1-ТАРАУ. ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Елдегі жас буынның қалыптасып, өсіп-өніп, дамып жатқан ортасы ересек буын үшін көбінесе «елеусіз түрде әрі көзге түспей» қала береді. Бұл «көзге түспейтін нақтылық» немесе құнделікті елеусіз істердің жастар үшін маңызды өмірлік кеңістік болып табылатындығына қарамастан. Сондықтан жастардың барабарлығының қалыптасуы үшін маңызды элемент болып саналатын бос уақыт өткізу практикасымен қатар кейде олар үшін ешқандай рөл атқармайтындей болып көрінетін кәсіптік бағдар да жас адамның тұлғалық қалыптасуына әсер етеді. Сол себептен авторлар зерттеуді жүргізген кезде жастар туралы толық мәлімет алу мақсатында олардың қызығушылықтарын жан-жақты ескеруге тырысты.

Мұнда Германияда 3-4 жылда бір тұрақты жүргізіліп тұратын Shell Youth Study та-

нымал зерттеуінің әдістемесіне үқсас зерттеулік әдіснама қолданылды. Бұл социологиялық зерттеуді алғаш 1953 жылы энергетикалық концерн Shell (Шелл) бастама етіп көтерген еді. Бұгінгі таңда Shell Youth Study аясында жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері Германиядағы әртүрлі ғылыми бағыттағы жастар зерттеулерін дамыту үшін де, алуан түрлі қоғамдық және мемлекеттік институттар жастарға қатысты үйымдастыратын практикалық жұмыстар үшін де салмақты негізге айналған.

Қазақстанда социологиялық зерттеу жүргізу үшін Эберт атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігі 2014 жылы жергілікті зерттеу компаниялары үшін бәйге жариялаған еді. Келіп түсken өтініштермен танысып болған соң таңдау Ботагөз Ракишева басқаратын «Қоғамдық пікір»

социологиялық компаниясына түсті. Аталмыш жобаның ғылыми жетекші – доктор Клаус Хуррельманн (Prof. Dr. Klaus Hurrelmann). Профессор жобаның жұмыс тобына зерттеудің әдіснамасына, анкеталық саулнама мен фокус-топтарды үйімдастыруға қатысты барлық сұрақтар бойынша ақыл-кеңес беріп отырды. Анкеталық саулнама, фокус-топтар және терең сұқбаттардың барлығын кәсіби әлеуметтанушылар мен социология магистрлері жүргізді. Саулнама Қазақстанда 2014 жылдың 27 желтоқсанынан бастап 2015 жылдың 15 қаңтарына дейін жүргізілді.

1.1. Зерттеу мәселелері

Зерттеудің басты назары Қазақстанның жастар әлеміне, сол әлемнің алуан түрлі қырларына, жастардың алға қойған мақсаттары мен міндеттерін шешу барысында қолданатын стратегияларына бағытталды. Зерттеу төмендегідей басты сұрақтарға жауап алууды көзdedі: жас буынға қандай сұрақтар мен проблемалар тап болады?

Жастар оларға қалай қарайды, қалай жауап береді?

Сұрақтардың келесі тобы жастардың елде орын алып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, діни және басқа да процестерді қалай қабылдайтынына қатысты болды. Сондықтан зерттеу мынадай сұрақтарға да дең қойды: жастар ортасында қоршаған әлемге қатысты қандай құндылықтар, стереотиптер мен мифологемалар таралған? Жастар өз өмірінде өтіп жатқан оқиғаларды қалай түсіндіреді? Әлеуметтік және саяси кеңістіктерде өзін-өзі анықтау үшін қандай тәсілдер қолданады? Өз өміріндегі және жалпы қоғамдағы оқиғаларға қалай баға береді?

Үшінші топ жастардың үмітіне жауап беретін сұрақтарды қамтиды: жастардың қандай үміттері бар? Олар қоғамның, отбасының дамуындағы өз рөліне қандай баға береді және өздеріне қандай мән үстейді? Болашақта қандай әлеуметтік рөлді атқарғысы келеді? Өз болашағын ел болашағымен байланыстыра ма?



1.2. Зерттеу әдістері

Зерттеудің алға қойған мақсатына жету үшін сандық (жастарды жеке сұқбат алу жолымен сауалнамаға қатыстыру) және сапалық зерттеу (фокус-топтар, терең сұқбат) әдістері қолданылды.

Зерттеудің сапалық әдістері Shell Youth Study зерттеуінен икемдеп алынған анкетамен тест жүргізу үшін және де бір жағынан зерттеу жұмысы үшін қызықты болып табылатын, екінші жағынан тек Қазақстан жастарына тән жаңа тақырыптарды немесе жаңа қырларды анықтау үшін қолданылғанын ерекше айтып өткен жөн.

Сандық сауалнама

Әлеуметтік сауалнама арнайы іріктеліп алынған 14-29 жас аралығындағы 1000 респонденттің қатысуымен

Қазақстанның 14 облысында және Астана мен Алматы қалаларында өтті. Сауалнама қалалық және ауылдық тұрғындарды қамтып, олардың тұрғылықты жері бойынша сұқбат алу әдісімен жүргізілді; респонденттер Қазақстан азаматтараты және сауалнама олардың жынысы, 14-29 аралығындағы жасы, белгілі бір үлтқа қатыстырылығы, білім деңгейі және тұрғылықты жері секілді баптар бойынша орын алды. Респонденттерді іріктеу кездейсоқ маршруттық әдістеме мен үlestік сұрыптау арқылы жүзеге асырылды.

Іріктемелі жиынтық нақты сипатта, яғни, респонденттердің құрамы белгіленген параметрлер бойынша социологиялық зерттеуді өткізген сәттегі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне қарасты статистика комитетінің жалпы өзекті деректерінің тиісті өлшемдеріне сай келеді.

Кесте №1

**Сандық сауалнаманың іріктеме жиынтығы 1000 респондент
(14 облыстан, Астана, Алматы қалаларынан)**

№	Облыс	Іріктеме жиынтық			Бас жиынтық		
		1000 респон- денттің іріктелуі	Қала	Ауыл	* 14-29 жас аралығын- дағы тұрғындар саны	Қала	Ауыл
Оңтүстік							
1.	Алматы	114	25	89	529 942	116938	413004
2.	Жамбыл	62	24	38	286 947	110824	176123
3.	Қызылорда	44	18	26	204 666	84440	120226
4.	ОҚО	166	64	102	773 425	300143	473282
Солтүстік							
5.	Павлодар	40	28	12	188 063	129610	58453
6.	Қостанай	49	25	24	229 540	118171	111369
7.	СҚО	29	13	16	133 937	57945	75992
Батыс							
8.	БҚО	36	18	18	167 490	81787	85703
9.	Атырау	34	16	18	157 638	74234	83404
10.	Манғыстау	35	17	18	165 296	80603	84693
11.	Ақтөбе	51	32	19	237 954	149122	88832
Шығыс							
12.	ШҚО	75	46	29	349 117	214947	134170
Орталық							
13.	Ақмола	40	19	21	184 506	85535	98971
14.	Қарағанды	76	59	17	352 920	274694	78226
15.	Астана	52	52	0	243 495	243495	
16.	Алматы	97	97	0	451 530	451530	
Барлығы		1000	553	447	4 656 466	2574018	2082448



Зерттеу анкетасы Ф. Эберт атындағы қордың белгілі Shell Youth Study зерттеуінің үлгісімен шығыс европалық ахуалға бейімдей дайындалап, Шығыс Еуропа елдерінде өткізген жастарға қатысты зерттеулерінен алынды. Анкета мәдени ерекшеліктер мен белгілі бір терминдерді және бұл елдердің қолданысында жоқ ұғымдарды ескеру арқылы Орта Азия елдері, соның ішінде Қазақстан үшін икемделіп дайындалды.

Сандық сауалнамаға арналған анкета сегіз түрлі тақырыптық топтамаға бөлінген сұрақтарды қамтыды:

- бос уақыт және өмір салты
- сенім және барабарлық мәселесі
- отбасы және достар
- қызығушылықтар және талап-талпыныстар
- білім және жұмыс-шаруа мәселесі
- демократия және саясат
- мемлекеттік басқару және елдің дамуы
- ұлт және әлем.

Сұрақтар тізімінде сонымен қатар респонденттер туралы әлеуметтік-демографиялық мәліметтер тобы да болды.

Сапалық сауалнама

Фокус-топтар

Жалпы іріктеме: Астана қаласында 4 фокус-топ жүргізілді. Оған 14-29 жас аралығындағы жастар қатысты. Фокус-топтар аудио- және видео-тасымалдаушыларға жазылып алынды. Фокус-топтардың аудио-жазбаларына деректерді өндөйтін маマンдар талдау жасады. Сонымен қатар фокус-топтарға қатысушылар мен олардың айналысатын іс-әрекеттері туралы толық мәлімет жиналып алынды.

Терең сұқбаттар

Жалпы іріктеме: Астана қаласында сондай-ақ 5 терең сұқбат өткізілді. Терең сұқбатқа да 14-29 жас аралығындағы жастар қатысты. Терең сұқбаттар топтамасы аудиотасымалдаушыға жазылып алынды. Аудио-жазбаларға

деректерді өндейтін мамандар талдау жасады. Өткізілген сұқбаттардың нәтижелері бойынша есеп беру үшін оларға қатысуышылар мен олардың айналысатын іс-әрекеттері туралы толық мәлімет жиналадып алынды.

Оның сыртында фокус-топтар мен терең сұқбаттарда тақырыптық салалар, белгілі бір анықтамалар мен терминдер қолданысына да тест жасалынды. Алынған нәтижелер тілдік түрғыдан

өндөліп, мазмұндық түрғыдан толықтырылды. Жастардың пікірлері сонымен қатар сапалық зерттеу нәтижелері үшін көрнекі мысалдар түрінде де қолданылады.

Іріктеме сипаттамасы

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық құрамы жастардың жалпы құрылымына сай келеді – зерттеуге 49,9% жігіттер мен 50,1% қыздар қатысты.

Кесте №2 ЖЫНЫСЫ

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
ер	499	49,9
әйел	501	50,1

Саяулнамаға қатысқан жастардың 63,7% қазақ ұлтының, 30,8% орыс ұлтының

өкіліміз деп жауап берді, басқа этникалық топтардың өкілдері барлығы 5,5% құрады.

Кесте №3 ЭТНИКАЛЫҚ ТИІСТІЛІГІ

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Қазақ	637	63,7
Орыс	308	30,8
Татар	20	2,0
Өзбек	9	0,9
Ұйғыр	6	0,6



Неміс	3	0,3
Башқұрт	3	0,3
Түрік	2	0,2
Әзірбайжан	2	0,2
Беларус	2	0,2
Армян	2	0,2
Украин	2	0,2
Корей	2	0,2
Күрд	1	0,1
Шешен	1	0,1
Барлығы	1000	100,0

Респонденттер жасы бойынша біршама үқсас мөлшерде бөлінді: жас шамасының әр категориясының өкілдері 5% және одан көп пайызды құрады. Шартты түрдегі

сауалнамаға қатысқандардың құрылымы мынадай болды: 14-19 жас аралығы – 35,4%, 20-24 жас аралығы – 31,6% және 25-29 жас аралығы – 33%.

Кесте №4

ЖАС МӨЛШЕРІ

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
14 жас	53	5,3
15 жас	61	6,1
16 жас	56	5,6
17 жас	74	7,4
18 жас	61	6,1
19 жас	49	4,9
20 жас	68	6,8
21 жас	81	8,1
22 жас	54	5,4
23 жас	56	5,6
24 жас	57	5,7
25 жас	80	8,0
26 жас	51	5,1

27 жас	56	5,6
28 жас	58	5,8
29 жас	85	8,5
Барлығы	1000	100,0

Нәтижелерді талдау және түсіндіру

Іріктеме барысындағы сандық сауалнама халықтың тиісті тобының, яғни қазақстандық жастардың жалпы пікірін сипаттайтын статистикалық тұрғыдан маңызды нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі. Деректер SPSS бағдарламасында өндөлді.

Есептемеде сонымен қатар сараланып отырған тақырыптар бойынша жастардың, фокустоптарға қатысушылардың пікірлерінен, терең сұқбаттар барысында алынған жауаптардан келтірілген үзінділер де көрсетілген. Ондай дәйексөздер курсив жазумен берілді. Құпиялылықты сақтау үшін фокус-топтар мен сұқбаттарға қатысушылардың аты-жөндері ашық көрсетілмеди. Жекелеген жас адамдардың дәйексөздері зерттеліп отырған күллі әлеуметтік топтың – 14-29 жас

аралығындағы қазақстандық жастардың – жалпы пікір емес екендігі – назарда болатын жайт.

Атальмыш зерттеу жұмысының сапалы бағыты барысында алынған жастардың жекелеген өкілдерінің пікірлері қосымша рөл атқарып, жалпы көпшілікке бағытталған жаппай сауалнама нәтижелерін көрсетіп, дәлелдеу үшін қолданылды. Сонымен қатар сұқбаттар жастардың өздері үшін маңызды болып табылатын және олар құндылықтар деп санайтын барлық дүниенің күнделікті қарапайым мәнмағынасын қайтадан жаңғыруға мүмкіндік береді. Соңдықтан жастардың мінез-құлыштарының шынайы себептерін үғы үшін олардың түрлі іс-әрекеттеріне берген өз түсініктемелеріне құлақ асу өте маңызды.



Әлеуметтік жағдай Индексі

Саялнамаға қатысқан жастардың әлеуметтік шығу тегі Индекстің көмегімен анықталды. Неміс зерттеу жұмысына үқсас мұнда да жастардың материалдық жағдайы мен білімі ескеріледі. Материалдық жағдайды анықтау өзіндік бағалауға (Сіз өзініздің материалдық жағдайыңызды қалай суреттер едіңіз?) және белгілі бір материалдық игіліктерді нақты өмірде айқындауға негізделді. Сөйтіп бұл тікелей айналасының бағасы ретінде

де, материалдық жағдайдың объективті есебі ретінде де жүргізуге мүмкіншілік береді. Экономикалық түрғыдан нашар дамыған аймақтарда бүгінге дейін аздаған материалдық игіліктерге ие жан дәулетті адам болып саналатындықтан, мүлік мәселесіне қатысты қала мен ауылдық жер арасында үлкен айырмашылық бар. Сол себептен түзету қажеттілігі туды. Материалдық ауқаттылық тізіміндегі әрбір элемент (кесте 5) бір балмен берілген, одан соң барлық балдар қосылды. Индекс үшін төмендегі топтар дайындалды:

Кесте №5

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ ИНДЕКСІ

Балдар	Индекс мәні
22-16 = 6	6
18-12 = 4	4
12 – 6 = 2	2
0 – 6 = 0	0

Жасөспірімдердің білімділік деңгейін саралау үшін олардың әкелерінің білім деңгейі негізге алынды. Саялнама кезінде респонденттердің барлығында бірдей мектеп бітіргені тұралы қүеліктері болмағандықтан ата-аналарының білім деңгейін қарастыру қажеттілігі

туындағы. Неміс зерттеу жұмысына қарағанда мұнда білімге сәл азырақ назар аударылады. Неміс Индексінде материалдық жағдайға қарағанда білімнің мәні жоғарырақ, ал қазақстандық зерттеуде білім мен материалдық

жағдайдың мәндері тен. Германияда ата-ананың білім деңгейі әлеуметтік жағдай үшін маңызды көрсеткіш болып табылса, посткеңестік мемлекеттерде әлеуметтік құйзелістердің салдарынан ата-ананың білім деңгейінің мәні қатты төмендей кетті. Кеңес дәүіріндегі білім үшін берілген көптеген дипломдар КСРО ыдыраған соң қоғам талабына сай келмей қалды. Ал бұл жағдай елдердің әлеуметтік стратификациясының өзгеріске ұшырауына әкеліп соқты. Сондықтан неміс үлгімен салыстырғанда қазақстандық жас буын үшін әкесінің білім деңгейінің мәні онша маңызды емес. Бірақ біз сонда да адамның жоғары білімі оның қоғамдағы әлеуметтік орнына жағымды әсер етеді деген ой-дамыз.

Респонденттердің шетелде қаншалықты жи болатындығы туралы сұрақ соңғы өлшем ретінде алынды. Өйткені демалысты шетелде өткізу – материалдық ауқаттылықтың деңгейін көрсететін айтулы көрсеткіш. Оның сыртында жастар ел шекарасынан тысқа шығып тұруды қоғамдағы әлеуметтік жағдайға жағымды әсер ететін үлкен артықшылық ретінде санайды. Шетелде болудың мәртебесінің жоғарылығы сондай, ол әлеуметтік деңгейдің жақсы көрсеткіші болып табылады.

Индекс кестеде қамтылған қосымша сұрақтардан, көрсетілген сандық мәндерден құрылды. Ол 0-16 аралығындағы мәндерге ие.

Кесте №6

Ата-ананыздың білім деңгейі қандай?

Әкеңжәндің білімі

		%	Индекс мәні
1.	Бастауыш / Әкем жоқ	3,7	0
2.	Толық емес орта / Орта	31,4	1
3.	Кәсіби-техникалық	36,9	2
4.	Толық емес жоғары	4,6	3
5.	Жоғары	23,4	4



Өзініздің қазіргі қаржылай жағдайыңызды қалай сипаттар едіңіз?

		%	Индекс мәні
1.	Өте жаман	2,8	0
2.	Жаман	11,4	1
3.	Жақсы	78,9	2
4.	Өте жақсы	6,9	3

Шетелде қанша рет болдыңыз?

(туризм, оқу, тағылымдашылар, ағайын-түйсек сапар)

		%	Индекс мәні
1.	Ешқашан	74,5	0
2.	1 рет	11,4	3
3.	1-3 рет	9,4	2
4.	3-тен көп	4,7	1

Төмендегі әлеуметтік топтарға бөлу осы Индекстің негізінде жасалды.

Кесте №7

	Әлеуметтік топтар	Индекс мәні	%
1.	Кедей әлеуметтік топ	0-3	2,9
2.	Төменгі орта тап	4-6	31
3.	Орта тап	7-10	56,3
4.	Жоғары орта тап	11-13	8,6
5.	Дегдар топ	14-16	1,2

Сөз соңында трансформациялық мемлекеттерде жастардың әлеуметтік түрғыдан жіктелуіне баға берудің күрделі екенін тағы бір рет айта кеткен жөн. Себебі көптеген мәліметтер (мысалы, кіріс үлесі мен білім деңгейінің маңыздылығы әлеуметтік түрғыдан өсу үшін қажетті шарттар екені) ашық неме-

се қолжетерлік түрде болмайды, соның салдарынан Индекс әлеуметтік топтардың түсініктемесі күйінде ғана қалады. Аталмыш зерттеудін аясында ол тек әлеуметтік түрғыдан алғанда жақсырақ және төменірек орын төпкен адамдар арасындағы түрлі мінез-құлышты қарастыру үшін ғана қызмет етеді.

2-ТАРАУ. ЖАСТАРДЫҢ ӨМІР САЛТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫФЫ

Бүгінгі жас буын елдің тәуелсіздігі кезінде әрі экономикалық және саяси тұрақтылық кезеңде өсіп-өнді. Дегенмен қыздар мен жігіттер қазір өзгерістер заманында – кейбір сарапшылардың сипаттауы бойынша «белгісіздіктен белгілілікке және керісінше жүрер қозғалыс дәүірінде» – өмір сүріп жатыр. Сол себептен «Әлеуметтік, саяси, экономикалық салалардағы өзгерістер жастардың өмір сүру салтында қалай көрініс табады?» деген сұрақтың маңызы зор.

Қазіргі шақ адамның өзін-өзі дамытуы үшін көптеген мүмкіншіліктер ұсынатаңдықтан жастар бір жағынан ата-анасының өмір сүру салтын қайталай алмайды. Бірақ екінші жағынан өз өмірін құру жолында орнықты үлгілердің

жоқтығы олардың әлеуметтену процесін күрделендіре түседі. Оның сыртында зерттеу көрсетіп отырғандай, жастарға қоршаған әлемге, соның ішінде өмірлік жетістіктердің көрсеткіштеріне қатарынан – кейде тіпті бір-біріне өзара қарама-қайшы келетін – бірнеше бағалау жүйесі тән. Мәселен, жастардың өмірдегі табыс, қол жеткізген жетістік мәселесіне қатысты ойларында қарама-қайшылықтар көзігеді.

Әйтсе де ата-ана тәрбиесінен қонған қағидалар мен жастардың алға қойған мақсаттарына жету жолындағы белгілі бір әдістердің қалыптасуына ықпал ететін жаңа әлеуметтік-экономикалық тәртіп ұсынатын жаңа қағидалардың үйлесімділігі байқалса да, жастардың өмірлік жоспары жеткілікті



дәрежеде икемді көрінеді. Олардың түсіндірulerі бойынша бұл мәселе түбекейлі өзгерістерге дайын болу қажеттілігімен байланысты; соған сай болашақ – олар үшін осы шақтың жалғасы.

2.1. Салауатты өмір салты

Ресми пікірсайыстар мен Қазақстанда қалыптасқан жалпы пікір бойынша құндылығында шубә жоқ салауатты өмір салты әр адам үмтүлуға тиісті өмір сүрудің кемел түрі болып саналады. Бірақ әдетте кемел үфімдар нақты өмірде әрқашан жүзеге асып, көрініс таба бермейді. Аталмыш зерттеуде салауатты өмір салтын жас буын өкілдерінің оның төрт түрлі құрамдас бөлігіне – пайдалы ас, спортпен айналысу, алкоголь және темекі өнімдерін қолдануға – деген қатынастары арқылы қарастырамыз.

Жастардың ойынша «салауатты өмір салтын үстану» дегеніміз спорттың қандай да бір түрімен айналысып, шылым шегу және ішімдік қолдану сияқты зиянды әдеттерден бас тарту. Бірақ бұл ой жастардың нақты өмір сүру салты-

мен онша үйлесе бермейді. Жүргізілген зерттеудің қорытындысы бойынша мынадай көрсеткіштер анықталды: сауалнамаға қатысқан жас қазақстандықтардың 26% спортпен айналысуды, 79% пайдалы ас ішуді маңызды деп, 56,3% алкоголь тұтынуды зиянды деп санайды, ал 61,5% темекі өнімдерін қолданбайды. Спортпен тұрақты айналысып, әртүрлі фитнес-клубтарға үнемі барып тұратын жастардың саны (26%) темекі өнімдерін (23,9%) және алкогольді ішімдіктер қолданатын (43,5%) жастардың санынан аз. Енді жоғарыда аталған төрт құрамдас бөлікке жекелеп тоқтала кетелік.


Бірінші бап – спортпен айналысу жоғарыда айтылғандай жастар тарапынан онша үлкен қызығушылық тудыра қоймайды. Гендерлік түрғыдан алып қарағанда спортқа қызығушылық әйелдерге қарағанда ерлерде басымырақ. Тәмендегі диаграмма көрсетіп түрғандай спортпен қыздарға қарағанда (19,6%) үлдар көбірек айналысады (32,7%). Мұнда жас деңгейінде елдік көрсеткіштерден көп алшақтық байқалмайды. Жас мөлшері бойынша барлық топтар-

да спортпен жиі айналысатын жастардың үлесі 22% – 31,5% аралығында: 14-18 – 31,5%; 19-24 – 25,2%; 25 және одан жоғары жастағыларда – 22%. Этникалық топтардың ішінде

спортпен айналысу басқа топтардағы замандастармен, мысалы орыстармен (19,2%) салыстырғанда қазақтар (30,3%) үшін өте маңызды болып табылады.

Диаграмма №1

СПОРТПЕН ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ АЙНАЛЫСАСЫЗ? (жыныстық деңгейде)



Ал облыстық деңгейде алып қарағанда спортпен Атырау (73,5%) және Павлодар (70%) облыстарының жастары жиі, Алматы (67,5%) және Солтүстік Қазақстан (44,8%) облыстары сирек айналысады. Саялнама сонымен қатар басқа облыстармен салыстырғанда Шығыс Қазақстан (34,7%) және Қостанай (28,6%) облыстарында спортпен ешқашан айналыспаған жастардың үлесі көбірек екенін көрсетті. Облыстық деңгейде мұндай көрсеткіштер туындауының себебін түсіндіру күрделі екенін айта кету керек.

Спортпен өзінің қаржылай жағдайын «өте жақсы» деп бағалаған жастар көбірек айналысады, олардың үлесі 42% болса, басқа топтардағы спортпен жиі айналысатын жастардың саны респонденттердің 20,2% – 25,2% құрайды. Бұл де-ректерге қарап спорт қазақстандықтардың жас буыны үшін салауатты өмір салттының маңызды бөлігі болып табылмайды деп пайымдауға болады.



Кесте №8

АЛКОГОЛЬ ЖӘНЕ ТЕМЕКІ ӨНІМДЕРІН

(ШЫЛЫМ, НАСЫБАЙ ЖӘНЕ Т.Б.) ТҮТҮННАСЫЗ БА?

АЛКОГОЛЬ:

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Иә, тұрақты (күн сайын)	12	1,2
Иә, аптасына бірнеше рет	28	2,8
Демалыс күндері ғана	77	7,7
Сирек	318	31,8
Жоқ, ешқашан	560	56,0
Жауап жоқ / Жауаптан бас тарту	5	0,5
Барлығы	1000	100,0

ТЕМЕКІ ӨНІМДЕРІ:

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Иә, тұрақты (күн сайын)	129	12,9
Кейде	110	11,0
Жоқ (Шылым шекпеймін)	615	61,5
Жоқ (Насыбай атпаймын)	130	13,0
Жауап жоқ / Жауаптан бас тарту	16	1,6
Барлығы	1000	100,0

Алкоголь және темекі өнімдеріне деген қатынас салауатты өмір салты туралы ұғымның келесі құрамдас бөліктері болып табылады. Респонденттердің 56,3% алкоголь түтүнуды зиянды деп біледі, 56% оны түтүнбайды; ал 61,5% темекі өнімдерін қолданбайды. Респонденттердің жауаптарында қаржылай жағдайға қатысты айтулы айырмашылықтар байқалған жоқ, барлық топтарда жастардың көпшілігі


елдік деңгейде белгіленген көзқарастарды ұстанады. Сонымен қатар сауалнама жастардың алкоголь және темекі өнімдерін түтүнүға деген қатынастары жас мөлшеріне қарай өзгере түсетіндігін көрсетті. Мәселен, 14-18 жас аралығындағылардың 75,6% алкоголь түтүнуды зиянды деп тапса, 19-24 жас аралығындағылардың тобында бұл сан 53,8% дейін азайды, ал жас мөлшеріне қарағандағы ең жоғары топта, яғни 25-29

жас аралығындағылардың тобында бұл ойды бар болғаны респонденттердің 43,7% қолдайды. Темекі өнімдеріне деген қатынас бойынша да

мәселе осыған үқсас: 14-18 жас аралығындағы топта жастардың 9,2%, 19-24 – 26% және 25-29 – 34,9% шылым шегеді.

Диаграмма №2

ТЕМЕКІ ӨНІМДЕРІН ТҮТҮННАСЫЗ БА (ШЫЛЫМ, НАСЫБАЙ ЖӘНЕ Т.Б.)?



Шылым шегетін қыздардың саны жігіттерге қарағанда азырақ; жігіттердің тұрақты шегетіндері – 20,4%, кейде шегетіндері – 17% болса, тұрақты шегетін қыздар респонденттердің 5,4%, кейде шегетіндері 5% құрайды. Алкоголь тұтынуда да жайт осыған үқсас, бірақ ол қыздардың арасында темекі тартумен салыстырғанда көбірек

Диаграмма №3

АЛКОГОЛЬ ҚОЛДАНАСЫЗ БА?

таралған. Жігіттер арасында жалпы алғанда 49,7%, қыздар арасында 38,3% спиртті ішімдіктерді қолданады.

Бірақ фокус-топтық пікір-сайыстарға қатысушылардың сөздеріне қарағанда темекі өнімдері мен ішімдік тұтынудан бас тарту салауатты өмір салтын ұстанудың белгісі бол-



ла алмайды деп санауға болады, өйткені жастар оларды басқа дүниелерге алмастырады. Мәселен, жастар өз замандастарының темекі өнімдерін тұтынуды кальянға, спиртті ішімдіктерге (арақ, коньяқ және т.б.) немесе алкогольді коктейльдерге алмастыратынын жеткізді.

«Мениң таныстарым шылым шекпейді. Бірақ қазір кальян тарту сән болып табылады. Кальян сүттен және судан өтеді, ағзаны тазалайды және одан ләzzат аласын.»
(19 жасар студент қызы)

«Мен 2 айдың алдында темекі тартып, ішімдік ішетін әдетімді тастандым. Алкогольге деген көзқарасым он. Ерекше жақсы көремдеуге келмейді, дегенмен оны мысалы, темекідей үлкен күнә деп санамаймын.»
(26 жасар жұмыс істейтін жігіт)

«Қазір темекі тарту мода емес деп жүр. Бірақ айланып келіп, бәрібір темекі тарту сәнді болып шықты. Бұл салауатты өмір салты – 90-жылдардың сәнді үлгісі.»
(26 жасар жұмыс істейтін жігіт)

Салауатты өмір салтының құрамдас бөліктерінің ішінен

ас-тағамға деген қарымқатынас жағымды сипатта. Жастардың көшілігі пайдалы ас ішуді өте дұрыс деп санайды, респонденттердің 79% сондай ойда. Аймақтық деңгейде алып қарағанда Оңтүстік Қазақстан облысының жастары ғана пайдалы ас ішуді маңызды емес деп санайды, олай ойлайтын респонденттердің үлесі 44,6%. Мұның себебін атаптыңын жылды әрі жайлы климатымен және көкөністердің түр-түрі келіп тұратын Өзбек елінің жақындығынан болып жемістер мен көкөніс жеткілікті және солтүстік өңірлер мен басқа да облыс жүртшылығымен салыстырғанда атаптыңын жылды әрі жайлы климатымен жеткізу мүмкіншіліктері көбірек екендігімен байланыстырып, жорамал жасауға болады. Сондықтан да елдің оңтүстік өңіріндегі жастардың көшілігі пайдалы ас ішудің маңыздылығына онша көніл бөлмейді. Ал жас мөлшеріне қатысты немесе этникалық тәрізді басқа деңгейлерде айта қоярлықтай үлкен айырмашылықтар байқалған жоқ, барлық топтарда жастардың көшілігі үшін пай-

далы ас қолдану маңызды болып саналады.

Сөйтіп зерттеу жұмысы жастардың көпшілігінің салауатты өмір салты туралы білетіндігін, бірақ оны құнделікті тірлікте үстану әркімнің қолынан (және әрқашан) келе бермейтіндігін көрсетеді. Мәселен, жастардың белгілі бір бөлігі ішіндегі және темекі өнімдерін тұтынады немесе олардың орнына кальян не алкогольді коктейльдер қолданады. Оның сыртында жастардың ойынша денсаулықты сақтаудың немесе құтудің жолы болып табылатындығына қарамастан спортпен айналысу олардың нақты өмірінде орын ала бермейді. Сөйтіп салауатты өмір салты мен оның құндылықтары туралы ұғым қазақстандық жас буын өмірінде толық күйде жүзеге аспайды және жастардың мінез-құлқы мен іс-әрекетіне үнемі ықпал ете бермейді.

Бүгінгі таңда денсаулықты құтіп, сақтаудағы жастардың белсенділігі тым жоғары емес. Жастар денсаулықтың кепілі өздерінің жастық шағы және оны тұрақты баптап-

құтудің – ең болмағанда дәл қазір – қажеттілігі жоқ деп санайтынға ұқсайды. Мұндай ойға келуіміздің себебі жастардың өз денсаулық жағдайын жоғары деңгейде қанағат тұтатындығында жатыр. Олар деңдерін сау деп көріп, денсаулықты күн сайын құтімге алудың қажеттілігі жоқ деп біледі.

2.2. Өзіне деген қатынасы, өзін-өзі бағалауы

Өзін-өзі бағалаудың құбылмалылығы мен өзіне деген қатынастың тұрақсыздығы – жастар үшін қалыпты жайт. Соған сай өзін-өзі бағалаудың деңгейі әртүрлі болуы мүмкін, бірақ тұра сол жайт жастардың ары қарай дамуы үшін өздері таңдал алатын белгілі бір өмірлік стратегияның қалыптасуына ықпал етеді. Әрине, өзін-өзі бағалау өмірде әлі талай өзгереді, өйткені ол не қол жеткізген мақсаттар мен көзделген міндеттермен бірге өсіп, не өмірде жолы болмаған талпыныстар мен сәтсіздіктерге сай төмендеп отырады.

Жастардың өзін-өзі бағалауын зерттеуді мынадай көрсеткіштер арқылы



қарастырамыз: өзінің сырт келбетін бағалауы мен өзін-өзі көрсете білуі (орыс тілінде самопрезентация – ауд. ескеरтуі); өзін-өзі анықтауы; әлеуметтік жіктеудің тигізетін ықпалын бағалауы. Сөйтіп сауалнама нәтижелері бойынша өзінің сыртқы келбетіне респонденттердің 64,4% разы, 19,7% өте разы, 13,6%

жартылай разы. Өзінің сыртқы әлпетіне разы еместер мен жауп беруді қыынсынғандардың үлесі өте аз – әрқайсысы сәйкесінше 1,8% және 0,5%. Дегенмен мұндай үрдіс жынысынан, жасы мен тұрғылықты орнынан тәуелсіз барлық респонденттер арасында байқалды.

Кесте №9

СІЗ ӨЗІНІЗДІҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІҢІЗГЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ РАЗЫСЫЗ?

Жауп нұсқалары	Саны	Пайызы
Өте разымын	197	19,7
Разымын	644	64,4
Жартылай разымын	136	13,6
Разы емеспін	18	1,8
Жауп беру қыынға соғады / Жауп жоқ	5	0,5
Барлығы	1000	100,0

Адамдарға жағымды әсер қалдышып, олардың көңілдерінен шығуға деген талпыныспен байланысты өзін-өзі көрсете білу мәселесі де маңызды фактор болып табылады. Жастар үшін сыртқы келбет – өзін сәтті көрсете білу параметрлерінің бірі және өзіне өзі жоғары баға берудің негізі. Сауалнама көрсеткендей, жақсы көріну барлық жастағы респонденттер үшін біркелкі маңызды. Ал танымал бренд-киімдерден

киіну басқа топтарға қарағанда 14-18 жас аралығындағы жастар үшін маңыздырақ (басқа топтар үшін 28,1% – 28,8% болса, бұл топ үшін 34,6%). Сондай-ақ жақсы көріну мен танымал бренд-киімдер киіу жігіттерге қарағанда қыздар үшін маңыздырақ (сәйкесінше 70,3% және 76,8% – 81,8% және 81,2%).

Облыстық деңгейде аздаған айырмашылықтар бар. Аста-

налық жастар ортасында брендтік және статустық тауарлар әсерлі әлеуметтік белгі болып табылмайды. Бірақ фокус-топтар мен сұқбаттардағы жауаптарға және Қазақстан жастарына бағытталған басқа да зерттеулердің деректеріне қарап шет тілдерін білу, жеке автокөліктің болуы мен көлік айдай білу секілді «беделді» дағдылардың маңызы уақыт өткен сайын өсіп бара жатыр деген үйғарымға келуге болады. Оңтүстік және солтүстік астаналарда – Алматы (66,2%) және Астана (82,7%) қалаларында – танымал брендтердің киімдерінен киіну кейбір басқа облыстардың

жастарына қарағанда онша маңызды емес. Мәселен, Атырау (88%), Павлодар (62,5%), Қарағанды (55%), Шығыс Қазақстан (52%) облыстарында белгілі брендтердің киімдері жастар үшін өте маңызды да мәнді белгі болып табылады. Бұл жерде жастардың көпшілігінің әлеуметтік жіктеуді сезінбейтіндіктерін айта кетеміз, ондай респонденттердің саны орыстардың 76%, қазақтардың 59,7% құрайды. Қазақ этникалық топтың ішінде әлеуметтік бөлінудің бар екендігі байқалды: 17% жіктелуді үнемі сезінетінін білдірсе, 18,5% сирек болса да сезінетіндігін жеткізді.

Кесте №10

ҚОҒАМДАҒЫ ТАПТЫҚ ЖІКТЕЛУДІ СЕЗІНЕСІЗ БЕ? (ұлт деңгейінде)

Жауап нұсқалары	Қазақтар	Орыстар
Иә, үнемі және өмірімнің барлық саласында өте қатты сезінемін	17,0	10,1
Кейде сезінемін	18,5	8,8
Жоқ, сезінбеймін	59,7	76,0
Жауап беру қыынға соғады	4,9	5,2

Бірақ ондай жіктелуді сезінетін респонденттердің көпшілігі «Дәл қай салада?» деген

сұраққа жауап беруден бас тартты.



Кесте №11 ДӘЛ ҚАЙ САЛАДА?


Жауап нұсқалары	Пайызы		
	Жалпы	Ерлер	Әйелдер
Қоғамдық орындарда	11,3	2,6	9,5
Білім саласында	6,0	3,9	4,1
Сауда саласында	4,0	1,3	2,7
Жұмыс орнында	2,0	0,0	1,4
Замандастар арасында	0,7	7,9	14,9
Саясат саласында	0,7	1,3	0,0
Қаржы саласында	0,7	0,0	1,4
Жауаптан бас тарту	74,6	82,9	66,2
Барлығы	100.0	100.0	100.0

Зерттеу нәтижелері өз замандастарымен қарым-қатынастың қазақстандық жастар үшін маңызды қажеттілік екендігін көрсетті. Өйткені ол қарым-қатынас жастардың өз-өзін, өзінің мінез-құлқы мен жүріс-тұрысын, ой-пікірін, қабілеттері мен жетістіктерін бағалауға мүмкіншілік беретін белгілі бір координаттар жүйесінің рөлін атқаратын тәрізді. Мәселен, «Мен кіммін?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі «Достық пен өз дос-тарын өте жоғары бағалайтын адаммын» деген жауап-

ты таңдады; екінші орынды «Өзіндік жақсы қасиеттері мен кемшиліктері бар тұлғамын» деген сипат иеленді, оны көбінесе «25+» жастағы топ өкілдері белгіледі. Соңдай-ақ жас мөлшеріне қатысты үшінші орында мынадай сипаттар тұр: «өз отбасымның мүшесімін» – 14-18 жас аралық ең кіші топ, «нақты білім ордасының түлегімін» – 19-24 жас аралығындағы жастар, «Қазақстан азаматымын» немесе «Қазақстан патриотымын» – 25 және одан жоғары жастағы жастар.

Диаграмма 4

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫ (пайыздық көрсеткішпен)



Жастардың өмірлік қағидасын не құрайтыны туралы сұрақтың жауабында сондай-ақ, басқалардың көмегіне қатысты бағдар да қамтылған: жастардың 79,4% «Маңайымда оларға сенуге болатын адамдардың болуы керек» деген жауапты таңдады. Респонденттердің жартысынан сәл көбі, дәлірек айтқанда 56,4%, «адамдар тағдырға

сеніп, өмірдің берген әр сыйын қабыл алуға тиіс» деген ойда болса, 57,7% «сенім мен салт-дәстүрді ұстану керек» деген пікірді қолдайды. Екінші жағынан алып қарасақ, жастар арасында олардың көшшілігі біркелкі қолдайтын пікірлер де бар, мысалы «адам табысқа жету үшін нені қалайтындығын айқын білуі керек» деген пікірді жастардың 90%



қолдаса, 72,8% «тәуекелге бел байламаған адамның ештеңеге қол жеткізе алмайтындығына» сенімді.

Жалпы алғанда Қазақстан жастарының өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары екендігін айтту керек, олардың өзі мен өз өміріне қатысты позитивті ойлары басым. Мұнда өзін-өзі бағалаудың мазмұндық көкжиегі сырт келбетке, модаға бағытталады. Өз болашағына қатысты жоғары деңгейдегі оптимизм байқалады. Сауалнамаға қарағанда жастардың арасында басқа адамдарға, жалпы қарым-қатынасқа бағытталған өмір салты басымдау. Сондықтан да олар достармен қарым-қатынасты өмірдегі ең маңызды мәселе деп біледі, олар үшін достың көп болуы күнды.

2.3. Бос уақыт өткізу мәдениеті

Қазақстандағы әлеуметтік мәдени ахуал қарқынды өсіп келеді. Адамдардың, өсіресе, жастардың құнделікті өмірлерінің мәдени қырлары –

соған сай бос уақытқа қатысты бөлігі де – өзгеріп, түрлене түсүде. Өткен кезеңнің жас буыны бос уақытқа да ықпалын тигізген бекітілген идеология аясында қалыптасса, қазіргі таңда бос уақытын қалай өткізу жастардың өз қолында. Сондықтан атальмыш зерттеудің авторлары жастардың бос уақыттарын қалай үйимдастыратының және бос уақытты үйимдастырудың қандай стереотиптерді бағдарға алатындықтарын зерттеуді көздеді. Шын мәнінде бос уақыт саласындағы (немесе сол арқылы іске асатын) қажеттіліктерге қанағаттану механизмдері дегеніміз жастық шақта жеке бастың мақсаттарын жүзеге асырудың жолдары болып табылады; жастар дәл бос уақыт саласында өздерін еркін адам ретінде көрсететіндіктен бос уақытқа арналған іс-әрекеттерді таңдаудан түлғаның даму деңгейі, ұстанған бағыты, өмірлік қағидасының қалыптасу дәрежесі айқын көрінеді.

Кесте №12

ТӨМЕНДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТ ТҮРЛЕРІНІҢ ӘРҚАЙСЫСЫН ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ОРЫНДАЙСЫЗ?

	Жиі	Кейде	Сирек	Ешқашан	Жауап жоқ
Музыка тыңдайсыз	69,8	23,0	6,3	0,7	0,2
Уақытыңызды достарыңызбен өткізесіз	55,2	32,6	11,6	0,4	0,2
Кітап-журнал оқыссыз	21,2	38,9	30,7	9,0	0,2
Спортпен айналысасыз	26,1	31,6	27,6	14,1	0,6
Теледидар көрсесіз	58,4	29,0	11,2	1,4	-
Кинотеатрга барасыз	14,2	32,7	34,5	17,7	0,9
Үй шаруашылығымен айналысасыз	62,5	28,1	7,5	1,6	0,3
Ағайын-туыстарға барып тұрасыз	37,4	47,1	14,2	0,7	0,6
Отбасыңызға барып тұрасыз (бөлек тұратын болсаңыз)	29.6	20.8	4.4	0.9	44.3

Зерттеу жұмысы жастардың бос уақыт туралы ұғымдарында асимметрия қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Бос уақыт олар үшін – әрі ойын-сауық, әрі кәсіби немесе басқада іс-әрекеттер барысында жүзеге аспаған қабілеттерін, қажеттіліктері мен мүдделерін толыққанды дамыту үшінгі мүмкіншіліктер. Жастар білім ордасынан тысқары өтетін уақыттарының аз ғана бөлігін өзін-өзі дамытуға арнайды, респонденттердің 41,7% өз

бетімен білім алуға күніне 1-2 сағат ғана, 34,3% – 3-4 сағат бөледі. Кітап-журнал сирек оқылады (21,2% жиі оқимын деп жауап берді, 38,9% – кейде, ал 30,7% – сирек), кинотеатрга барады (жиі – 14,2%, кейде – 32,7%, сирек – 34,5%). Жастар бос уақытында көбінесе музыка тыңдайды (69,8%), үй шаруашылығымен айналысады (62,5%), теледидар көреді (58,4%) және достарымен бірге болады (55,2%). Саялнама деректері




жас қазақстандықтар арасында ойын-сауыққа бағытталған бос уақыттың артықшылығы

мен оның пассивті түрлерінің басымдылығын көрсетеді.

Диаграмма №5

ТҮРФЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ БОЙЫНША ТАНЫМАЛ ІС-ӘРЕКЕТ ТҮРЛЕРИ



Жас респонденттер уақыттарының көбін достарымен бірге өткізеді: 14-18 жас аралығындағылардың 67,9%, 19-24 – 55,7%, 25-29 – 41,8%.

Барлық жас топтарындағы жігіттер мен қыздардың теледидар көру жиілігі өзара ұқсас: 19-24 жас аралығындағылар басқаларға қарағанда азырақ көреді – 54,4%, 14-18 – 58,7%, 25-29 – 62%. Үй шаруашылығымен көбінесе 14-18 жас аралығындағылар айналысады – 46,3%, 19-24 –

61,9%, 25-29 – 67,4%. Жалпы алғанда үйден тысқары болу мен достармен қарым-қатынас секілді түрлер басым.

Ауылдағы күйреп қалған мәдени-тұрмыстық инфрақұрылым қалалық және ауылдық жастардың бос уақыт тәжірибесіндегі айырмашылықтарды көбейте түседі. Мәселен, қала түрғындарының өкілдеріне қарағанда ауылда тұратын жастар арасында кинотеатрға си-

рек баратындардың немесе мүлде барып көрмегендердің үлесі жоғары. Ауылда тұратын жастар үй шаруашылығымен де көбірек айналысып, теледидарды да көбірек көреді. Сонымен қатар компьютер мен интернетті пайдалануда айтулы айырмашылықтар байқалады. Фокус-топтық дискуссиялар анкеталық сауламаның нәтижелерін растай түседі.

«Қазір ақылдылық, жасам-паздық, ертеңгі күнге бет түзеушілік, барлық оқиғалардан хабардар болып, адамдармен сойлесе білу модада. Бізде қазір әзіл-оспақ модада. Сондай-ақ өзінді-өзің дамыту модада. Ал үйде отырып, ешкіммен қатынаспау, ештеңеге талпынбау, ештеңемен айналыспау модада емес.»

(29 жасар жұмыс істейтін жас жігіт)

«Адамдардың ештеңемен айналыспайтындығы жалпы алғанда олардың немен айналысады білмейтіндігімен байланысты. Егерде хобби туралы емес, жай ғана уақыт өткізу туралы айтсақ, бұл да проблема. Мәселен, мен бізде жай ғана қайда баруға болатынын білмеймін.»

(26 жасар жұмыс істейтін жас жігіт, Астана)

«Қазір информациялар ғасыры, жаңа технологиялар ғасыры. Расында да көп жастар әлеуметтік желілерде отырады. Серайлар көріп, компьютер ойындарын ойнау үшін. Әлеуметтік желілер арқылы алушан түрлі шаралар туралы білуге болады, мысалы, сальсаға баруға немесе волонтерлікпен айналысуға деген сияқты.»

(19 жасар студент қызы)


Сөйтіп бір жағынан жастарда демалыс пен бос уақытты өткізу дің өздері жақсы көретін және өзін-өзі жүзеге асыруды жолға қоятын түрлерін таңдауда нақты мүмкіншіліктер бар. Ал екінші жағынан материалдық емес қажеттіліктерді жете түсіну мен жеке бастың нені артық санайтынына қатысты проблемасын шешудің өзі күрделі болып кетті. Саулама көрсеткендей, жастар бос уақыт ортасы ұсынатын мәдени-сауықтық әлеуеттің тек аз ғана бөлігін қолданады. Сонымен қатар қазақстандық жастардың шығармашылықты және өзін-өзі дамытуға деген талпынисы жоғары деңгейде емес. Сондықтан да өз бетімен білім алу ісіне бөлінетін уақыт аз.



Жастардың бос уақыт өткізу практикасында бос уақытты өткізудің үйдегі түрлері мен достар мен таныстармен қарым-қатынас көп орын алады. Бос уақытты өткізудің кеңінен тараған түрлеріне сондай-ақ компьютер жатады: әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас, музыка тыңдау, фильмдер көру. Жастар арасында олардың заманауи сипа-

тын айқындайтын қазіргі шақта модадағы және беделді заттар өте танымал. Олардың басты сипаты техникалық түрғыдан жаңалығы болуы керек, жастар үшін ғылым мен техниканың ең соңғы жетістіктері болып табылатын түрмистық тауарларға (ұялы телефон, планшет және т.б.) ие болып, оларды қолдану өте маңызды.

ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУ





БОС УАҚЫТ

Төмөнделгі іс-әрекет түрлерінің әрқайсысын қаншалықты жиі орындаіссыз?

👉👉 Жиі

👉 Кейде

👉 Сирек

👉 Ешқашан

👉👉 Жауап жоқ



Музыка тыңдайсаз

👉👉 69,8 %
👉 23 %
👉 6,3 %



Үй шаруашылығымен айналысасыз

👉👉 62,5 %
👉 28,1 %
👉 7,5 %



Теледидар көресіз

👉👉 58,4 %
👉 29 %
👉 11,2 %



Уақытыңызды достарыңызбен еткізесіз

👉👉 55,2 %
👉 32,6 %
👉 11,6 %



Ағайын-туystарға барып тұрасыз

👉👉 37,4 %
👉 47,1 %
👉 14,2 %



Отбасыңызға барып тұрасыз (бөлек тұратын болсаныз)

👉👉 29,6 %
👉 20,8 %
👉 4,4 %



Спортпен айналысасыз

👉👉 26,1 %
👉 31,6 %
👉 27,6 %



Кітап-журнал оқисыз

👉👉 21,2 %
👉 38,9 %
👉 30,7 %



Кинотеатрға барадыз

👉👉 14,2 %
👉 32,7 %
👉 34,5 %

3-ТАРАУ. ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРЛІК МАҚСАТ-МҰРATTAPY

Зерттеу жұмысының ауқынында өмірлік стратегиялар деп жастардың жақын және алыс болашақта құрған өмірлік жоспарлары мен оларды жүзеге асыру жолындағы қажетті құралдарды түсінетін боламыз. Бұл жерде жастардың осы шақтың рақатын бастаң кеше өмір сүруді жақсы көретіндерін және өз өмірлерінің мәні туралы көп толғанып, жиі бас қатыра бермейтінін айтып, оны ескеру қажет. Сондықтан жастардың өмірлік стратегиясының болуы «автоматты түрде» белгілі бір жас адамның өзі үшін маңызды мақсаттары жолындағы дербестілігін, өз бетімен әрекет ете алушылығын білдіреді деуге келмейді. Өйткені жастық шақта жастардың барлығы бірдей өз өмірлеріне болжам жасап, оны реттеу қабілетіне ие емес.

3.1. Өмірлік жетістіктер

Жоғарыда айтылғандай, қазақстандық жастардың өмірлік жоспары негізінен білім алушды, отбасын құруды, қызмет жолында өсуді қамтиды. Әрине, жас шамасына сай жастардың белгілі бір бөлігі үшін үзақ мерзімдік тиімді өмірлік стратегиялар құру күрделі болғандықтан олардың көбінесе қысқа мерзімдік жоспарлар мен оларды жүзеге асырудың стратегияларын қалыптастыратындығын есте ұстау қажет. Мәселен, олар бүгінгі көздеген мақсаттарына жетуге талпынғанда олардың шешімдері болашақта қалай әсер ететіндігіне баға бермейді. Сондықтан жас респонденттердің сауалнамада қамтылған өмірдің әртүрлі қырларына қатысты жауаптарында кезігетін ретсіздік пен қарама-қайшылықтарға түсіністікпен қарауға болады.



Кесте №13

ӨМІРЛІК МАҚСАТТАР, %

	Маңызды	Онша маңызды емес	Мүлде маңызды емес	Білмеймін
Адал болу (партнёрыңа, достарыңа, жұмыс берушіңе)	87.0	8.9	3.7	0.4
Жауапкершілікті өз қолыңа алу	72.0	20.0	6.7	1.3
Тәуелсіз болу	76.5	18.4	3.7	1.4
Жоғары білім алу	72.9	20.3	5.5	1.3
Карьера жасау	67.2	25.1	6.2	1.5
Саясатпен айналысу	17.8	44.6	34.5	3.1
Шаралар мен азаматтық бастамаларға қатысу	21.6	47.1	26.1	5.2
Некеде болу	75.9	16.3	5.7	2.1
Сырт көзге жақсы көріну	76.1	18.5	4.7	0.7
Әйгілі брендтердің киімдерін киу	30,4	44.9	22.9	1.8
Пайдалы ас ішу	79.0	15.4	3.5	2.1

Сауалнама бойынша жастардың ең басты үш мақсатының алғашқысына белгілі біртұлғалық қасиеттерге ие болу, мысалы, «адал болу» (87%) немесе «тәуелсіз болу» (76,5%), кіреді. Екінші топты қысқа және орташа ұзақ мерзімдік сипаттағы, яғни қазіргі шақта маңызды мақсаттар құрайды: «сырт көзге жақсы көріну» (76%), «некеде болу» (75,9%) және «жоғары білім алу» (72,9%). Маңыздылығы жағынан үшінші топқа «жауапкершілікті


өз қолыңа алу» (72%), «карьера жасау» (67,2%) және «әйгілі брендтердің киімдерін киу» (30,4%) енді. Жасқа қатысты деңгей 14-18 жас аралығындағы қыздар мен жігіттер үшін маңызды мақсаттар «адал болу» (82,6%); «сырт көзге жақсы көріну» (74,4%), «пайдалы ас ішу» және «жоғары білім алу» (әрқайсысы сәйкесінше 74,1%) болса, 19-24 жастағылар үшін басым мақсаттар «адал болу» (88,2%), «некеде болу» (79,7%) және «пайдада-

лы ас ішу» (79,5%) еken. 25 және одан жоғары жастағы топ «адал болу» (83,6%), «тәуелсіз

булу» (83,6%) және «пайдалы ас ішу»-ді (83%) таңдады.

Диаграмма №6

ТӨМЕНДЕГІ КАТЕГОРИЯЛАР СIZ ҮШІН МАҢЫЗДЫ МА, ЖОҚ ПА? (жас мөлшері деңгейінде)



■ Маңызды ■ Онша маңызды емес ■ Мүлде маңызды емес ■ Білмеймін

Сауалнама көрсеткендегі, жастардың белгілі бір тұлғалық қасиеттерге ие болуды қалайтындығы байқалады, яғни олар үшін «жақсы адам»

булу маңызды. Бұл жерде білім алу, отбасын құру, кәсіби қызмет жолындағы табыс сияқты өмірлік мақсаттар екінші кезекке жылжиды. Мы-




салы, «адамдар ең алдымен карьераға ден қою керек, қалғанының бәрі – қосымша дүниелер» деген тұжырымдамамен жас буынның тек 8,8% ғана келіседі.

Жігіттермен салыстырғанда қыздар жоғары білім алу мен некеге көбірек мән береді (76,6% – 69,1% және 78,4% – 73,3%). Ауыл жастары үшін мынадай мәселелер маңызды: адап болу – 90,5%, пайдалы ас ішу – 82,1%, отбасы, неке құру – 80,3%. Ал олардың қалалық замандастары «адалдықты» (84,2%), «тәуелсіздікті» (77,6%) және «сырт көзге жақсы көрінуді» (76,9%) таңдайды.

Қазақстандағы жастардың көбі өмірде табысқа жету үшін өздерінің қол жеткізгісі келетін арман-тілектерін айқындаپ алуы (71,3%), қоғамның моральдық құндылықтарын сақтау (45,6%) мен төнірегінде сенімді адамдардың болуы (43,3%) маңызды деген ойда. Отбасын құру, білім алу мен карьера жасау сияқты мақсаттардың суреті төмендегідей: жастар бірінші орынға отбасын құруды (75,9%), екінші орынға жоғары білім алушы (72,9%), ал үшінші орынға карьеера жасауды (67,2%) қойды. Белгіленген мақсаттардағы осындай басымдылықтар барлық деңгейлер ауқымында – соның ішінде материалдық өлшемдер бойынша да – байқалды.

Диаграмма №7
ЖОГАРЫ БІЛІМ МЕН НЕКЕНИҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ
(жыныстық деңгейде)



Жастарды ең аз қызықтыратын мәселе – саясаткер карье-расы, жастардың 17,8% ғана болашақта саясат-пен айналысқысы келеді, ал респонденттердің 21,6% үшін шаралар мен азаматтық бастамаларға қатысу қызықты болып табылады. Бұл деректер респонденттердің белгілі бір тұжырымдамалармен келісү-келіспеуге қатысты олардың жауаптарымен өзара байланысты. Мәселен, сауланамаға қатысқан жастардың бар болғаны 17,7% «қоғамда орын алғып жатқан оқиғаларға деген қою өмірдің маңызды бір бөлігі болып табылады» деген тұжырымдаманы қолдайды.

Жалпы алғанда басқа деңгейлер аясында да осыған үқсас жағдай байқалатынын айту керек. Респонденттердің көпшілігі түрлі шаралар мен азаматтық бастамаларға қатысады онша маңызды емес, ал саясатпен айналысады мұлде маңызды емес деп санды. Сауланама жастардың өзінің жеке басына тікелей қатысы жоқ барлық дүниеге енжарлық пен немікұрайлылық танытатындығын көрсетеді. Мысалы, қоғамдық процесстерге, волонтёрлықта немесе азаматтық белсенділікке қатысуға деген қызығушылық жоғары деңгейде емес.



Бұл мәселеде аймақтық деңгейде айырмашылықтар бар. Азаматтық белсенділік Атырау (73,5%), Маңғыстау (62,9%), Қызылорда (43,2%) сияқты батыс облыстарда жоғары. Саясатпен айналысады тағы да сол батыс облыстарының жастары көбірек қалайды: Атырау (79,4%), Маңғыстау (45,7%), Қызылорда (36,4%). Жалпы алғанда жастар көшбасшылықта талпынады, олар әртүрлі өмірлік ахударға белгілі бір дәрежеде бейімделе аламыз деп сандайды, жастар арасында аутсайдерлік деп аталағын ұстаным байқалмады. Фокус-топтарда өткен пікірталастар кезінде атап көрсетілген қынышылықтарға қарамастан жалпы алғанда жас буын табысқа талпынады. Өзінің жағдайы, жоспарлары мен жетістіктеріне қанағаттанушылық бүгінгі таңда жеткілікті дәрежеде жоғары деуге болады.

Жастарды зерттеуге арналған аталмыш саулнама мен басқа да зерттеулердің нәтижелеріне қарап жастар өмірлік табыс ту-

ралы үғым бойынша білім алу мен отбасын құруға үлкен на-зар аударады деген тұжырым жасауға болады. Мәселен, жастардың 83% жоғары оқу орнына түсептіндігіне сенімді; оның себебі ең алдымен қызметке тұру үшін көбірек мүмкіншілік беретін диплом алушмен (72,3%); интеллектуалдық қабілеттерді арттырумен (37,5%) және ата-ананың үмітін ақтаумен (30,5%) байланысты.

Бірақ жоғары оқу орнына түсіп, дипломға қол жеткізу кейде өмірлік мақсаттарға жетудің құралы емес, мақсаттың өзі секілді көрініп қалатынын айта кету керек. Жастардың берген жауаптарына қарап жоғары оқу орнына түсудің өзі жастар үшін табыстың белгілі бір дәрежедегі көрсеткіші болып табылады деп үйғаруға болады. Мәселен, респонденттердің 35,6% жоғары біліммен тезірек жұмыс табатындықтарына сенімді болса, 30,8% көрініше жұмыс табатынына қатты күмәнданады. Осы себептен болу керек, жастар жұмысқа тұру мәселесіндегі

маңызды факторлар ретінде тамыр-тәнистар мен досжараның болуын (54%), кәсіби дағдыларды (48,2%) және білім деңгейін (43,6%) атап көрсетті.

Отбасын құру, некеге тұру мәселесі де жастар үшін өмірлік мақсат-мұрттардың ішіндегі маңызды әрі қажеттің болып табылады, жастардың 82,5% өз өмірлерін болашақта неке мен отбасымен байланыстырады, өйткені неке ерлі-зайыптылардың бір-бірі үшін (52,8%) және ата-ананың балаларға деген (23,6%) жауапкершілігін арттырады. Күнделікті өмірде қыздар мен жігіттердің тек материалдық себептерден болып тұрмысқа шығып, үйленетіндіктері айтылса да, жастардың тек 5% ғана материалдық проблемалардың шешімін некеден көретіні – қызықты жайт.

Жастар үшін карьера қуу басты мақсаттар қатарында емес, ол респонденттердің тек 35,7% үшін ғана маңызды. Бұл санның мемлекеттік басқару жүйесінде жұмыс істегісі келетін жас қазақстандықтардың (38,5%) және одан сәл азырақ көлемде

жеке меншік секторда жұмыс істегісі келетіндердің (30,9%) үлесімен өзара байланысты екендігі назар аудартады. Әрине, бұл статистикалық арақатынастың шартты түрде болуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды, дегенмен басқаларға қарағанда елдегі мемлекеттік және меншік секторы қызмет жолында өсудің ең көп мүмкіншіліктерін ұсынады. Оның сыртында жеке меншік сектор жоғары деңгейде жалақы ұсына алады. Зерттеу бойынша жастардың басым бөлігі жұмыс таңдау кезінде ең алдымен кіріс / жалақы көлемінен назар аударса (83,5%), респонденттердің 22,8% үшін жұмыстар алатын ләззат маңызды, сауалнамаға қатысқан жастардың 20,2% адамдармен істес болуды артық санайды. Сондықтан болу керек, жастардың 5,6% үкіметтік емес ұйымдарда жұмыс істегісі келетіндіктерін білдірді.

Зерттеу жастардың бүгінгі таңдағы табыс туралы ұғымы отбасын құру, білімі болу мен кірістің жоғарылығымен байланысты екенін анықтауға жол береді. Олар материалдық молшылық сияқты сыртқы



стимулдарға жоғары деңгейде, мәнсап жолындағы өсуге тәмен деңгейде көңіл бөледі. Жастардың көзқарастары бойынша, егер «нени қалайтыныңды айқын білсең» (71,3%) және «маңайында өзің сенуге болатын адамдарың болса» (43,3%) өмірлік табысқа қол жеткізуге болады.

«...өз-өзінді дамыту модада емес. Бұл құрделі сұрақ екен. Ешкіммен қатынаспай, ешқайды талпынбай, ештеңемен айналыспай үйде отыру оңай деп ойлаймын. Бұл дегеніңіз... Мен үшін қиын сұрақ, дәл жауап бере алмаймын.»

(27 жасар жұмыс істейтін қызы)

«Сүйікті жұмыс – бұлтағдырың саған берген тамаша сыйы. Бұл керемет. Білесіз бе, көптеген адамдар күн санап жұмыс істейді, олар жұмыстарын өмір бойы жек көреді. Ақыры ең соңында мұндай өмірді не үшін сүргені туралы ойланады. Бізде қазір адамдар демалуды Үйренуде, бұрын олар тек қана жұмыс істейтін, жұмыс үстінде жан тапсыруға да дайын болатын. Ал қазір адамдар шетелде немесе ең болмағандан Бурабайға барып демалуға тырысады.»

(27 жасар жұмыс істейтін қызы)

«Мен қазір жұмыс істеймін. Жалақым орташа, әрине, ол қажеттіліктеріміз бен біздегі түрлі мүмкіншіліктерге жетпейді. Сондықтан жалақыңың, көбірек болғанын қалайсың. Осы үйімда болашаққа жоспар құрасың ба дейсіз бе, жо-жоқ. Мүмкін басқа жаққа кету керек шығар, сонда «иә» дей аламын.»

(24 жасар жұмыс істейтін қызы)

Сауалнамаға қарағанда жастардың құрған өмірлік жоспарларының схемасы бар – мектеп бітіру, жоғары оқу орнына түсу, жұмыс істеп бастау, отбасын құру – ал олардың жүзеге асусы үшін жастар көбінесе отбасының көмегіне, сондай-ақ бейресми таныстықтарға сүйенеді. Біз жастар өз маңайындағы жандардың, әсіресе, ата-ананың қолдауына сенетіндіктен мұндай ұстаным олардың көзденеген мақсаттарын жүзеге ассыру мүмкіншілігін арттыратын болар деген ойдамыз. Сондықтан да жігіттер мен қыздардың алға қойған мақсаттары өздеріне оңай әрі тез қол жетімді болып көрінуі мүмкін.

«Мақсат: балалық шағымнан бастап үлкен мақсатым болды – гаражда өзімнің, әйелімнің және ұлымның 5 машинамыз болғанын қалайтынмын. Кейінрек мақсаттарым азадап түзелді, өзгерді. Тек қана «ҚазМұнайГазда» жұмыс істегім келеді немесе миллионға бонусым болса деген сияқты тікелей бір мақсатым жоқ. Басты мақсатым – ата-анама, өз отбасыма көмек көрсету, оларға ешқашан масыл болмау. Басымды қайдары бір армандармен қатырмаймын. Бүгін осы жерде алдымен жеке басын ойлайтын жандардан талай сөз естідім, олар «мен өзіме ғана сенемін» дейді. Ал өз отбасыңа неге сенбеске? Мен олар саған келіп, «міне, саған жұмыс», «міне, саған пәтер» десін деп отырған жоқпын, бірақ мен олардан жәрдем күтемін, олардың ең болмағанда «Халық қалай?» деп сұрағанын қалаймын. Сондықтан да өз отбасыма қатты сенемін, өйткені олар мені қандай жағдай болса да жалғыз қалдырмайды. Сол себептен де өз жақындарыма үміт артамын.»

(26 жасар жас жігіт, Астана)

«Мен барлығын «ананы істе, мынаны жаса» деп жоспар бойынша жасайтын, бір істі істеген соң белгі қойып отыратын адаммын. Университетті өте жақсы бағаға бітіргім келді – бітірдім, қазір магистратурадамын – бәрі өз орнымен өтіп жатыр. Кейін тұрақты қызметім мен отбасым болады. Әрине, көп нәрсе өзіме қатысты болады, жалқаулығынды жеңе білсөн, қалғанын жүзеге асыруға болады.»

(22 жасар қызы, Астана)

«Менің қазіргі мақсатым – университетке түсу, жуықта емтихандар. Кейін, университет бітірген соң органдар мен комитетте жұмыс істегім келеді. Болса үлттық қауіпсіздік комитетінде. Отбасыма, достарыма көмектесіп, болашақта басқалар мақтан тұтатын үлкен адам болғым келеді. Өз отбасыма берілген жанмын, қазіргі шақта толықтай отбасыма тәуелдімін, отбасымсыз ештеңе де жасай алмаймын деуге болады. Өз басыммен әлі ешқандай жетістіктерге жеткен жоқпын, толығымен отбасыма тәуелдімін, сондықтан да оған адалмын.»

(20 жасар жас жігіт, колледж түлегі)



«Мен белгілі бір дәрежеде өзіме және ата-анама сенемін. Университет бітірген соң тек өзіме ғана үміт артатын боламын. Оған дейін өзімді толық қамтамасыз ете алатында боламын деп үміттенемін.»

(17 жасар студент қызы)

«Мен Құдайға, өзіме және ата-анама сенемін. Қебінесе, әрине, Құдайға және өзіме үміт артамын.»

(22 жасар жұмыс істейтін қызы)

Сөйтіп зерттеу бүгінгі таңда қазақстандық жастар үшін олардың қандай адам болғысы, қандай қасиеттерді игергілөрі келетіндігі маңызды екендігін көрсетеді. Ал білім алу, отбасын құру және қызмет жолында өсу секілді нақты мақсаттарды жастар өзірше екінші және үшінші орынға ысырады, олардың маңыздылығының деңгейі жас буын үшін өзірше жоғары емес. Білім алу мақсатының орны сәл бөлектеу – бірақ бұл мақсаттың барлық жас топтарында бірдей басым емес екенін айта кету керек. Қызмет жолында өсудің жастар үшін онша тартымды емес екендігінен жоғары

білімнің болуы – карьера үшінгі құрал емес, біріншіден, ол жоғары деңгейдегі кіріс табу үшін қажет болса, екіншіден, білімнің болуы белгілі бір жастағы топтар үшін табыстың, өлшемі болып саналады деңген тұжырым жасауға болады. Сонымен қатар сауалнама көрсеткендей, жастар үшін отбасын құру мақсатының мәні жоғары. Респонденттердің басым бөлігі өздерінің болашақта некеде тұрып, отбасын құратындықтарын айтады. Белгіленген басқа мақсаттарға қарағанда карьералық өсуғе деңген қызығушылық ең тәменгі деңгейде, қазіргі таңда жастардың тек 35,7% мәнсан жолын құфысы келеді. Кәсіби іс-әрекет ауқымында жастар үшін көбінесе жоғары деңгейдегі кіріс маңызды болып табылады.

3.2. Білім және даму мен өзіндік даму жолындағы жоспарлар

Фокус-топтық дискуссияларды саралау барысында жастар өздерінің өмірлік жоспарларын құрғанда ең алдымен мүмкіндігінше жоғары

орындарға үміт артады, яғни олар алдымен өздерінің талаптарының деңгейін анықтап алып, содан кейін ғана оған жету жолындағы мүмкіншіліктерін саралайды деген үйғарымға келдік. Соған сай осы тармақта зерттелуге тиісті бірқатар сұрақтар туындаиды. Біріншіден, жастардың білім алуға деген қарым-қатынасы қандай? Қазақстандық жастар білім алуға ынталы ма? Білім жастар үшін жоғары жалақылы жұмысқа қол жеткізу мен қоғамдағы жоғары деңгейдегі әлеуметтік мәртебені нығайтудың құралы болып табыла ма?

Сауалнама көрсеткендей, қазір респонденттердің 30,8% орта және арнайы орта білім ордаларында, 16,7% жоғары оқу орындарында, 0,8% магистратурада оқып жатыр, ал 51,7% оқуларын аяқтап, мамандық игеріп, жұмыс істеп жүр. Қазір мектепте оқып, арнайы орта білім алып жүрген респонденттердің 83% жоғары білім алғысы келсе, 16,9% оны қаламайды.


Жоғары білім алу және оқуды ары қарай жалғастыру тілегіне қатысты ауыл және қала деңгейінде қызықты жағдай байқалды. Мәселен, ауылдық жастарға (17%) қарағанда қалалық жастардың 32% мектеп бітірген соң оқуларын жалғастырғылары келсе, жоғары білім алушы қалалықтардың 84,9%, ауылдық жастардың 80,9% қалайды. Жоғары білім алсам деген ынтасы жоғары жастардың үлесі 87,4%: оның ішінде 35,4% – өте ынталы және 52% – ынталы.

Жастардың жоғары білімнен бас тартатын негізгі себептері мыналар: қаржы жетіспеушілігі (42,3%); оқу үнамайды (28,8%); білімнің жарқын болашақты қамтамасыз ететіндігіне күмән (26,9%). Жоғары білім алуға ынталылардың ішінде жұмысқа тұру үшін көбірек мүмкіншіліктер ұсынатын диплом алу факторы басым (72,3%).



Диаграмма №8

ЖОГАРЫ БІЛІМ АЛУДЫҢ СЕБЕПТЕРИ



Сауданама жас Қазақстандықтардың жоғары білім туралы диплом алғысы келетіндіктерін көрсетеді, олар үшін дербес Құнды нысанда мәртебесі бар дипломның мәні әмбебап. Дипломның болуы уақыт өткен сайын білімнен де маңыздырақ болып барады, жастар дипломнан ең алдымен жоғары деңгейдегі кіріс күтеді. Жоғары білім алу жолындағы ең ауыр фактор қаржының жетіспеушілігі болуы мүмкін.

«Мен үшін қазір жоғары білім маңызды. Магистратураға түсіп, оқуды бастадың ба, соңына дейін жеткізуің керек. Одан ары қарай оқу жоспарымда жоқ. Ал магистратураға жай ғана түсे салдым. Ол үшін разымын. Мен оқып жүрмін, бірақ мен үшін жоғары білім мен оның бар екендігі маңыздырақ.»

(25 жасар магистр қызы)

«Іс жүзінде білім саласынан көнілім қалды. Білім алғаныма өкінбеймін. Бұл керемет. Адамдармен сөйлесе аламын, көп нәрсені түсіне аламын. Бірақ қаншама рет таныстыру-сұқбаттарға бардым, сенің не және қалай оқығаныңың, бағаларыңың ешкімге қажеті жоқ. Жақсы деген жағдайдың өзінде сенің жұмысқа қоса алатын нақты сапаң, дәл қазір нақты не көрсете алатындығың және не істей алатындығың ғана қажет.»

(26 жасар жұмыс істейтін жас жігіт)

Жоғары білім алғысы келетіндердің басты себебі оқысам деген ықылас пен жоғары біліммен жұмыс табу оңайырақ деген сенім болсада, респонденттердің өздерінің білім деңгейінің жұмысқа түру үшін жеткілікті екендігіне қатысты пікірлері өзара қарама-қайшы екі жақта бөлінді. Сөйтіп респонденттердің 35,6% жұмысты оңай табамыз деген сенсе, 30,8% жұмысты

әрең табамыз деген ойда, ал 15,1% жақсы жұмысқа түру үшін білімдерін әлі де жетілдіре түсу қажет деп санайды. Респонденттердің 3,4% жұмыс іздеудің сәттілікпен аяқталатындығына мұлде сенбейді. Жоғары оқу орнының дипломымен жақсы жұмыс табу мүмкіншілігі қалалық жастарға қарағанда (66,4%) ауылдық (80%) жастар үшін маңыздырақ.

Кесте №14

ҚАЗІРГІ БІЛІМІНІЗДІ ЕСКЕРГЕНДЕ ... ДЕП САНАЙСЫЗ БА?

Жауп нұсқалары	Саны	Пайызы
Жұмысты оңай табамын	356	35,6
Жұмысты әрең табамын	308	30,8
Ешқашан жұмыс таппаймын	34	3,4
Жұмыс табу үшін көбірек білім қажет	151	15,1
Жауп беру қынға соғады	151	15,1

Бұл кестеге қарамастан жоғары оқу орны студенттерінің үштен бірі өз үлгерімін жоғары, жартысынан көбі (үштен екіге таяу бөлігі) орташа деп бағалады. Оқушылар мен колледже оқитындардың орташа үлгерімі

өз бағалаулары бойынша бес балдық шкалада 4,4 балды құрайды, респонденттердің төрттен бірі «өте жақсы» бағаға, жартысынан көбі «жақсы» бағаға оқиды.

**Кесте №15****СОҢҒЫ ОҚУ ЖЫЛЫНЫң ОРТАША БАЛЫ, %**

Жауап нұсқалары	Мектеп/ колледж	Жоғары оқу орны/ магистратура
Өте жоғары	3,2	8,6
Жоғары	27,9	37,1
Орташа	58,9	52,0
Қанағаттанарлық	9,7	1,7
Төмен	0,3	-
Өте төмен	-	0,6

Оқытындардың басым бөлігінің өздерінің оқу күнін «женіл және қауырт емес» деп сипаттаған себебі осыда болуы керек. Респонденттердің төрттен бірінен сәл көбірек бөлігі – оның ішінде оқушылар да, колледж және жоғары оқу орнының студенттері де бар – өздерінің оқу күнін оншакурделі емес деп санайды. Саяал-

нама бойынша қазақстандық оқушылардың үй тапсырмасын орындауға бөлетін орташа уақыты – 2 сағат: 41,9% өз бетімен дайындалуға күніне 2 сағатқа дейін; 36% – 3-4 сағат жұмысады. Студенттер арасында 41,7% өз бетімен жұмыс істеуге күніне 1-2 сағат, 34,3% 3-4 сағат арнайды.

Кесте №16**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ САПАСЫ ТУРАЛЫ ҚАНДАЙ ОЙДАСЫЗ?**


	Өте жақсы	Жақсы	Жаман	Өте жаман	Жауап жок/ Білмей- мін
Бастауыш білім	20,7	71,6	5,6	0,9	1,2
Орта білім	16,0	72,6	7,8	1,6	2,0
Арнайы орта білім	14,2	65,0	12,2	1,5	7,1

Жоғары білім	15,4	61,0	12,8	1,3	9,5
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім	14,1	57,0	10,1	1,7	17,1

Жалпы алғанда жастар білім сапасын жақсы деп бағалайды: респонденттердің басым бөлігі – 57% – 72,6% аралығында – оған «жақсы» деген баға қойды. Бірақ сөйте тұра сауалнамаға қатысушылардың 57,3% «білім жүйесі бірқатар реформаларды талап етеді» деп, ал 26% көлемді реформалардың жасалғандығын дұрыс деп санайды. Респонденттердің 8% білім саласына өзгерту

енгізуудің қажеттілігі жоқ екенін айтады. Соған сайжас буынның 47,6% шетелде білім алу немесе шетелде жартылай оқу (17,7%) мүмкіншілігін таңдар еді. Респонденттердің 24,8% жергілікті білім алушы дұрыс деп санаса, 9,9% үшін жауап беру қыынға түсті. Қалалық жастарға қарағанда ауылдық жастар жергілікті білімді дұрыс деп санайды (сәйкесінше 20,6% және 30%).

Диаграмма №9 ТАҢДАУ ҚҰҚЫҒЫ БОЛСА НЕҢІ ТАНДАР ЕДІҢІЗ?



Жас қазақстандықтар білім алғысы келетін елдердің ішінде басымдылық Ресей, АҚШ, ЕО елдері мен Қытайға беріледі. Қазақ жастары Батыс елдері

(АҚШ, ЕО) мен Қытайды таңдаса, орыс этникалық тобы өкілдерінің Ресейде оқуға үмтүлательны – қызықты дерек.



Кесте №17

ЕГЕР СІЗДЕ ШЕТЕЛДЕ ОҚУ (ОҚУЫҢЫЗДЫ ЖАЛҒАСТЫРУ) МҮМКІНШІЛІГІ БОЛСА, ҚАЙ ЕЛДІ ТАНДАР ЕДІҢІЗ?

Жауап нұсқалары	Барлық іріктеме		Ұлт деңгейінде	
	Саны	Пайызы	Қазақ	Орыс
Ресей	296	29,6	16,0	56,2
Америка Құрама Штаттары	237	23,7	28,7	14,6
ЕО елдері	163	16,3	19,5	10,4
Қытай	146	14,6	17,0	8,4
Орта Азия елдері	52	5,2	7,1	1,3
Оңтүстік Корея	2	0,2	0,3	-
Түркия	2	0,2	0,3	-
Малайзия	1	0,1	0,2	-
Сингапур	1	0,1	0,2	-
Ешқандай	6	0,6	0,8	0,3
Жауап беру қыныңға соғады / Жауап жоқ	94	9,4	10,0	8,8
Барлығы	1000	100,0	100,0	100,0

Сауалнама нәтижелері бойынша жастар арасындағы наразылықтың көбінесе білім сапасына емес, оқу тәлемақысының өсуіне байланысты еkenін көруге болады. Сонымен қатар жемқорлыққа проблема ретінде қарау көзқарасы жастарда біркелкі емес. Мәселен, жоғары оқу орындары студенттерінің 30,9%, оқушылар мен колледже оқитын түлектердің 38,6% жемқорлық деректерін жоққа шығарса, жоғары оқу

орындары студенттерінің 32% мен оқушылар мен колледже оқитын түлектердің 22,7% ондай оқиғалардың кейде орын алатындығын мойындейдайды. Бірақ сейте тұра жастар жемқорлық жоғары оқу орындары мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу ордаларындағы сияқты азырақ көлемде болса да орта және арнайы орта білім беру орталарында да бар деп санайды.

Кесте №18

БАҒАЛАР МЕН ЕМТИХАНДАРДЫ «САТЫП АЛАТЫН» ОҚИҒАЛАРДЫҢ БОЛАТЫНДЫҒЫМЕН КЕЛІСЕСІЗ БЕ?

Жауап нұсқалары	Мектеп/ колледже оқытындар (308 респондент)	ЖОО студенттері (175 респондент)
Иә, үнемі дерлік	8,4	9,7
Иә, кейде	22,7	32,0
Иә, сирек	20,5	20,6
Жоқ, ешқашан	38,6	30,9
Жауап беру қыынға соғады / Жауап жоқ	9,8	6,8
Барлығы	100,0	100,0

Қорытындылай келе, жоғары білімнің болуы қазақстандық жастар үшін маңызды да мәнді фактор болып табылады деуге болады. Оның сыртында зерттеу нәтижелері жастардың жоғары білім алуға деген ынталарының жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Бірақ жастардың көпшілігі үшін оқу барысында алатын білім емес, қолда дипломның болуы маңыздырақ екенін де айттымыз қажет. Сондықтан да респонденттердің жартысынан көбірегінің (53,7%) – жоғары оқу орындарында оқытын студенттердің – өздерінің үлгерім деңгейін «орташа» деп, ал 45,75% «жоғары» және «өте жоғары» деп бағалағандарына қарамастан жастар оқу орны-

нан тысқары жерде қосымша оқуға көп талпынбайды. Бірақ жастар арасында елдегі білім жүйесі мен сапасы туралы жақсы пікір басымырақ болса да, респонденттердің жартысынан көбірегі таңдау мүмкіншілігі болған жағдайда шетелде оқуды қалайтындарын айтты.

Жалпы алғанда бүгінгі таңда елдегі сарапшылар білім жүйесінің қазіргі жағдайы болашақта жоғары білікті және тар шеңберде мамандандырылған мамандар жетіспеушілігінің өсе түсінен әкеліп соғуы мүмкін екендігін айттып, дабыл қафуда. Мамандардың айтудынша сту-



денттердің айтулы бір бөлігі жоғары оқу орнын немесе арнайы орта білім беруші орданы бітірмей тұрып-ақ басқа салада, басқа мамандық бойынша жұмыс істейтін болатындығын біледі. Ал бұл жайт өз кезегінде берілетін білімге де, алатын білімге де деген сұраныс пен талаптың төмендеуін көрсетеді. Оның сыртында жоғары оқу орнын бітіруші түлектердің мамандық бойынша болашақ жұмыс орны туралы мәселенің көмексілігі қалыпты жайтқа айналып бара жатқандығы айтылды.

Соған қарамастан саулнама көрсеткендей, қазіргі уақытта жұмыс істеп жүрген жас қазақстандықтардың ішінде – бұл 43% құрайды – 44,7% мамандық бойынша, 20,9% алған мамандығына белгілі бір дәрежеде қатысы бар жұмыс істесе, 24,2% мамандық бойынша еңбек етпейді. Респонденттердің 31,7% оқу кезінде мамандыққа қатысты тағылымдамадан / практикадан өтіпті. Бірақ саулнама деректеріне қарағанда білімінің болуы жұмыс

іздеудегі ең маңызды талап болып табылмайды. Жастардың ойынша шеттеде алған тәжірибе де (оқу, тағылымдама, практика) бұл мәселеге онша ықпал көрсете алмайды, бұл фактордың маңыздылығын респонденттердің 17,5% ғана атап көрсетті.

Жастар арасында жоғары оқу орны дипломының болуы тезірек жұмыс табуға көмектеседі деген пікір басымырақ болса да, жұмыс іздеуде іс жүзінде кәсіби дағдылар да, шетелдік практикалар да емес, керісінше бейресми жолдар – тамыртаныстық / дос-жарандардың көмегі маңызды фактор болып табылады. Сондықтан жоғары білім мен кәсіби біліктіліктің болуы жұмыс табуға көмектесіп, өмірлік жоспарларды сәтті түрде жүзеге асырудың кепілі бола алатын құрал емес деп тұжырымдауға болады.

3.3. Отбасы және неке

Зерттеудің бұл тармағында басты назар жастардың қазіргі таңда сипаты өзгеріп, басқа үлгіге көшіп бара жатқан – соған сай некелік қарым-қатынастарды құру формалары да өзгеріске ұшырауда – отбасы мәселесіне деген қарым-қатынасын зерттеуге аударылды. Әрине, ересек буын бір ғана отбасылық үлгімен өмір сүрді, олар – дәстүрлі отбасылық мәдениеттің өкілдері. Ал қазір бұл үлгіні басқа үлгі алмастыруды. Бүгінгі таңда дәстүрлі отбасымен қатар оның баламалық формалары, мәселен, бір еркектің бірнеше отбасы бар болуы; әйелдің балаларын жалғыз өсіруі мүмкін екендігі және т.б. бар болса да, басқа да зерттеулер көрсеткендей, жас қазақстандықтар үшін де отбасы өз құндылығы мен маңыздылығын жойған жоқ. Жастардың отбасы институты мен некеге қатысты ой-

ларын қарастырmas бұрын жас қазақстандықтардың өз ата-аналарымен қарым-қатынастарының сипатына қандай баға беретініне көніл бөліп көрелік.

Ата-анамен өзара қарым-қатынас

Саялнаманың нәтижелеріне қарағанда жастар мен олардың ата-аналарының арасында тығыз байланыс бары байқалады. Шешім қабылдарда 31% анасымен, 37,4% әкесімен ақылдасады. Шешімді ата-анасымен ақылдаса отырып, бірге қабылдайтын респонденттердің жалпы саны 54,4% құрайды, ал 10,6% үшін барлық шешімді ата-ана, 32,3% – өздері дербес қабылдайды. Фокус-топтардағы дискуссиялар да ата-ананың жастардың өміріндегі рөлі мен маңыздылығын дәлелдей түседі.

**Диаграмма №10****СІЗДІҢ ӨМІРІНІЗДЕГІ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕРДІ КІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ?**

Балалар мен ата-ана арасындағы келіспеушілік жоғары деңгейде емес, 48,8% өзара жақсы түсінісеміз деңгейде, жастардың 45,8% өз ойлары кейде ата-аналарының пікірімен сәйкеспей қалатын болса да, олармен достық қарым-қатынаста екендіктерін айтады. Ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік, әсіресе, өзінің қаржылай жағдайын жоғары деп бағалаған топта байқалады, қаржылай жағдайына «өте жақсы»

деп баға берген жастардың 65,2% «бір-бірімізді өте жақсы түсініміз» деп санайды. Қаржылай жағдайын бағасы төмендеген сайын өзара түсіністіктің деңгейі де төмендей түседі. Мысалы, қаржылай жағдайына «жаман» деген баға берген жастардың 24,6% ғана ата-аналарымен жақсы қарым-қатынаста екендіктерін айтса, 64,9% бір-бірін түсінседе, ата-аналарымен көзқарастары сәйкеспейтіндіктерін атап көрсетti.

Кесте №19**КІММЕН БІРГЕ ТҮРАСЫЗ? ЖАЛҒЫЗ, АТА-АНАҢЫЗБЕН,
ПАРТНЁРЫҢЫЗБЕН НЕМЕСЕ ДОСТАРЫҢЫЗБЕН/
ТУЫСҚАНДАРЫҢЫЗБЕН ТҮРАСЫЗ БА?**

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Отбасымның жақын мүшелерімен тұрамын (ата-анам, аға-бауырларыммен)	640	64,0
Жалғыз тұрамын	25	2,5
Баламмен/балаларыммен өзім тұрамын	14	1,4
Жарыммен тұрамын	220	22,0
Партнёрымен тұрамын (баламмен/ балаларыммен)	46	4,6
Достарыммен/туыстарыммен тұрамын	51	5,1
Жауап беру қыынға соғады	4	0,4
Барлығы	1000	100,0

Жігіттерге (46%) қарағанда қыздар ата-аналарымен көбірек ортақ тіл табыса алады (51,5%), бірақ айырмашылықтың айта қоярлықтай көп емес екендігі байқалады. Соған үқсас сурет қала/ауыл деңгейінде де көрінеді, қалалық жастарға (46,8%) қарағанда ауылдағы жастар ата-аналарымен көбірек түсініседі (51,4%). Саяннама деректеріне қарағанда этникалық деңгейде орыс этникалық тобының өкілдері (50,6%) қазақ халқының өкілдерінен қарағанда (47,4%)

ата-анасын көбірек түсінеді, бірақ бұл айырмашылықта тым үлкен емес. Жас мөлшеріне қатысты деңгейде де елдік көрсеткіштерден көп ауытқушылықтар жок, әртүрлі жас мөлшеріндегі топтардағы жастардың көпшілігі ата-аналарымен өзара түсіністіктің бар екендігін атап көрсетті.

Мүмкін жас отбасыларының ата-аналарымен бірге тұруы Қазақстанда жиі кездесетін жайт екендігі осы себептен де болар. 25 жасқа дейінгі жастардың 64% ата-ана-



ларымен бірге өмір сүреді, олардың үлесі 25 жастан кейін төмендеп, респонденттердің 33,9% құрайды. Бұл жерде респонденттердің 30,9% ата-аналарымен бірге өмір сүрулерінің басты себебін атап көрсетпеді, 21% практикалық себептерден бірге тұрса, 12,8% қаржы мәселесін алға тартады. Орын алып отырған өзара түсіністік пен айта қоярлықтай келіспеушіліктер мен қайшылықтардың жоқтығы және басқа да бірқатар себептер жастардың ата-аналарымен бірге тұруды қалайтындықтарын көрсетеді. Әрине, ата-ананың көптеген тұрмыстық проблемалардың шешімін өз мойнына алып, жастардың жүгін женілдетуі де басты факторлардың бірі болып табылады.

Сөйтіп зерттеу деректері отбасылық буындар арасында жылы да сенімді қарым-қатынас бар екенін көрсетті. Ол жағдай өз кезегінде респонденттердің өздерінің ата-аналарымен қарым-қатынастарына оң баға берулеріне әсер етеді. Респонденттердің жауаптарына қарап бүгінгі таңда ата-ананың өмір туралы үғымы

мен жас буын ортасында туындаған жаңа үғым арасында келіспеушіліктер мен салмақты қайшылықтар жоқ, қос буын өзара тату-тәтті өмір сүреді деп тұжырым жасауға болады.

Отбасы мен некеге деген көзқарас

Жастардың махаббат пен қолдау (46,3%), отбасының әртүрлі буыннан тұратын мүшелерінің арасында берік қатынас (24,1%) және ба-ла бар немесе молшылық пен ертеңгі күнге деген сенім бар (әрқайсысы 12,5%) отбасын «бақытты отбасы» деп түсінетіндіктерінің себебі осыда болу керек. Жастардың көпшілігі «отбасы» деген сөзді жағымды үғымдармен – соның ішінде махаббат-пен, өзара түсіністікпен және бақытпен – байланыстырады.

Соған сай зерттеу бойынша жас қазақстандықтардың 82,5% болашақта некеге тұрып, отбасын құрайтындығына, 9,4% партнёрмен және отбасымен тұратындығына сенімді. Өзінің болашақ өмірін партнёrsыз және

отбасылық жауапкершіліксіз елестететіндердің саны 1,5% ғана болса, 0,9% ондай өмірмен қатар бала болғанын қалайды. Сұраққа сауланамаға қатысқандардың 5,7% жауап берे алмады. Қала/ауыл деңгейінде елдік көрсеткіштерден көп ауытқушылықтар байқалмады: ауыл жастарының

88,7%, қала жастарының 77,6% (айырмашылық 11,1%) өз өмірін некеде және отбасымен елестетеді. Мұнда жастардың неке мен отбасы деп мемлекеттік органдарда тіркелген кәдімгі классикалық форманы айтып отырғандарын айта кету керек.

Диаграмма №11

СІЗДІҚ ОЙЫҢЫЗША БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ ДЕГЕН НЕ?



Жоғарыдағы жауаптардың сыртында жас респонденттерге «бақытты отбасы» деген терминді еске салатын ассоциациялар ұсынылды. Сұрақтарды солай ұфымдар мен ассоциациялар ретінде бөлу сауланманың жас қатысушыларының жауаптарын тестилеуге мүмкіндік берді.

«Ұфым» көбінесе логикалық ойлаумен немесе қасындағы достар, ата-анаң, педагогтардың пікірімен байланысты болса, «ассоциациялар» негізінен бейсанда күйде және жеке бастың өзіне қатысты. Соған қарамастан «бақытты отбасының» ең танымал ассоциациялары ретінде мыналар атап



көрсетілді: сенім, өзара түсіністік (41,6%); балалар (30,6%); махаббат (26,7%);

ауқаттылық, молшылық (19,7%); жар (9,6%); өз баспананың болуы (6%).

Кесте №20

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ» ДЕГЕН ТІРКЕСТИ ЕСТИГЕНДЕ СІЗДЕ ҚАНДАЙ АССОЦИАЦИЯЛАР ТУАДЫ? (респонденттер жауаптың үш нұсқасын таңдауға құқылды болды)

Жауап нұсқалары (респонденттердің сөздерінен жазылып алынды)	Саны	Пайызы*
Сенім, өзара түсіністік	416	41,6
Балалар	306	30,6
Махаббат	267	26,7
Ауқаттылық, молшылық	197	19,7
Жар	96	9,6
Баспана/ғый	60	6,0
Тату отбасы	51	5,1
Денсаулық	41	4,1
Үлкендерге құрмет	8	0,8
Әркімнің өзін-өзі жетілдіріп, дамыту мүмкіндігі	4	0,4
Бейбіт өмір	3	0,3
Өз болашағың	3	0,3
Әркім өзінше бақытты	3	0,3
Барлығына деген қамқорлық	2	0,2
Діни отбасы	1	0,1
Жауап беру қыынға соғады	146	14,6

*Бұл сома 100% тең, емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын көрсетуге қақылды болды.

Азаматтық некені ауылдық жастарға (4,3%) қарағанда қалалық жастар (13,4%)

көбірек қолдайды. Өз болашағы үшін некені таңдаған респонденттер жай бірге

тұруға қарағанда некенің мынадай артықшылықтарын атап көрсетті: «неке партнёрлардың бір-бірі үшін жауапкершілігін арттырады» – 52,8%, 23,6% – «неке ата-ананың балаларына деген жауапкершілігін арттырады», ал 15,3% жай

бірге тұрумен салыстырғанда қолайлырақ деп санаса, респонденттердің 5,1% үшін ғана екі партнёрдың некеге отырғандағы экономикалық қауіпсіздігі басты артықшылық болып есептеледі.

Кесте №21

БОЛАШАҚТА ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ЕЛЕСТЕТЕСІЗ?

Жауап нұсқалары	Пайызы	Қала	Ауыл
Некеде және отбасыммен	82,5	77,6	88,7
Партнёрыммен және отбасыммен тұрамын	9,4	13,4	4,3
Партнёrsыз және отбасылық міндеттерсіз	1,5	2,2	0,7
Партнёrsыз, бірақ баламмен, балаларыммен	0,9	0,7	1,1
Жауап беру қыынға соғады / Жауап жоқ	5,7	6,1	5,2
Барлығы	100,0		

Соңғы кезде жігіттер мен қыздар қатынастарын ресми түрде тіркетпей-ак бірге тұра беретін жайттар көбейіп, бірге тұрудың ондай формасы жиі «азаматтық неке» деген терминмен аталып жүрсе де, сауалнама ондай форманы жастардың барлығының бірдей некенің ықтимал формасы ретінде таңдамайтынын көрсетті. Дегенмен азаматтық неке уақыт өткен сайын үйғарымды сипат алып, жастар арасында жиірек кездесетін бо-

лып барады. Сондықтан жастар арасындағы некеге дейінгі қарым-қатынастар біртіндеп айқын шекарасын жоғалтып барады деп пайымдауға болады. Бірақ некенің бұл формасы туралы статистикалық деректер жоқ болғандықтан әзірше оның ел ішінде дәл жастар арасында қаншалықты кең таралғандығын бағалау әлі ерте.

**Диаграмма №12****БІРГЕ ТҮРУШЫЛЫҚҚА ҚАРАҒАНДА НЕКЕНИҢ
АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ – БОЛАШАҚТА ӨЗІН НЕКЕДЕ
КӨРЕТИНДЕРДІҢ ПІКІРІ БОЙЫНША**

Сонымен қатар рес-
понденттердің қандай
этникалық топқа жата-
тындығына қарай да белгілі
бір пікір айырмашылықтары
болды. Жастардың көбі
некениң артықшылығын парт-
нёрлардың өзара жауап-
кершіліктерінің жоғарылы-
ғынан көреді (қазақтардың
54,2% және орыстардың
49,8%). Сонымен қатар қазақ
жастарының төрттен бірінен
көбірек бөлігі некениң жай

ғана бірге тұрушулықтан
артықшылығы ретінде ата-
ананың балаларына деген
жауапкершілігін атап көрсетеді
(26,3%). Ал орыс жастарының
арасында мұндай пікірді тек
17% ғана қолдайды. Сейте
тұра орыстардың 23,5%
некениң жай бірге тұрушулыққа
қарағанда қолайлы екенін
айтады. Мұндай жауп
қазақтардың 11,6% үшін өзекті
болды.

Диаграмма №13

БІРГЕ ТҮРУШЫЛЫҚҚА ҚАРАҒАНДА НЕКЕНИҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ – ӨЗІН БОЛАШАҚТА НЕКЕДЕ КӨРЕТИНДЕРДІҢ ПІКІРІ БОЙЫНША (ұлт деңгейінде)



«Неке жай бірге түрүшүлікқа қарағанда қолайлы» деген жауап қалалық жастарға (10,9%) қарағанда ауыл жастарының (20,2%) арасында көбірек

дауысқа ие болды. Ал қалған жауаптарда үрдістер бір-біріне үқсас және аталмыш сұраққа алынған жауаптардағы ортақ нәтижелерді көрсетеді.

Диаграмма №14

БІРГЕ ТҮРУШЫЛЫҚҚА ҚАРАҒАНДА НЕКЕНИҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ – ӨЗІН БОЛАШАҚТА НЕКЕДЕ КӨРЕТИНДЕРДІҢ ПІКІРІ БОЙЫНША (қала/ауыл деңгейінде)





Әрине, бүгінгі таңда көпшілік азаматтық некені ашық сынға алмай, оған белгілі бір дәрежеде түсіністікпен қарауға тырысады. Бірақ жоғары деңгейдегі еркін қатынастарға қарағанда тіркелген некелердің құндырақ екенін айту керек. Өзін болашақта партнёрмен және балалармен елестететін респонденттердің (1000 респонденттің 94-i)

пікірі бойынша ресми түрде құжатталған қатынастарға қарағанда азаматтық некенің (бірге тұрушылықтың) басты артықшылықтары мыналар болып табылады: карьераға көбірек көңіл бөлу мүмкіншілігі – 48,9%; өзара тәуелсіздік – 24,5%; қарым-қатынасты тоқтатудың оңайлығы (партнёрдан кетудің жеңілдігі) – 10,6%.

Кесте №22

СІЗДІҢ ОЙЫҢЫЗША НЕКЕМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ЖАЙ БІРГЕ ТҰРУШЫЛЫҚТЫҢ БАСТЫ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Партнёрлар бір-бірінен тәуелсіз	24	25,5
Партнёрлар карьераға көп көңіл бөле алады	46	48,9
Партнёрлар бір-бірімен аз үрсисады	6	6,4
Жай бірге тұрсан, партнёрыңмен тезірек татуласасың	4	4,3
Жай бірге тұрсан, партнёрыңнан кету жеңілірек	10	10,6
Жауап беру қыынға соғады / Жауап жоқ	4	4,3
Барлығы	94	100,0

«Мен ресми некені қолдаймын. Азаматтық некелерді құптамаймын, барлығы да ресми түрде тіркелген болуға тиіс деген ойдамын. Адам екінші адамға байланатын еш нәрсе жоқ болғандықтан кез келген сәтте кете алатынын билетін азаматтық некеге қарағанда ресми некеде ерекше бір жауапкершілік туындайды.»

(17 жасар студент қызы, Астана, фокус-топ)

«Ресми қарым-қатынаста болу ете маңызды, өйткені ол адам сен үшін өмірдің бар саласында да басты адам екенін білудің өзі маңызды.»
(22 жасар кәсіпкер, Астана, терең сұқбат)

«Мен үшін ресми неке маңызды, ол азаматтық некеге қарағанда өнегелі, бала-шағаң алдында да. Өйткені азаматтық некеде көптеген адамдар сенің тіпті тұрмыс құрғанынды да білмейді ғой..»

(жас қыз, Астана, фокус-топ)

«Мен басқа адаммен міндепті түрде ресми қарым-қатынаста өмір сүретіндей консервативті адам емеспін. Өзің үшін өмір сүргің келсе азаматтық некеде, ал балалы болғың келсе, ресми қарым-қатынаста болғаның жөн..»

(18 жасар студент қыз, Астана, терең сұқбат)

Қазақстандағы қазақтар арасындағы отбасын құрудың тағы бір формасы – бұрын ауылдық жерлер мен елдің оңтүстік өнірінде кеңінен таралған қалындық алып қашу. Ел тәуелсіздігін алған соң қазақтар арасында некеге тұрудың құда тұсу, қыз үзату секілді ғұрыптарды қамтыған дәстүрлі формалары өсіп, қалындық үрлау мәселесі айтулы дәрежеде азайғандай

болған. Қазақстанда әдеттегі тұрмыс-салтта «қалындық үрлаудың» еki түрі болған: «келисім бойынша» – мұнда жас жігіт қызды өзінің келісімімен «алып қашады», бұл жолдың себебі қаржылық ауыртпашилықтарда жатыр; екінші түрі зорлықпен алып қашу, мұнда жас жігіт қызды ешқандай келісімсіз, оның қалаған-қаламағанына қарамай алып қашады. Бірақ соңғы кезде бір жағынан, экономикалық дағдарыстың өсуінен, екінші жағынан, үйлену тойының салт-ғұрыптарына қатысты қаржылай шығындардың өсуі мен олардың күрделілігінен болу керек, қалындықты зорлап алып қашу тақырыбы тағы да күн тәртібіне көтеріліп отыр.

Саяулнама деректері респонденттердің үлкен бір бөлігінің қыз алып қашу тәжірибесін құптамайтындығын (44,8%) көрсетті. Олар бұл ерсі қылыққа жатады және қазіргі заманға лайық емес жайт (24,6%), үнемшілдікпен қатысты (7,5%) деп санайды. Респонденттердің 33,5% қалындық алып қашу



оқиғасының екі жақтың келісімімен болатын түрінің кеңінен таралғанын атап көрсетті. Қалыңдық алып қашуға оң пікір білдіргендердің жалпы саны 14,3% (дәстүрге құрмет – 7,9%, қаржы үнемдеу – 7,5%). Қалыңдық алып қашу тәжірибесіне қатынасы туралы сұраққа жауап беруге қиналып қалғандардың көбі

орыс респонденттердің арасында болды (14,9% 2,5%-ға қарсы), олардың арасында сондай-ақ аз ғана оң пікір болды. Орыстар атальмыш тәжірибелі оның дәстүрлік сипатымен – 3,2% (10,5% қазақтар) және үнемшілдік мақсаты арқылы 1,9% (10,4% қазақтар) ақтайды.

Кесте №23

ҚАЛЫҢДЫҚ АЛЫП ҚАШУ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ? (ұлт деңгейінде), %

Жауап нұсқалары	Қазақ	Орыс
Оң қараймын, бұл біздің дәстүріміз	10,5	3,2
Оң қараймын, бұл үйлену тойында үнемдеудің жолы	10,4	1,9
Оң да, теріс те емес – бұл көбінесе өзара келісім бойынша жасалады	31,9	35,4
Теріс деп санаймын, бұл қазіргі заманға лайық емес әрі ерсі	25,1	24,4
Теріс деп санаймын, бұл қызды қорлау	19,6	20,8
Жауап беру қыынға соғады	2,5	14,3

Респонденттердің қалыңдық алып қашуға деген қатынасы жөніндегі сұраққа берген жауаптарын олардың тұрғылықты жерлері мен жынысына қарай салыстырып қарасақ, тәмендегідей үрдісті көреміз. Қалалық тұрғындар арасында бұл оқиғаға қатысты

теріс пікір көбірек кезігеді; қалалық жастардың 30,5% бұл тәжірибелі қазіргі заманға лайық емес әрі ерсі қылыш деп, төрттен бір бөлігінен көбірегі (24,4%) қызды қорлау деп атап көрсетті. Қалыңдық алып қашу тәжірибесіне қарсы ауылдық тұрғындардың жалпы

үлесі 32,1% құрады (салыстыру үшін: қалалықтарда бұл үлес 54,9%). Ауыл жастарының 10,4% бұл жол арқылы үйлену

тойында қаражат үнемдеуге болатынын және оның қалындық пен оның отбасы үшін пайдалы екенін айтты.

Диаграмма №15

ҚАЛЫНДЫҚ АЛЫП ҚАШУ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ? (қала/ауыл деңгейінде)



Қазақстандық қоғамда дүркін-дүркін талқыланып жүрген некенің тағы бір формасы – көп әйел алу мәселесі. Бұл үлгінің құқықтық актыларда занұды түрде бекіту әрекетінен ештеңе шықлады, елдегі әйелдер қауымы оған жауап ретінде ондай жағдайда өздеріне көп күйеуге шығуға занұды түрде рұқсат беруді талап етті. Мұнда әйелдер қауымы Атазанда бекітілген ерлер мен әйелдер арасындағы құқықтардың теңдігіне қатысты бапты алға


тартты. Соның нәтижесінде парламент депутаттары отбасы туралы заңға ондай өзгерту енгізуден бас тартты.

Саяулнама деректері бойынша жастар көп әйел алу сияқты формаға қарсы. Ондай тәжірибелі болуын және болашақта мүмкін болуын толық үйғармағандардың үлесі 61,4%, онша келіспейтіндердің үлесі 17% құраса, бұл үлгінің қолдайтындардың жалпы саны 26,6%.



Диаграмма №16

БІЗДІҢ ҚОҒАМЫЫЗДА КӨП ӘЙЕЛ АЛУ ДӘСТҮРІ ЗАҢДАСТАРЫЛУҒА ТИС ДЕГЕН ОЙМЕН КЕЛІСЕСІЗ БЕ, ЖОҚ ПА?




Респонденттердің жауаптарында шыққан жеріне қарай (қала/ауыл) айта қоярлық айырмашылықтар жоқ, бірақ көп әйел алу тәжірибесін зандастыру мәселесіне көбінесе қыздар қарсы екенін айтуға болады. Бұл үлгімен толық келіспейтін әйел текті

респонденттердің саны 70,3% болса, сауалнамаға қатысқан жігіттер арасында бұл үлес 52,5% құрайды. Бұл теріс құбылыс деп санайтындар үлесінің 20,8% ерлер және 13,6% қыздар, демек оған қарсы пікірлердің жалпы саны – 83,9% әйелдер де, 73,3% ерлер.

Диаграмма №17

БІЗДІҢ ҚОҒАМЫЫЗДА КӨП ӘЙЕЛ АЛУ ДӘСТҮРІ ЗАҢДАСТАРЫЛУҒА ТИС ДЕГЕН ОЙМЕН КЕЛІСЕСІЗ БЕ, ЖОҚ ПА? (респонденттердің жынысы деңгейінде)




Орыстарға қарағанда қазақ үлттының өкілдері арасында көп әйел алушылыққа қатысты оң және қолдау пікірлер көп (жалпы алғанда 20,1% 9,7%-ға қарсы). Орыс жастардың арасында бұл сұраққа мүлде қарсы пікірдегілердің де (76,3% 54%-ға қарсы, айырмашылық 12,3% құрайды), оны қолдамайтындардың да үле-

сі көп (20,6% 10,1%-ға қарсы, айырмашылық 10,5% құрайды). Ойымызды алдын-ала тұжырымдай айтсақ, бірге өмір сұрудің барлық формаларының ішінен жастар ер мен әйелдің қарым-қатынастары мемлекеттік органдарда тіркелетін ресми некені артық санайды.

Диаграмма №18

БІЗДІН ҚОҒАМЫМЫЗДА КӨП ӘЙЕЛ АЛУ ДӘСТҮРІ ЗАНДАСТЫРЫЛУФА ТИС ДЕГЕН ОЙМЕН КЕЛІСЕСІЗ БЕ, ЖОҚ, ПА? (ұлт деңгейінде), %



Сонымен қатар жастар қыздар үшін 22, жігіттер үшін 25 жасты отбасын құруға лайық жас деп санайды. Қыздар үшін тәменгі және жоғарғы шека-

ра – 16-30, жігіттер үшін – 16-40 жас аралығы. Жалпы алғанда отбасын құруға ең лайық жасқа қатысты үрдістер жігіттер мен қыздар арасында




ұқсас: ең лайық саналатын жас 20 және 25. Сонымен қатар егер 20 жасты қыздардың төрттен бірі түрмисқа шығу үшін лайықты жас деп санаса (25,1%), жігіттер арасында бұл пікірді қолдайтындардың үлесі 33,9%. Сондай-ақ 25 жас та – қыздардың түрмисқа шығуға лайық деп көретін жасы, мұндай пікірді қыздардың 17,8%, жігіттердің 12% қолдайды. Ал жігіттердің

үйленуге лайық жасы тура-лы екі жыныс өкілдерінің пікірі бір-бірімен сәйкеседі. Жігіттерден де (33,5%), қыздардан да (32,7%) көп респондент 25 сондай жас деп санайды. 23 жас үшін қыздардың 11%, жігіттердің 11,2% дауыс берді. Ерлер отбасын 30 жаста құру керек деп санайтын жігіттердің үлесі 8,4%, қыздардың үлесі 11,4%.

Диаграмма №19

ҚЫЗДАР ҮШІН ОТБАСЫН ҚҰРУҒА ЛАЙЫҚТЫ ЖАС, РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ЖЫНЫСЫНА ҚАРАЙ, %




«Меніңше қыз үшін ең лайықты жас – 24-25, ал жігіт үшін – 30 дейін.»
(18 жасар студент қызы, Астана, терең сұқбат)

«Қыздар үшін 23, жігіттер үшін 27-28 деге ойлаймын.»
(22 жасар кәсіпкер, Астана, ФТ)

«Қызы үшін 21, 22 де болады, ал жігіт үшін 25 дейін болуы керек.»
(17 жасар студент қызы, Астана, ФТ)

«25 жас некеге тұратын ең дұрыс шақ, деген ойдамын.»
(21 жасар студент қызы, Астана, терең сұқбат)

Диаграмма №20**ЖІГІТТЕР ҮШІН ОТБАСЫН ҚҰРУҒА ЛАЙЫҚТЫ ЖАС,
РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ЖЫНЫСЫНА ҚАРАЙ**

Жас қазақстандықтар орта есеппен үш балалы болғылары келетіндерін айтады, оның ішінде қазіргі және болашақ ата-аналар үлді да, қызды да болғысы келеді. Әйтсе де респонденттердің көпшілігі екі баланы артық санайды,

ондайлардың үлесі 37,1%, «үш және төрт» деген нұсқаны сәйкесінше 28,1% және 19% таңдады. Болашақта балалы болғысы келмейтіндердің үлесі 1% асқан жоқ. Балаға мұқтаждық материалдық сипаттағы мұқтаждықтан бір саты төменге орын тепті.

Кесте №24**НЕШЕ БАЛАЛЫ БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛЕДІ?**

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
1	53	5,3
2	371	37,1
3	281	28,1
4	190	19,0
5	72	7,2
6	9	0,9
7	8	0,8
8	2	0,2
9	1	0,1



10	3	0,3
15	1	0,1
Балалы болғым келмейді	9	0,9
Барлығы	1000	100,0

Ұл мен қыз бала саны

Жауап нұсқалары	Қызы, %	Ұл, %
1	57,6	53,8
2	36,6	37,3
3	4,9	6,5
4	0,4	1,7
5	0,4	0,6
7	0,1	0,1
Барлығы	100,0	100,0

Қазақ жастарының арасында пікір екі, үш және төрт бала ортасында шамамен тепе-тең бөлінді – үлесі сәйкесінше 29,2%, 29,5% және 24,5%, ал 9,9% бес балалы болғысы келеді. Ал орыс жастарының жартысынан көбі (53,6%) екі, 24,7% үш, 8,4% төрт балалы болғысы келеді. Орыстардың ішінде бір балалы болғысы келетіндер көп – 10,1% (қазақтарда – 2,8%).

Қалалық жастарға қарағанда олардың ауылдағы замандастары көбірек балалы болуды қалайды. Ауылдық жастардың

22,4% төрт балалы, 31% үш балалы, 33% екі балалы, тек 2% бір балалы болуды жоспарлайды. Ал қалалықтар арасында респонденттердің 16,3% төрт, 25,8% үш, 40,3% екі, 7,9% бір баланы қалайды. Баланың ұл-қызы екендігіне қатысты сұраққа берілген жауаптар ұлт деңгейінде жастардың ұлды да, қызды да болғысы келетінін, олардың баланың ұл-қыздығына қатысты ерекше бір тілектерінің жоқ екендігін көрсетеді. Бұл пікір мұсылман мәдениеті өкілдеріне де (қазақтарға), православие мәдениетінің өкілдеріне де (орыстарға)

ортак. Гендерлік деңгейде де баланың ұл-қыздығына

қатысты айта қоярлықтай арнайы тілектер байқалмады.

Кесте №25

ҚАЛАУЛЫ БАЛА САНЫ

(ұлт және тұрғылықты жер деңгейінде, %)

Бала саны	Әттикалық шығу тегі		Тұрғылықты жері	
	Қазақ	Орыс	Қала	Ауыл
1	2,8	10,1	7,9	2,0
2	29,2	53,6	40,3	33,0
3	29,5	24,7	25,8	31,0
4	24,5	8,4	16,3	22,4
5	9,9	1,0	5,7	9,0
6	1,3	0,3	1,1	0,7
7	0,8	1,0	0,9	0,7
8	0,3	-	0,2	0,2
9	0,2	-	0,2	-
10	0,5	-	0,5	-
15	0,2	-	0,2	-
Балалы болғым келмейді	0,9	1,0	0,9	0,9

«Өзгерістер туралы айтсақ, ата-бабаларымыз бұрын 10-15 балалы болған болса, қазір қаладағы жас отбасы, әйел бір немесе екі-ақ баланы дүниеге әкеледі...»

(23 жасар жас жігіт, Мемлекеттік басқару академиясы, Астана, ФТ)

«Екі балалы болғым келеді. Шынын айтсам, егіз балалы болсам болды деп ойлаймын.»

(18 жасар студент қызы, Астана, терен сұқбат)

«Өте маңызды мәселе, ұрпақ қалдыруым керек. Бес балалы болуды қалаймын... Құдай қанша берсе, сонша болады.»

(25 жасар жігіт, Астана, ФТ)

Жастарға қазіргі қазақстандық отбасындағы әйелдің орнына қатысты сұраққа жауап беруге өтініш жасалды. Респонденттердің 19,9% әйел еркін және дербес, ерекке тәуелді емес; 32,2%



ерек – отбасының тірегі, әйел оның шешімдеріне бағынады; 36,5% ер мен әйел отбасындағы билікті тең бөліседі, тең құқықты деп санайды. Бүгінде отбасылық қарым-қатынастағы жалпыға ортақ құндылықтар түбекейлі өзгерістерге үшірауда деген пікірмен респонденттердің 9,1% келіседі. Олар уақыт өткен сайын әйел отбасы тірегінің рөлін көбірек атқарып, ерек – оның шешімдеріне бағынып барады деп санайды.

Отбасындағы әйелдің орны туралы сұраққа қатысты сауалнамаға қатысқан жігіттер мен қыздардың пікірі бір-

бірінен айырмашылықта. Әйелдер арасында респонденттердің шамамен ширек бөлігі (23,4%) әйел еркін және дербес, ерекке тәуелді емес деп санаса, ерлер арасында мұндай пікірді бөлісетіндердің үлесі 14,6% ғана. Сонымен қатар сауалнамаға қатысқан жігіттерде ерек – отбасының тірегі, әйел оның шешімдеріне бағынады деген пікір бағынырақ (олай ойлайтын жігіттердің үлесі 37,9% болса, қыздардың үлесі 26,5%). Барған сайын әйел отбасы тірегінің рөлін көбірек атқаруда деген пікірді қатысушылардан 7,8% ерлер жағы, 10,4% қыздар жағы қолдады.

Кесте №26

БІЗДІҢ БҮГІНГІ ҚОҒАМЫМЫЗДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ ОТБАСЫНДАҒЫ ОРНЫН ҚАЛАЙ АНЫҚТАР ЕДІҢІЗ?, %

Жауап нұсқалары	Барлық іріктеме		Жыныстық деңгейде	
	Саны	Пайызы	Ер	Әйел
Әйел еркін және дербес, ерекке тәуелді емес	190	19,0	14,6	23,4
Ерек – отбасының тірегі, әйел оның шешімдеріне бағынады	322	32,2	37,9	26,5
Уақыт өткен сайын әйел отбасы тірегінің рөлін көбірек атқарып, ерек – оның шешімдеріне бағынып барады	91	9,1	7,8	10,4

Әйел қаналады және құқықсыз	5	0,5	0,2	0,8
Ер мен әйел отбасындағы ықпал ететін салаларды бөліседі, тең құқықты	365	36,5	36,7	36,3
Жауап беру қыынға соғады	27	2,7	2,8	2,6
Барлығы	1000	100,0	100,0	100,0

Ауылдық жастардың көбін ер мен әйел тең құқықты (40%) деп санап, әйелдің қоғамдағы дербестігі мен тәуелсіздігіне көп сенбейді (16,3%). Қалалық жастар арасында респонденттердің 21,1% әйелді тәуелсіз және дербес, 33,7% тең құқықты деп санайды. Қазақ үлттының өкілдері (40%) көбінесе шығыстық патриархал жүйеге

тән құндылықтарды таңдайды: ерек – отбасының тірегі, әйел оның шешімдеріне бағынады. Орыс үлттының өкілдері арасында мұндай пікірді респонденттердің 16,9% қолдайды. Қазақтардың 30% және орыстардың 48% ер мен әйелдің құқықтары тең болуын, бірақ әрқайсысының өз ықпал етеп саласының болғанын және санайды.

Кесте №27

ОТБАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ РӨЛІ (үлт деңгейінде), %

	Қазақ	Орыс
Әйел еркін және дербес, ереккек тәуелді емес	17,0	24,0
Ерек – отбасының тірегі, әйел оның шешімдеріне бағынады	40,0	16,9
Уақыт өткен сайын әйел отбасы тірегінің рөлін көбірек атқарып, ерек оның шешімдеріне бағынып барады	9,6	7,8
Әйел қаналады және құқықсыз	0,5	0,6
Ер мен әйел отбасындағы ықпал ететін салаларды бөліседі, тең құқықты	30,1	48,1
Жауап беру қыынға соғады	2,8	2,6

Қалалық респонденттердің 33,7% дерлігінің, ауылдық респонденттердің 40%

отбасылық өмірді бала-ларды бірге тәрбиелеу, шаруашылықты бірге жүргізу



және кіріс көлемі бойынша міндеттерді тең бөлу деп қарайтындары қызық. Жастар отбасында тең құқықтылықты таңдайды деп айтуға болады. Жігіттер де (36,7%), қыздар да (36,3%) ерлізайыптылардың құқықтары мен жауапкершіліктерінің теңдігін тануға негізделген отбасылық өмірді қолдайды. Сол арқылы жастардан бірге өмір сүрудің жаңа формаларын, ер мен әйел арасындағы одақтың түрлі формаларын құрудың жаңа жолдарын іздейтін үрдіс байқалады. Неке міндеттерден ажырап барады, реңми некені қолдаудың көптігіне қарамастан жастардың белгілі бір бөлігі азаматтық некеге оң көзқарас білдіреді.

«Жеке баспана сатып алу немесе жалдау өте қыын, астанада өте қымбат.»

(25 жасар қыз, ЖОО түлегі,
Астана, ФТ)

«Бұрын қазақтарда былай болған: кенже үл үйленіп, келінді үйге әкеледі, сосын дүниеге балалар келеді. Мен үшін бұл қалыпты жайт, мұнда ешқандай проблема жоқ.»

(25 жасар жігіт, Астана,
терен сұқбат)

Анкеталық саул наманың нәтижелері жастар үшін отбасы меннекесекілдінституттардың маңызы зор екенін, олардың болашақ ересек өмірдің басты құрамдас бөлігі ретінде саналатынын көрсетеді.

17-23 жас аралығындағы қыздар өздерімен құрдас жігіттерге қарағанда некеге тұрып, отбасын құруға көбірек дайын екендіктерін білдірді. Сонымен бірге ерлізайыптылардың арасында ер мен әйел міндеттерінің кейбір ауыспалылығы байқалады – уақыт өткен сайын әйел көбірек отбасын қанымдап, карьера жасаса, ер үй шаруашылығына жауапты.

Жалпы алғанда ер мен әйел арасындағы қарым-қатынастардың сипаты жәнінде дәстүрлі көзқарастарды қолдайтын жастардың бар екендігіне қарамастан саулана-ма жастардың көпшілігінің отбасында гендерлік рөлдердің жіктелуіне қатысты жаңа көзқарастарға оң көзben қарайтындығын көрсетті. Мәселен, ер мен әйел әртүрлі алеуметтік рөл атқарады, бірақ

құқықтары тен, әйел еркін және дербес, еркектен тәуелсіз деген сияқты. Мұндай көзқарасқа елдегі экономикалық түрғыдан тәуелсіз әйелдер санының өсуі

ықпал етуі мүмкін. Әйтсе де жастардың отбасы мәселесіне деген көзқарастарының өзгеріп бара жатқандығы да – ақиқат.



ӨМІРЛІК МАҢСАТ-МУРАТТАР

Төмендегі нұсқалар сіз үшін маңызды ма?

- 👉 Мәңызды
- 👉 Онша мәңызды емес
- 👉 Мүлде мәңызды емес
- ➡ Білмеймін

Адал болу (партнерлік, достарыңа, жұмыс берушіңе)

👉 87 % 👉 3,7 %
👉 8,9 % ➡ 0,4 %



Пайдалы ас ішу

👉 79 % 👉 3,5 %
👉 15,4 % ➡ 2,1 %



Тәуелсіз болу

👉 76,5 % 👉 3,7 %
👉 18,4 % ➡ 1,4 %



Сырт көзге жақсы көріну

👉 76,1 % 👉 4,7 %
👉 18,5 % ➡ 0,7 %



Некеде болу

👉 75,9 % 👉 5,7 %
👉 16,3 % ➡ 2,1 %



Жауапкершілікті өз қолыңа алу

👉 72 % 👉 6,7 %
👉 20 % ➡ 1,3 %



Карьера жасау

👉 67,2 % 👉 6,2 %
👉 25,1 % ➡ 1,5 %



Танымал брендтердің киімдерін кио

👉 30,4 % 👉 22,9 %
👉 44,9 % ➡ 1,8 %



Шаралар мен азаматтық бастамаларға қатысу

👉 21,6 % 👉 26,1 %
👉 47,1 % ➡ 5,2 %



Саясатпен айналысу

👉 17,8 % 👉 34,5 %
👉 44,6 % ➡ 3,1 %





Жас мөлшері деңгейінде



14–18 жас

19–24 жас

25+ жас



Қала vs Ауыл



Қыздар vs Жігіттер



Өмірдегі жетістік өлшемдері



71,3 %

Қоғамның моральдық құндылықтарын сақтау



45,6 %

Айналанда сенімді адамдардың болуы



43,3 %

Арман-тілектерінді анық болу




БІЛІМ

Жоғары білім алушының себептері

Ауыл

Қала



Қазіргі білім дәнгейімен жұмысқа тұру



ШЕТЕЛДЕ ОҚУ

Қайда оқуды таңдар едініз?

- **47,6 %** Шетелдік білім
- **24,8 %** Жергілікті білім
- **17,7 %** Жартылай шетелдік білім
- **9,9 %** Жауап беру қынға соғады /
Жауап жоқ

- Қазақтар
- Орыстар



29,6 %

Ресей

- 16,0 %
- 56,2 %



23,7 %

АҚШ

- 28,7 %
- 14,6 %





БІРГЕ ТҮРУШЫЛЫҚ

Сіздің ойыңызша некемен салыстырғанда жай бірге түрушшылықтың басты артықшылығы неде?



1000 респонденттің **94**-і өзін болашақта партнёрмен (ресми некеден тыс) және балаларымен елестетеді.

Өз карьераға көбірек көңіл бөлу мүмкіншілігі



48,9 %

Бір-бірінен тәуелсіздік



24,5 %

Карым-қатынасты тоқтатудың (партнёрынан кетудің) женілдігі



10,6 %


КЕП ЭЙЕЛ АЛУШЫЛЫҚ

Кеп айел алу дәстүрі зандастырылуға тиіс пе?




Респонденттердің жынысы деңгейінде

■ ер ■ әйел



Респонденттердің үлтты деңгейінде

■ қазақ ■ орыс




НЕКЕ

Некенің артықшылықтары – болашақта өзін некеде көретіндердің пікірі бойынша




Ұлт дәнгейінде



Қазак

орыс

Қала/ауыл дәнгейінде




қала

ауыл



ҚАЛЫНДЫҚ АЛЫП ҚАШУ

Қалындық алып қашу тәжірибесіне қалай қарайсыз?



- Бейтарап – бұл көбінесе өзара келісім бойынша жасалады
- Теріс деп санаймын, бұл қазіргі заманға лайық емес әрі ерсі
- Теріс деп санаймын, бұл қызды қорлау
- Оң қараймын, бұл біздің дәстүріміз
- Оң қараймын, бұл үйлену тойында үнемдеудің жолы
- Жауп беру қыынға соғады

Ұлт деңгейінде

31,9 %

25,1 %

19,6 %

10,5 %

10,4 %

2,5 %

Қазак

Орыс

Қала/ауыл деңгейінде

35,4 %

24,4 %

20,8 %

3,2 %

1,9 %

14,3 %

28,9 %

39,4 %

30,5 %

17,2 %

24,4 %

14,9 %

6,6 %

9,5 %

5,2 %

10,4 %

4,5 %

8,6 %

қала ауыл

ӘЙЕЛДІҢ ОТБАСЫНДАҒЫ РӨЛІ

Біздің бүгінгі қоғамымыздағы әйелдің отбасындағы орнын қалай анықтар едіңіз?


	Барлық іріктеме	Респонденттердің жынысы деңгейінде		Ұлты деңгейінде (қазақтар мен орыстар)	
Ер мен әйел отбасындағы ықпал ететін салаларды белседі, тен құқықты	 36,5 %	 36,7 %	 36,3 %	 30,1 %	 48,1 %
Ерек – отбасы тірегі, әйел оның шешімдеріне бағынады	 32,2 %	 37,9 %	 26,5 %	 40 %	 16,9 %
Әйел еркін және дербес, еркектен тауелсіз	 19 %	 14,6 %	 23,4 %	 17 %	 24 %
Уақыт откен сайын әйел отбасы тірегінің рөлін каби्रек атқарып, ерек оның шешімдеріне бағынып барады	 9,1 %	 7,8 %	 10,4 %	 9,6 %	 7,8 %
Жауп беру қысынга согады	 2,7 %	 2,8 %	 2,6 %	 2,8 %	 2,6 %
Әйел қаналады және құқықсыз	 0,5 %	 0,2 %	 0,8 %	 0,5 %	 0,6 %



4-ТАРАУ. ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ МЕН БАРАБАРЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі жастардың өмірлік бағдарларының ішінде мінез-құлыштың пін жүріс-тұрыстың негізін қалайтын және онда адамның өз өмірінің шарттарына деген қарым-қатынасы көрініс табатын құндылықтар жүйесінің орны ерекше. Әрине, қазір кеңестік дәуірде қалыптасқан құндылықтардың бірыңғай жүйесі өзгерістерге ұшырауда. Алuan түрлі әлеуметтік топтар мен халықтың әртүрлі санаттары (мысалы, жас мөлшеріне қатысты топтар) өзіндік жеке құндылықтар жүйесін әртүрлі базалық қағидаларға негіздел, қалыптастырады. Осы мәселемен байланысты мынадай сұрақ қызығушылық тудырады: елдің жастары үшін қандай құндылықтар маңызды әрі мәнді болып табылады?

Зерттеу көрсеткендей, жастар материалдық құндылықтарға да, «рухани» құндылықтарға да бет түзейді. Жастар «өз абырайынды сақтау сезімі»-н (83%) ең басты құндылық ретінде атап көрсетті. Маңыздылығы жағынан олар үшін екінші орында «әлеуметтік мәртебе» (37,2%), үшінші орында «ауқаттылық» (35,8%) пен шыншылдық (33,6%) тұр. «Шеткепі немесе маңызды емес құндылықтар» қатарында «жаңашыл рух» (алuan түрлі идеялар тауып, қабылдау) – 14,4%, «қүрескерлік рух» (көзделген мақсаттар мен міндеттерге жету жолындағы күрес) – 16% және «үқыптылық» – 10,7% атап көрсетілді.

Диаграмма №21**ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЕҢ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАЙТЫН ҚАСИЕТТЕР**

Өз абыройынды сақтау сезімі – орыстар үшін де (62,3%), қазақтар үшін де (59,2%) маңыздылығы жағынан бірінші орында түрған құндылық. Ал екінші және үшінші орындағы құндылықтарға келгенде пікірлер бөлініп кетті. Қазақ жастары екінші орынға әлеуметтік мәртебені (23,2%), үшінші орынға ауқаттылықты,

басқаларға деген қамкорлық, пен шыншылдықты (бұл жауптарды таңдаған респонденттердің үлесі 10% сәл асады) қойса, орыс жастары екінші санатта екі қасиетті таңдады: шыншылдық (20,5%) және әлеуметтік мәртебе (19,2%). Орыс жастары үшін үшінші маңызды қасиет – ауқаттылық (15,6%) пен толеранттылық (13%).



Кесте №28

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЕҢ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАЙТЫН ҚАСИЕТТЕР
(ұлт денгейінде), %

	Маңыздылығы жағынан бірінші қасиет		Маңыздылығы жағынан екінші қасиет		Маңыздылығы жағынан үшінші қасиет	
	Қазақ	Орыс	Қазақ	Орыс	Қазақ	Орыс
Өз абырайынды сақтау сезімі	59,2	62,3	13,8	13,3	11,3	5,2
Әлеуметтік мәртебе	8,5	3,2	23,2	19,2	9,4	5,2
Альтруизм	3,9	1,0	12,9	6,8	10,0	8,8
Ауқаттылық	8,5	9,7	16,6	12,7	9,7	15,6
Толеранттылық	1,6	3,2	5,3	10,7	8,5	13,0
Күрескерлік рух	2,7	1,6	6,1	5,5	8,2	7,8
Ұқыптылық	2,0	2,9	3,8	3,6	5,2	3,9
Жаңашыл рух	1,9	0,3	3,9	3,6	6,0	7,5
Шыншылдық	8,0	10,1	9,4	20,5	10,2	14,3
Адалдық	3,8	5,5	4,9	4,2	8,8	10,7
Жауап беру қыынға соғады	-	-	-	-	12,7	8,1

Қалалық жастар алғашқы үш орынға өз абырайын сақтауды, әлеуметтік мәртебені және ауқаттылықты, ауыл жастары өз абырайын сақтауды, ауқаттылықты және шыншылдықты қойды. Қала жастары үшін әлеуметтік бедел құнды болып табылса (25,8%), ауыл жастары үшін ауқаттылық маңыздырақ

(18,8%). Бұл жауаптар қалалық ортада отбасының әлеуметтік барабарлығы үлкен маңызға ие болып келе жатса, ауылдық елді мекенде әлеуметтік топқа қатыстылық мәселесі материалдық молшылықтан маңызды емес деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Кесте №29**ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЕҢ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАЙТЫН ҚАСИЕТТЕР
(қала/ауыл деңгейінде), %**

	Маңыздылығы жағынан бірінші қасиет		Маңыздылығы жағынан екінші қасиет		Маңыздылығы жағынан үшінші қасиет	
	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл
Өз абыройынды сақтау сезімі	61,8	57,9	14,3	13,3	6,3	12,7
Әлеуметтік мәртебе	5,2	9,5	25,8	17,4	9,0	6,8
Альтруизм	3,8	2,3	11,3	9,7	9,5	9,0
Ауқаттылық	7,9	10,2	12,7	18,8	12,4	10,4
Толеранттылық	1,4	2,7	6,1	8,4	10,2	10,0
Күресекрлік рух	2,0	2,5	5,2	6,6	7,5	8,6
Ұқыптылық	3,0	1,6	4,1	2,9	6,3	2,7
Жаңашыл рух	1,3	1,6	4,3	3,4	6,6	6,3
Шыншылдық	9,0	7,9	11,8	14,5	11,3	13,1
Адалдық	4,7	3,8	4,3	5,0	8,1	11,5
Жауп беру қыынға соғады	-	-	-	-	12,9	8,8

Жастардың көзқарасынан бір жағынан материалдық және рухани тұрғыдан басқаның көмегіне үміт етушіліктің үйлесімділігі, екінші жағынан өз өмірі үшін жаупкершілікті өз қолына алғысы келетін талпынысы байқалады. Сауда-

ма көрсеткендей, жас буынның маңызды тірегі – тек қаржы мәселесінде ғана емес – атана болып табылады. Жастар болашақта өздерінің өмірлік жоспарларын қалыптастырып, жүзеге асyrатын кездे де атана көмегіне жүгінуді қалайды.

**Кесте №30****ТӨМЕҢДЕГІ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРМЕН ҚАНШАЛЫҚТЫ
ДӘРЕЖЕДЕ КЕЛІСЕСІЗ?**

	Толық келісемін	Келісемін	Біршама деңгейде келісемін	Келіспеймін	Мұлдау келіспеймін	Жауап беру күнін
Өмірде жетістікке жету үшін нені қалайтынынды анық білуің керек.	71,3	19,7	6,2	1,9	0,4	0,5
Тәуекелге бел бумаған адам ештеңеге қол жеткізе алмайды.	34,4	38,4	19,6	5,7	1,0	0,9
Басқаларға қамқорлық жасасан, соңында сыйынды аласын.	30,6	35,4	23,8	6,3	1,1	2,8
Қазіргі кездे айқын ештеңе жоқ болғандықтан өмірде мақсат көзделп қажеті жоқ.	8,4	15,9	20,4	34,9	18,3	2,1
Қоғам өмір сүруі үшін оның моральдық құндылықтары болуы керек.	45,6	31,6	14,9	4,6	1,1	2,2
Бүгінгі таңда адамдар басқалардың қайғысын бөлісе алмайды.	12,5	21,5	27,7	28,1	7,4	2,8
Адамдар тағдырға сеніп, өмірдің бергенін қабылдай білулері керек.	22,6	33,8	23,2	14,3	4,0	2,1
Сіздің айналаңызда өзіңіз сенетін адамдар болуы керек.	43,3	36,1	14,0	3,7	1,3	1,6
Бірнеше досың болса болды, қалағанының барлығын да істеуге болады.	13,8	19,7	29,2	26,0	8,7	2,6

Адамдар карьераға ден қоюы керек, басқасының бәрі – қосымша дүниелер.	8,8	19,1	23,6	33,3	12,1	3,1
Өмір – құрделі дүние, сондықтан оқшауланып өмір сүрген дүрыс.	6,6	12,2	17,5	33,5	27,0	3,2
Қоғамдағы болып жатқан оқиғалардан хабардар болу – менің өмірімнің маңызды бөлігі.	17,7	37,5	26,9	9,8	4,7	3,4
Өмірдегі ең маңызды дүние – ағынмен жүре білу.	8,7	20,3	20,2	25,2	23,0	2,6
Сенім мен дәстүрлерді ұстану.	19,8	37,9	26,1	9,6	2,6	4,0

«Мен үшін маңызды дүниелер... – әділ болу, шыншыл болу.»
 (25 жасар жігіт, Астана, терең сұқбат)

«Атап көрсетілгендердің ішінен мен үшін маңыздысы – өз абыройынды сақтау сезімі, шыншылдық, отбасыңа, әүлөтіңе, еліңе адалдық. Сондай-ақ толеранттылық – бұл ең басты қасиет, еліміздің және жалпы адам баласының да ең маңызды мұраттары мен құндылықтарының бірі.»
 (18 жасар студент қызы, Астана, терең сұқбат)

«Бұлардың ішінен мен үшін шыншылдық пен отбасына адалдық маңызды болып табылады.»

(17 жасар қызы, колледж студенті, Астана, ФТ)

«Құндылық, отбасылық құндылықтар, толеранттылық, ұқыптылық, Сіз «альtruизм» дедініз, иә, мен алтруизм дегеніміз ең алдымен адамгершілік деп білемін, ал адамгершілік дегеніміз барлық адамға біркелкі тән қасиет емес. Мен өзімді белгілі бір дәрежеде алтруист санаймын. Менде ондай қасиет бар; сонымен қатар әр адамда болуға тиіс өз абыройымды таптаптау сезімі де бар; отбасы – бұл тіпті талқылаудың өзі артық әр адам өміріндегі ең басты байлық, сондықтан оған деген адалдық маңызды.»

(21 жасар студент қызы, Астана, ФТ)

«Мен ең маңызды қасиет деп адамгершілікті атар едім, барлық адам ол туралы үмітпауға тиіс. Одан соң тұлғалылық, бұл қасиет те әр адамда болуы керек. Сонымен қатар ауқаттылық, пен абырой. Абырой – басқа адамдарға және өзіңе деген құрмет.»

(22 жасар кәсіпкер жігіт, Астана, терең сұқбат)



Қазіргі таңда жастар арасында материалдық сипаттағы құндылықтар өзекті болып табылады; сауланама көрсеткендей, құндылықтардың алғашқы үштігінде олардың өздері көздеген өмірлік табыс пен мақсаттың нышаны болып табылатын материалдық құндылықтардың (ауқаттылық пен әлеуметтік мәртебе) басымдылығы аңғарылады. Қазақстандық нақты өмірде әлеуметтік мәртебе мәселесі де әзірше материалдық сипаттармен өлшенеді, ал рухани құндылықтар орын баспалдағында материалдық құндылықтардан сәл төменге орын тепті. Сонымен қатар қамқорлық сипаттағы секілді дәстүрлі құндылықтар мүлде жоғала қоймағаның да айтып өту маңызды. Басқа да зерттеулер – мәселен, қазақстандық саясаттанушылар мен әлеуметтанушылардың біріккентобы дайындаған «Молотов коктейлі. Қазақстандық жастар анатомиясы» (Алматы; 2014: 98-100) зерттеуі – көрсетіп отырғандай, жастар арасында «мемлекет оларға көмек көрсетуге тиіс» деген үғым бар. Аталмыш жұмыстың авторлары жастар өздерінің күш-қуаты мен

мүмкіншіліктерін төмен санайды деген қорытынды жасайды.

4.1. Сенім және толеранттылық

Қазақстанның жас буынының жаңа реалияларға бейімділігін біріншіден, өз төңірегіндегі ең жақын адамдарға да (ағайынтыс, дос-жаран), бейтаныс жандарға да деген сенімінің деңгейі мен екіншіден, толеранттылық деңгейінен көруге болады. Аталмыш зерттеуде сенім деңгейін біріншіден, ғылыми әдебиетте жиі «жынытық» сенім (орыс тілінде «обобщенное» доверие – ауд. ескертуі) деп аталағын бейтаныс жандарға деген сенім арқылы қарастырамыз. Фалымдардың айтуы бойынша сенімнің бұл түрінде жалпы алғандағы қофамның сенім мәдениеті көрініс табады (Штомка, 2012). Екіншіден, жақын адамдарына (отбасы, туыс-туған, достарына) деген сенім арқылы, үшіншіден, жұмыстағы әріптестері немесе көршілеріне деген сенім – қофамдық немесе жергілікті сенімнің деңгейі – арқылы қарастырамыз. Ал толеранттылықтың деңгейін алуан түрлі жіктеулер – таптық жіктеу; әлеуметтік жіктеу –

мұнда жыныстық қатынас бағдары бойынша азшылық, оралмандар секілді әлеуметтік топтарға деген қатынас пен қазақ халқына тарихи түрғыдан тән жүзге бөлу – арқылы қарастырамыз.

Сөйтіп анкеталық саулнама жүргілген кезде жастардан белгілі бір топтағы адамдарға (туыс-туғанға, достарға, үқас немесе бөлек қоғамдық немесе діни көзқарастағы адамдарға және т.б.) қаншалықты дәрежеде сенетіндіктерін 1-10 арасындағы шкала бойынша бағалауды өтіндік, мұнда 1 – төменгі, 10 – ең жоғары деңгей. Нәтижелерге

қарағанда респонденттер ең алдымен өз отбасы мүшелеріне сенеді (орташа баға 9,59), ең төменгі топта діни және саяси лидерлер орын тепті (ортаса баға 5,8). Жастар өздерінің ағайын-тысы мен достарына да жоғары дәрежеде сенім білдіреді (сәйкесінше 8,9 және 8,3). Қалған топтарға (курстастарға, көршілерге, басқа дін мен ұлт өкілдеріне) деген жастардың сенімі орташадан жоғарырақ (6,1- 7,1). Жастардың көбінесе өзі жақсы араласатын, білетін адамдарға көбірек сенетіндіктері байқалады.

Диаграмма №22

РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН АДАМДАР ТОБЫНА ДЕГЕН СЕНІМІНІҢ ОРТАША БАҒАСЫ





Қалалық жастарға қарағанда ауылдық жастар анкетада көрсетілген барлық топтарға – діни лидерлерге де (6,49; қала – 5,31); саяси лидерлерге де (6,5; қала – 5,23); басқа ұлт өкілдеріне де (6,99; қала – 5,64); басқа дін өкілдеріне де (7,08; қала – 5,75) – көбірек дәрежеде сенім білдіреді. Басқа деңгейлер бойынша жас қазақстандықтар тізімде көрсетілген топтарға сенімнің тұра сондай жоғары дәрежесін көрсетті. Облыстық деңгейде сәл айырмашылықтар бар. Мәселен, Атырау облысының

жастары өздері араласатын ортадағы басқа дін өкілдеріне (76,5%), діни лидерлер (70,6%) мен саяси лидерлерге (70,6%) көбірек сенім білдіреді. Алматы облысының жастары да сенім танытудың – саяси лидерлерге (59,6%), діни лидерлерге (34,2%) – жоғары үлгісін көрсетті. Басқа облыстарда жоғарыда атап көрсетілген адамдар топтарына деген сенім де сондай жоғары дәрежеде, дегенмен сенім деңгейінің бағалары 5-10 арасында орын тепті, мұнда 10 – «толық сенемін».

Кесте №31

Респонденттердің жекелеген адамдар тобына деген сенімінің орташа балы

Жауап нұсқалары	Қала	Ауыл
Өз отбасының мушелеріне	9,50	9,71
Тұыс-туғаныныңға	8,63	9,18
Достарыныңға	7,90	8,72
Көршілерініңге	6,11	7,56
Кластастарының, курсастарының немесе жұмыстағы әріптестерініңге	6,49	7,79
Өз араласатын ортаңызыдағы басқа дін өкілдеріне	5,75	7,08
Өз араласатын ортаңызыдағы басқа саяси көзқарастағы адамдарға	5,54	6,82
Өз араласатын ортаңызыдағы басқа этникалық топтардың өкілдеріне	5,64	6,99

Діни лидерлерге	5,31	6,49
Саяси лидерлерге	5,23	6,50

Респонденттердің алуан түрлі әлеуметтік топтардың өкілдерімен іргелес болуға қатысты сұраққа берген жаупартынан да жоғары дәрежедегі сенім деңгейі байқалады. «Алуан түрлі әлеуметтік топтардың өкілдері сізге көрші болса, өзіңізді қалай сезінер едіңіз?» деген сұраққа бер-

ген жауаптарға қарағанда жастардың ең жақтырмайтын тұсы бейдәстүр жыныстық бағдары өкілдерімен қоңсы қону болып табылады: респонденттердің 57,8% гомосексуалист жұппен көрші болудың «жаман және өте жаман» екенін айтады.

Кесте №32

ХАЛЫҚТЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТОПТАРЫМЕН ҚОҢСЫ ҚОНУҒА ДАЙЫНДЫҚ

	Өте жақсы	Жақсы	Айырмашылық, жоқ	Жаман	Өте жаман	Білмеймін
Студенттер жұбы	21,0	37,3	39,8	1,1	0,3	0,5
Зейнеткерлер жұбы	16,1	39,0	41,2	2,1	0,9	0,7
Гомосексуалистер жұбы	0,5	6,7	27,1	27,3	30,5	7,9
Оралман отбасы	2,1	16,3	60,9	14,0	4,6	2,1
Өзбек отбасы	2,1	18,1	65,8	9,3	2,1	2,6
Ұйғыр отбасы	2,4	18,1	65,9	8,8	2,1	2,7
Қырғыз отбасы	2,3	18,4	64,8	9,9	2,1	2,5
Шешен отбасы	2,1	16,5	64,4	11,0	3,7	2,3
Дүнған отбасы	2,0	17,2	66,4	8,6	3,1	2,7
Қытай отбасы	2,8	15,7	65,6	10,3	3,2	2,4

Әттикалық деңгей жыныстық қатынас бағдары бойынша

азшылық өкілдерімен көрші болуды әсіресе, қазақтар



(14,9%) мен орыстар (16,6%) құптамайтынын көрсетті. Жас қазақстандықтар студент немесе зейнеткер жүппен көрші болуды қалайды. Оның сыртында жас респонденттерге кіммен көрші болғысы келмейтіндіктері туралы сұрақта жауап беруге өтініш етілді (тізім ұсынылмай). Оnda жастардың ширек бөлігі маскүнемдермен (25,7%), 17,8% нашақорлармен, 15,6% гомосексуалистермен және 9,7% шулы адамдармен көрші болғысы келмейтіндіктерін жеткізді.

«Нашақорлар» мен «маскүнемдер» сияқты әлеуметтік

топтарға деген жағымсыз қатынасты белгілі бір дәрежеде жастардың олар тарарапынан туындауы мүмкін нақты және жорамал қауіп-қатерге деген өзіндік қорғаныс-реакция ретінде қарастыруға болатын сияқты. Жастардың жыныстық қатынас бағдарды бойынша азшылыққа қатысты пікірлері әртүрлі: 33,4% азаматтардың бүл категориясына бейтарап күйде қараса, 36,6% олардың бағытын мүлде жаратпайды. Дегенмен жалпы алғанда басқа жыныстық бағдардағы адамдарға деген жастардың басым бөлігінің көзқарасы онан гөрі теріс сипатта.

Кесте №33

БАСҚА ЖЫНЫСТЫҚ БАҒДАРДАҒЫ АДАМДАРҒА ҚАТЫНАСЫҢЫЗ ҚАНДАЙ?


Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Толық құптаймын	20	2,0
Құптаймын	14	1,4
Бейтарап	334	33,4
Құптамаймын	196	19,6
Мүлде құптамаймын	366	36,6
Жауап беру қыынға соғады / Жауап жоқ	70	7,0
Барлығы	1000	100,0

Мұсылмандар мен православиелік респонденттер арасында бейдәстүр жыныстық бағдарлы адамдарға қатысты бейтарап қатынас байқалады. Православиелік респонденттердің 44,6% жыныстық қатынас бағдары

бойынша азшылықта бейтарап қараса, мұсылмандардың 42,1% оларды мүлде жаратпайды. Этникалық деңгей де ондай ұнамсыз көзқарастың орыс топтарға (45%) қарағанда қазақ топтарда (60,4%) басым екенін көрсетеді.

Диаграмма №23

БАСҚА ЖЫНЫСТЫҚ БАҒДАРДАҒЫ АДАМДАРҒА ҚАТЫНАСЫҢЫЗ ҚАНДАЙ? (діни ұстаным деңгейінде)



Аймақтық деңгейде облыстардағы жастардың басым бөлігі жыныстық қатынас бағдары бойынша азшылықты жаратпайды деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Бейтарап қатынас тек екі облыста – Алматы (66,7%), Жамбыл (40,3%) – және Астанада (44,2%) тіркелді.

Анкеталық саулнаманың жауптарына қарап мұндай

қатынас жыныстық қатынас бағдары бойынша азшылық өкілдерімен белгілі бір нақты әрекеттестікке емес, қоғамда қабылданған белгілі бір дүниетанымдық сипаттарға байланысты болуы керек деп үйғаруға болады. Мәселен, бейдәстүр жыныстық бағдарлы адамдар қоғамның сенім артуға тұрмайтын мүшелері ретінде қарастырылатындығы тура-лы пікір бар. Егер тұлғаарагалық



сенім жалпы алғанда белгілі бір адамдармен белсенді қарым-қатынастың негізінде туындастын болса, «бөтен жандарға» немесе «басқа бейтанаистарға» қатысты сенім көбінесе олар туралы қоғамда қалыптасқан мәліметтерге негізделеді. Ал фокус-топтарға қатысқан жастар жыныстық қатынас бағдары бойынша азшылық өкілдеріне онша қарсылық танытпай, бұл әркімнің өзі шешетін мәселе екендігін білдірді.

«Әркім өз партнёрын өзі таңдайды, оның қандай жынысты болғаны маңызды емес деп санаймын, сондықтан да менің оларға көзқарасым он. Адам өмірін кіммен өткізіп, қарым-қатынасын кіммен құратынын өзі біледі.»

(21 жасар студент қызы, Астана, терең сұқбат)

«Заманауди адам ретінде әр адам өз таңдауын өзі жасайды, кім болғысы келетінін өзі шешеді деп ойлаймын. Дөрекі тілмен айтсак, лесбиянка, гей болғысы келетін болса... мейлі, өз таңдауы болсын.»

(22 жасар кәсіпкер жігіт, Астана, терең сұқбат)

«Бейдәстүр жыныстық бағдарлы адамдарға келсек, тіпті не деп айтарымды білмей тұрмын, мен мұны дұрыс емес деп санаймын. Табиғаттың қалай жаратылғанын білмеймін, ол өзі өмір сүре беруге тиіс. Ал мынау Батыстан жолшыбай менгерілген машиқ болса керек. Мен бұған қарсымын, ейткени мен консервативті адаммын, ондай мәселе менің миима сыймайды. Ал жарымжан адамдарға келсек, олар да біз секілді адамдар...»

(18 жасар студент қызы, Астана, терең сұқбат)

Толеранттылық деңгейін зерттеудің келесі бір өлшемі таптық немесе әлеуметтік жіктеуге деген қатынас болып табылады. Саулана-ма нәтижелеріне қарағанда жастардың 65,1% ешқандай таптық бөлуді сезінбейді. 14,8% қысымшылықты үнемі, 15% кейде сезінеді. Қоғамдағы таптарға бөлінушілікті әсіресе, украин – 100%, шешен – 100%, башқұрт – 66,6% этникалық топтарының өкілдері қаты сезінеді, ондай жандардың үлесі қазақтар арасында 35,5% болса, орыс этникалық тобында респонденттердің 18,9% құрайды. Облыстық

деңгей жастары таптық бөлінуді жоғары деңгейде бастан кешіретін үш облыс барын көсетті: Атырау (94%); Павлодар (62,5%);

Жамбыл (54,8%). Бірақ олардың бұл сезімді қай салада сезінетіндіктері туралы сұрақта жауап беруден бас тартқандарын айта керек.

Кесте №34

ҚОҒАМДАҒЫ ТАПТЫҚ ЖІКТЕЛУДІ СЕЗІНЕСІЗ БЕ?

Жауап нұсқалары	Пайызы	Қазақтар	Орыстар
Иә, үнемі және өмірімнің барлық саласында өте қатты сезінемін	14,8	17,0	10,1
Кейде сезінемін, әсіресе ... салада	15,0	8,8	18,5
Жоқ, сезінбеймін	65,1	59,7	76,0
Жауап беру қыынға соғады	5,1	4,9	5,2
Барлығы	100,0		

Таптық бөліну көбінесе қоғамдық орындарда (11,3%), білім саласында (6%), сауда саласында (4%) және жұмыс орнында (2%) сезіледі. Сөйтіе тұра респонденттердің басым бөлігі (74,6%) кемсітушілік

сипаттарын байқайтын жағдаяттар мен орындарды атап көрсетуден бас тартты. Жігіттерге қарағанда қыздар замандастары ортасында қысымшылықпен жиірек бетпе-бет келеді.

Кесте №35

ДӘЛ ҚАЙ САЛАДА?

(бұл сұрақта таптық жіктелуді белгілі бір салаларда сезінетін респонденттер қана жауап береді – 150 респондент (15,0%))

Жауап нұсқалары	Жалпы іріктеме		Жыныстық деңгейде	
	Саны	Пайызы	Ерлер	Әйелдер
Қоғамдық орындарда	17	11,3	2,6	9,5
Білім саласында	9	6,0	3,9	4,1
Сауда саласында	6	4,0	1,3	2,7
Жұмыс орнында	3	2,0	0,0	1,4
Замандастар арасында	1	0,7	7,9	14,9
Саясат саласында	1	0,7	1,3	0,0




Қаржы саласында	1	0,7	0,0	1,4
Жауптан бас тарту	112	74,6	82,9	66,2
Барлығы	150	100,0	100	100

Қазақ ұлтының өкілдеріне сонымен қатар заманауи қазақстандық қоғамда және респонденттің өз басы үшін жүзге және руға бөлінудің маңыздылығы жөніндегі сұрақта жауп беруге өтініш жасалды. Алынған нәтижелерге қарағанда белгілі бір руға немесе жүзге жату ту-

ралы қоғамдағы көзқарас әртүрлі. Қазақ ұлтының өкілі болып табылатын респонденттердің 53% жүзге тиісті болудың Қазақстандағы маңыздылығы зор деп санайды. Ал жартысынан сәл азырақ бөлігі, 42,9%, жүздер мен руладар біздің елімізде оншалықты маңызды емес деп біледі.

Диаграмма №24

ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮЗГЕ НЕМЕСЕ РУЛЫҚ ҚАУЫМҒА ҚАТЫСТЫЛЫҚ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗДЫ ДЕП ОЙЛАЙСЫЗ? (бұл сұраққа қазақ ұлтының өкілдері қана жауп береді – 637 респондент)



«Белгілі бір жүзге жатудың респонденттің өз басы үшін мәні бар ма?» деген сұраққа берілген жауптардан бір-

біріне үқсас сурет шықты. Пікірлер тең екі топқа бөлінді: 43,6% бұл сұраққа іә деп, 51,5% жоқ деп жауп берді.

Жас қазақстандықтар кемсітушілік белгілерін өте сирек сезінеді, көбінесе мұлде сезінбейді. Сауалнама нәтижелеріне қарағанда жастардың 3,1% – 5,7% тізімде атап көрсетілген кемсітушілікке қатысты себептерге өте жиі немесе жиі тап болады. Қазақстан жастары басқа тармақтарға қарағанда экономикалық жағдайына, білім деңгейіне, тіл деңгейіне, содан кейін діни

немесе этникалық, жалпы шығу тегіне және жасына қарай кемсітушіліктердің жиек кездестіреді. Ал ең сирек кездесетін кемсітушілік түрлері жыныстық бағдар мен аймақтық шығу тегіне қатысты. Бірақ сөйті тұра сауалнама көрсеткендей, жастардың өздері басқа сексуалдық бағыттағы адамдарға белгілі дәрежеде жеккөрушілік танытады.

Кесте №36

ТӨМЕНДЕГІ СЕБЕПТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕМСІТУШІЛІК СЕЗІНІП КӨРДІҢІЗ БЕ?

	Өте жиі	Жиі	Кейде	Сирек	Ешқашан	Білмеймін
Жыныс (ер/әйел)	1,8	2,2	8,7	8,7	77,0	1,6
Экономикалық жағдай (кедей, бай)	0,8	4,9	12,0	16,1	64,9	1,3
Дін (православиелік, мұсылман, католик және т.б.)	0,6	3,9	6,9	10,7	76,0	1,9
Этникалық тиістілік	0,5	3,7	8,6	10,0	74,3	2,9
Білім деңгейі (бастауыш, орта және т.б.)	1,1	4,5	8,5	13,2	70,8	1,9
Саяси көзқарас	1,3	2,4	6,8	8,1	78,3	3,1
Шыққан жер (ауыл/қала)	1,0	3,3	9,4	13,1	71,2	2,0
Жас	1,0	3,4	10,5	12,4	70,5	2,2
Жыныстық бағдар	1,1	2,8	4,8	3,4	84,1	3,8
Аймақ/өңір	0,6	2,5	7,7	6,6	80,4	2,2
Тіл	1,3	4,1	9,5	10,4	72,9	1,8



Сөйтіп, саулнама жалпы алғанда жастардың этникалық, діни, әлеуметтік түрғыдан бөтен топтарға айқын бір жеккөрушілік танытпайтындықтарын көрсетті. Зерттеу материалдары керісінше жастардың басым бөлігінің түрлі құбылыстарға деген икемділігі мен бейімділігін көрсетеді. Жастардың тек аз ғана бөлігі белгілі бір әлеуметтік топтарға – нашақорларға, маскүнемдерге, оралмандарға, жыныстық қатынас бағдары бойынша азшылық өкілдеріне сенімсіздік білдіреді. Сонымен қатар елдегі жастардың көвшілігінің таптық бөлуге, жынысына, жасына, дінге сеніміне немесе этникалық шығу тегіне қатысты кемсітушіліктермен бейтаныс екендігін айту керек. Кемсітушіліктің алуан түрлеріне кез болған қазақстандық жастардың аздаған үлесі өздерінің мүдделері мен құқықтары қысымшылыққа ұшырайтын сала ретінде қоғамдық орындарды атап көрсетеді. Жалпы алғанда жастар көрсететін толеранттылық

пен сенімнің деңгейі жеткілікті дәрежеде жоғары.

4.2. Дін және діни құндылықтар

Соңғы кезде, әсіресе, жастардың арасында олардың мәдениетінің бір бөлігіне айналып, мінез-құлық, жүрістүрьстарына ықпал ететін дінге деген қызығушылықтың өскені байқалады. Сонымен қатар жастар арасында діни өмірді жеке бастың шаруасы, яғни дінге сенім жүректің терең түкпірінде жатыр деп бағалайтын есکі үғым да сақталып отырғанын байқауға болады. Сондай-ақ шынайы діндарлық көвшілікке көрсету үшін жаралмаған, оны жұртқа жариялау иманның шынайы емес екендігін көрсетеді деген ой да бар. Сондықтан бұл сұрақты зерттеудің өзектілігі жастардың дінге деген қатынасының негізінде не жатқанын саралаумен байланысты болады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан жастары дінге сенім мәселесінде

ұстамды қөзқарас ұстанады және көптеген жағдайда діни салттарға пассивті түрде ғана қатысады. «Дінге деген қөзқарасыңыз қандай?» деген сұрақта 1000 респонденттің 735-і өздерін дінге сенетін адам деп бағалайтындықтарын, бірақ мейрамдар мен маңызды ғұрыптар болмаса жалпы діни салттарға қатыспайтындықтарын айтты. Мұнда этникалық, гендерлік түрғыдан, жасқа қатысты және ауыл/қала деңгейінде де елдік көрсеткіштерден айта қоярлықтай айырмашылықтардың байқалмағанын айту керек.

Аймақтық деңгей көптеген облыстардағы жастардың өздерін дінге сенетін адам деп бағалайтындықтарын, бірақ іс жүзінде діни салттарға қатыспайтындықтарын көрсетті, мұнда да елдік көрсеткіштерден айыр-

машылық жоқтың қасы. Тек үш облыстың жастары өздеріне не дінге сенеміз деп, не сенбейтіндер қатарынанбыз деген бір жақты баға берді. Шығыс Қазақстан облысында сауалнамаға қатысқан жастардың 36% өздерін дінге сенбейтіндер қатарына жатқызып, діни салттарға қатыспайтындықтарын, бірақ дінге сенетін адамдардың сезімдеріне құрметпен қарайтындықтарын атап көрсетті. Павлодар облысында жастардың 60% өздерін дінге сенбейтіндер қатарына жатқызыса да, кейбір діни жосындарға қатысып тұратындықтарын айтты. Ал Қызылордада жургізілген сауалнама бұл облыста дінге сенетін және діни ғибадатханаларға, мешіттерге, шіркеулерге тұрақты барып тұратын жастардың ең көп үлесін анықтады. Олардың саны сауалнамаға қатысқан жастардың 36% құрайды.



Кесте №37

ДІНГЕ КӨЗҚАРАСЫҢЫЗ ҚАЛАЙ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Дінге сенемін, діни қауымның мүшесімін, ғибадатханаларға, мешіттерге тұрақты барып тұрамын, дінім талап ететін ғұрыптарды, талаптар мен тынымдарды ұстанамын, өз дінімнің құндылықтарын насиҳаттаймын.	65	6.5
Дінге сенемін, бірақ тек кейбір мейрамдар мен маңызды ғұрыптар болмаса жалпы діни салттарға қатыспаймын.	735	73.5
Дінге сенбеймін, бірақ ұлтымның дәстүрі бойынша кейбір діни салттарға қатысамын және ұлтымның дінін қорғауға дайынмын.	105	10.5
Дінге сенбеймін, діни салттарға қатыспаймын, бірақ дінге сенетін адамдардың сезімдерін құрметтеймін және оларға кедергі келтірмеймін.	50	5.0
Менің алудан тұрлі құндылықтарға қатысты өзімнің жеке дінім бар (мысалы, азаматтық дін, моральдық құндылықтарға деген ізет, бейдәстүр құдайға деген сенім және т.б.).	18	1.8
Дінге сенбеймін, атеист әрі дінге қарсымын, діннің адамзатқа келтіреп пайдасынан зияны көп, сондықтан одан қол үзу қажет деп санаймын.	20	2.0
Жауап беру қыынға соғады	7	0.7
Барлығы	1,000	100.0

Жалпы алғанда төмендегі облыстар этникалық құрылымына қарай өзара айырмашылықта болып келеді, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының халық құрамында орыс ұлты басым болса, Қызылорда об-

лысында қазақ ұлтының үлесі басым. Бірақ бұл жерде Шығыс Қазақстан облысының құрамына қазақ ұлтының өкілі көп бұрынғы Семей облысы қарайтындығын еске-ру қажет. Сондықтан өздерін дінге сенбейтіндер қатарына

жатқызатын жастардың жоғары санын тек этникалық фактормен байланыстыру күрделі. Оның үстіне этникалық деңгей орыстардың (79,9%) ішінде де, қазақтардың (70%) ішінде де өздерін дінге сенетіндер қатарына жатқызатын, бірақ діни салт-ғұрыптарға қатыспайтын жастардың бар екендігін көрсетеді.

Ғибадатханаларға, мешіттерге тұрақты барып, өз дінінің талаптары мен тыйымдарын ұстанып, оның құндылықтарын насиҳаттаушылар бар болғаны 1000-нан 65 адам. 105 адам дінге сенбесе де, өз ұлтының дінін қорғап, өз халқының дәстүрлерін қолдайтындықтан ұлттық мейрамдар мен салт-ғұрыптарға қатысады. Діни көзқарастарды сыйлап, діни салттарға кедергі келтірмейтіндердің саны 1000-нан 50. Нәтижесінде дінді берік ұстанатындардың үлесі 6,5% ғана болса да, респонденттердің басым бөлігінің дінге деген ниеті түзу. Дінге мұлде қарсы көзқараста екенін білдіргендердің үлесі 2% ғана, жауап бер-

мегендердің үлесі 0,7%. Сейте тұра респонденттердің 88,1% Құдайға сенеді.

«Бізде зайдірлы мемлекет болғандықтан, адамдар барлық діндерге үлкен толеранттылық танытады және бұл тамаша! Мен өзім агностикпін, бір тылсым қүштін, яғни, Құдайдың бар екеніне сенемін. Ол қандай да бір өте жоғары сана немесе жалпы ой болуы мүмкін, ол арасы маңызды емес, әйтегі, бір қүштің бары анық, мен жоғары қүштерге сенемін. Құран мен Інжілді оқыдым, бірақ оларды ішінде не бар екенін түсіну үшін әдебиет ретінде оқыдым. Оларға деген көзқарасым өте он.»

(26 жасар жұмыс істейтін жігіт, Астана, ФТ)

Жұмақ не тозақтың бар екендігіне 63,8%, «дүниені Құдай жаратты» деген тұжырымдаманың күмәнсіз екендігіне респонденттердің 66,5% сенеді. Жастардың 57,7% Құдайдың моральдық талаптар мен тыйымдардың көзі екендігіне сенсе, Құдай бар екендігіне және онымен қатысты құбылыстарға мұлде сенбейтін жастардың саны тым аз. Құдайдың бар екендігіне мұлде сенбейтіндердің



(атеистердің) үлесі – 1%, сауалнамаға қатысқандардың 7,5% шұбәлі болса, жас қазақстандықтардың бестен бір бөлігі бүкіл дүниенің Құдайдан

бастау алатындығына және жұмақтың не тозақтың бар екендігіне күмәнмен қарайды (сәйкесінше 5,6% және 4,7%).

Кесте №38

**ТӨМЕНДЕГІ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРҒА СЕНЕСІЗ,
КҮМӘНДАНАСЫЗ НЕМЕСЕ СЕНБЕЙСІЗ: (бұл сұраққа өздерін
белгілі бір дінге сенемін деп бағалайтын
респонденттер жауап береді – 969 адам (96,9%))**

	Сенемін	Күмәндана- мын	Сенбей- мін	Ж/Б қыны
Құдай бар	88,1	7,6	1,0	3,3
Жұмак пен тозақ бар	63,8	23,9	4,7	7,6
Құдай дүниені жаратты	66,5	21,1	5,6	6,8
Құдай моральдық талаптар мен міндеттердің көзі болып табылады	57,7	25,4	7,5	9,4

«Құдайға сенемін, бірақ ережелерді ұстанбаймын, жай өзім үшін бірнеше рет сыйынып жүремін. Бұл мен үшін қолдау болып табылады. Әдетте адамдар қиналған сәтте ғана Құдайға жалбарынады.»

(27 жасар жұмыс істейтін қыз,
Астана, ФТ)

«Шынымды айтсам, Құдайға сенбеймін. Өзімді ешқандай дінге жатқызбаймын, ата-анам мені мұсылман қылып тәрбиелегісі келеді. Әзірше мұның қажеттілігін сезіне қойған жоқпын. Мүмкін болашақта соған келермін, бірақ қазір дін менің өмірімде үлкен рөл атқармайды.»

(26 жасар жұмыс істейтін жас
жігіт, Астана, ФТ)

«Құдай мен менің арамда ешқандай дәнекер болмауға тиіс деп санаймын. Жоғарыда ондай күштің бар екеніне сенемін, кейде бірденелерді сұраймын, бірақ мұсылмандық ғұрыптарда шаруам жок, жүргегімде өзім сенетін күш бар деп ойлаймын, маған сол жеткілікті.»

(22 жасар жұмыссыз қыз, Астана, ФТ)

«Менің, дінім – ислам. Құдайға сенемін. Ислам туралы, дін жөнінде көп нәрсөн білемін. Масхабтың негізін қалаушыны білемін. Өйткені көптеген достарым жұма намазға барады. Кейде солармен еріп, мен де жұма намазға барып, құлшылық қылыштырамын.»

(20 жасар студент жігіт,
Астана, ФТ)

Сауалнамаға қатысқан жастардың көшілігі дін қоғамдық өмірде белгілі бір рөл атқаруы керек деген көзқараста. Бағаның ең көп үлесі 4-7 балл арасынан орын тепті. Ауыл/қала деңгейіндегі жауаптарда аздаған айыр-

«Бәрі айтып өткендей біздің мемлекетіміз – толерантты мемлекет. Көшеде православиелік, католиктік шіркеу бар, ар жағында синагога да тұр, яғни біз бәріне толеранттылықпен Қараймыз. Мен үшін дін – үлкен мейрамдар, мешітке барып тұрамын деп айта алмаймын, бірақ өзімді ислам дініне сенемін деп санаймын, себебі отбасым бұл дінді ұстанады.»

(19 жасар студент қызы,
Астана, ФТ)

машылықтар байқалды: қалалық жастар діннің өмірдегі маңыздылығына 5 балл қойса (25,9%), ауылдық жастар арасында ондай жауап иелері респонденттердің 18,8% құрады.

Кесте №39

ДІН ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДЕ ҚАНДАЙ РӨЛ АТҚАРУЫ КЕРЕК?
(бұл сұраққа өздерін белгілі бір дінге сенемін деп бағалайтын респонденттер ғана жауап береді – 969 респондент (96,9%))

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Аз рөл атқаруға тиіс	46	4,7
2	90	9,3
3	106	10,9
4	173	17,9
5	220	22,7
6	152	15,7
Көп рөл атқаруға тиіс	169	17,4



Жауп беру қыныға соғады	13	1,3
Барлығы	969	100,0
Орташа балл – 4,6		

Күткеніміздей респонденттердің басым бөлігі байырғы ұлттың дәстүрлі діні исламды ұстанады – 66%. Екінші орын-

да православие өкілдері – 30,7%. Саулнамаға сондай-ақ аздаған католиктер (0,2%) мен атеистер (2%) қатысты.

Кесте №40

ҚАНДАЙ ДІНДІ ҰСТАНАСЫЗ? %

Жауп нұсқалары	Саны	Пайызы
Мұсылман	660	66,0
Православиелік	307	30,7
Католик	2	0,2
Атеиспін	20	2,0
Жауп жоқ	2	0,2
Жауп беру қыныға соғады	9	0,9
Барлығы	1000	100,0

Жастардың басым бөлігі өздерінің ұлттының дәстүрлі дінін ұстанады. Сөйтіп қазақтар арасында респонденттердің 96,9% өздерін мұсылмандын деп атаса, саулнамаға қатысқан орыс жастарының ішінде респонденттердің 92,9% өздерін православие дінінің өкілі санайды. Со-

нымен қатар саулнамада қазақтың өзін православие дінінің өкілімін деп, ал орыс мұсылмандын деп таныған си-рек жайттар да тіркелді. Со-нымен қатар орыс ұлттының өкілдері арасында атеистердің көбірек екенін де айта кету керек: 3,2%, қазақтарда 1,1%.

Кесте №41

ҚАНДАЙ ДІНДІ ҰСТАНАСЫЗ? (ұлт деңгейінде)

Жауп нұсқалары	Қазақ	Орыс
Мұсылман	96,9	2,3
Православиелік	1,1	92,9
Католик	-	0,6

Атеиспін	1,1	3,2
Жауап жоқ	0,2	0,3
Жауап беру қыныңға соғады	0,8	0,6

Сөйтіп зерттеу жастардың діни үғымдарының шашыраңқы сипатта, айқын мазмұны жоқ екендігін көрсетеді. Сауалнамада тіркелгендей, діни ұстаным мен этникалық тиістілік арасында тығыз байланыс бар. Жастар Құдайға сенімді қабыл алуға дайын және өздерін дінге сенетін адам деп санайды, сөите тұра құнделікті өмірде діни талаптарды орындаپ, салт-ғұрыптарды ұстануға дайын емес. Сонымен қатар батыс мәдениетіне қарасты кейбір діни мейрамдарды, мысалы, Әулие Валентин күнін, атап өтеді.

Зерттеу жастарда әзірше діншілдіктің тамыры терең емес екенін көрсетеді. Бұл тіпті көбінесе Құдайға деген сенімнен гөрі қазір көп тараған діни шуға еру «модасы» болуы да мүмкін. Бірақ сөите тұра жастарда иманға, идеалға деген мұқтаждық бар екенін айта кетеміз: жастардың дінге деген көзқарасы он, олар діннің қоғам өміріндегі маңызды орнын атап көрсетеді, құндылықтарын ұнатады, бірақ басым бөлігі тілекtes-

бақылаушының көзқарасын ұстанады. Жастар бүгінгі таңда діни қағидаларды игеруде, олардың кейбіреулерін көпшілік алдында ұстануға дайын, бірақ оларды іштей толық қабылдай алмайды деген тұжырым жасауға болады. Яғни, жастарда діннің мәнін толыққанды ұқпаса да, оған деген қызығушылық пен дін өз өмірлерінің маңызды бөлігі болуға тиіс деген үғымды мойындау сезімі бар.

4.3. ЖЫНЫСТЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

Өмірдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси салаларында орын алған өзгерістер оның жыныстық қатынастар қырына да әсер етпей қоймайды, әрине. Қазіргі жаңа үрдістерді – еркін қарым-қатынастарды, азаматтық, некелерді – қоғамдық пікір аясында адамдар әдетте Батыс пен оның ықпалымен байланыстырады. Бірақ қазіргі ғылыми зерттеулер кезінде үстемдік құрған моральдық-



идеологиялық қағидаларына қарамастан Қеңес Одағының жалпы әлемдік үрдістерден артта қалмағанын айқын көрсетеді. Жыныстық қарым-қатынастар және ер мен әйелдің ресми тіркелуге дейінгі бірге тұруының басқа да формалары кеңес дәуірі кезінде де орын алған. Әрине, жыныстық қарым-қатынастар тақырыбына пікір алмасуға қатты тыійм салынған еді. Бірақ бұл кеңес дәуірінің жастарында занды некеге дейін жыныстық қарым-қатынастар болған жоқ деген сөз емес, әрине.

Бүгінгі Қазақстанда жыныстық қатынастарды моральдық

тұрғыдан реттеу мен бағалау әлі бар, бірақ олар бұрынғыға қарағанда икемдірек, бұрынғыдай қатал емес, бостау. Күнделікті және қоғамдық мораль арасындағы алшақтық азайды, ресми мораль мүлде жоқ, соның нәтижесінде жыныстық қарым-қатынастар түрлерінің моральдық көзқарас тұрғысынан сын тезіне түсептін шеңбері тарыла түсуде. Бірақ бұл тақырыпқа қатысты цензура әлі сақталып отыр, қоғамда кәсіби пікірсайыс жоқ. Ал бұл жайт өз кезегінде орын алып жатқан процестерді түсінуге кедергі болады, сол себептен қарым-қатынастың бұл саласындағы қазіргі ахуал бір қарағанда қапыл әрі апатты сипатта секілді көрінеді.

Диаграмма №25 ТӨМЕНДЕГІ ПІКІРЛЕРДІҢ ҚАЙСЫСЫ СІЗДІҢ ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫҢЫЗДЫ СИПАТТАЙДЫ?



Саулнама нәтижелері көрсеткендей, жастар өздерінің жыныстық қарым-қатынастарын талқылауға дағын емес. Тең жартысына таяу бөлігі – 45,2% – бұл сұрақты талқылау ыңғайсыз екенін

айтты. Респонденттердің бұл мәселеге қатысты өз ойын ашық айтуында түрфылықты орын, жынысы, ұлты және жасына қарай айта қоярлықтай айырмашылық байқалған жок.

Диаграмма №26

ТӨМЕНДЕГІ ПІКІРЛЕРДІҢ ҚАЙСЫСЫ СІЗДІҢ ЖЫНЫСТИҚ ҚАТЫНАСТАРЫҢЫЗДЫ СИПАТТАЙДЫ? (жыныс деңгейінде)



Респонденттердің 22,4% әлі жыныстық қатынаста болмаған, 19,4% бір партнёрмен болған, 13% бірнеше партнёрмен жыныстық қатынаста болған тәжірибелері бар. Бірден артық партнёрмен жыныстық қатынасқа түскен жігіттердің саны әйел затының өкілдеріне қарағанда ана-тұрлым көп (18,6% – 7,4%). Жыныстық қатынасқа түспеген қыздардың үлесі саулнамаға

қатысуышылардың 25,3%, жігіттердің үлесі 19,4% құрайды. Жас үлкейген сайын жыныстық қатынасқа деген елігу өсе түседі. Жалпы алғанда жастар некеге дейінгі жыныстық қатынастарды қалыпты құбылыс деп санайды.

**Кесте №42****ҚАЗІРГІ ТАНДАҒЫ ҚЫЗ ПӘКТІГІ ТУРАЛЫ ҚАНДАЙ ОЙДАСЫЗ?**

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Жігіт үшін де, қыз үшін де абырой / маңызды қасиет	264	26,4
Қыз үшін абырой / маңызды қасиет	434	43,4
Жастар үшін психологиялық салмақ	64	6,4
Ескірген пайым	153	15,3
Жауап беру қыынға соғады / Жауап жоқ	85	8,5
Барлығы	1000	100,0

Зерттеу көрсеткендей, жастар арасында қыз пәктігіне деген дәстүрлі көзқарастың сақталып отырғандығы байқалады. Жас қазақстандықтардың жартысынан сәл азырақ бөлігі (43,4%) бүгінгі тандағы

қыздың пәктігі – оның абыройы деп, ал ширек бөлігі (26,4%) жігіттің де, қыздың да абыройы деп санайды. Сауалнамаға қатысқан жастардың 15,3% бұл ескірген пайым деген ойда.

Кесте №43**ЖЫНЫСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА КОНТРАЦЕПТИВТЕРДІ ҚОЛДАНАСЫЗ БА?**

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Иә, тұрақты қолданамын	117	36,1
Иә, кейде қолданамын	99	30,6
Жоқ, ешқашан қолданбаймын	50	15,4
Маған бұл тақырыпқа сөйлеу ыңғайсыз	37	11,4
Маған контрацептив деген сөз бейтаныс	21	6,5
Барлығы	324	100,0

Контрацепция құралдарына деген қатынасты әзірше жағымды деп атауға келмейді. Жауап нәтижелеріне қарағанда оларды жас қазақстандықтардың

36,1% ғана тұрақты, 30,6% кейде қолданса, 6,5% олардан мүлде бейхабар. Бұл жағдай біріншіден, ақпараттың жетіспеушілігінен болу керек,

өйткені оларды қолданатын респонденттер контрацепция құралдарын көбінесе жүктіліктен сақтайтын жол ретінде ғана қарастырады. Сейте тұра жастардың көпшілігі (64,8%) абортқа тыйым салынуы керек екенін айтады; 33% абортқа заңды тұрде толық тыйым салынуы керек десе, 31,8% медициналық себептерден рұқсат етілген жайтардан басқа аборт тұрлеріне заңды тұрде тыйым салынуы

керек деп есептейді. Аборттың заңды тұрде рұқсат етілуін қалайтындардың үлесі 23,5%, бұл мәселені талқылағысы келмейтіндердің үлесі 11,7%. Контрацепция құралдарын қолдану мен абортқа қатысты екі сұраққа берілген жауаптар жігіттердің де, қыздардың да өздерінің жыныстық қарым-қатынастарына аса жауапкершілікпен қарамайтындықтарын көрсетеді.

Кесте №44

АБОРТ ТУРАЛЫ ҚАНДАЙ ОЙДАСЫЗ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Абортқа заңды тұрде толық тыйым салынуға тиіс	330	33,0
Абортқа медициналық көрсеткіштерден басқа жағдайда заңды тұрде тыйым салынуға тиіс	318	31,8
Аборт заңды болуы керек	235	23,5
Жауап беру қыынға соғады / Жауап жок	117	11,7
Барлығы	1000	100,0

Діни денгейде – мұсылман/православиелік – жалпы алғанда жоғарыда атап көрсетілген абортқа тыйым салу жөніндегі үрдіс байқалады. Өздерін мұсылман дінінің өкілі санайтын респонденттер тобымен салыстырғанда православие өкілдері арасында абортқа үзілді-кесілді тыйым салынуы

қажет деп санайтындардың үлесі 6% көп: 31,5% – 37,5%. Сонымен қатар православие өкілдері арасында аборттың заңдастырылуын жақтайдындардың үлесі де мұсылман топқа қарағанда сәл жоғарырақ: сәйкесінше 27,7% және 21,1%. Ал респонденттердің мұсылман




тобының арасында аборт тек медициналық себептерден ғана рүкьсат етілуі қажет деген пікірді құптастындардың

үлесі өздерінің православиелік замандастарына қарағанда көбірек: 34,5% – 25,7%.

Диаграмма №27

АБОРТ ТУРАЛЫ ҚАНДАЙ ОЙДАСЫЗ?

(діни үстаным деңгейінде)





Жалпы алғанда зерттеу нәтижелеріне қарап Қазақстандық жастарда қалыптасып келе жатқан жыныстық мәдениеттің стихиялық сипатта екенін көруге болады. Жыныстық қарым-қатынас тақырыбы тым сезімшіл сипатта қалып отыр, сондықтан да жастар үшін бұл тақырыпқа қатысты пікір білдіру күрделі. Оныңсызтында жастар ілім алатындаї сенімді ақпарат көзі жоқ. Сөйтіп жастар бүгінгі таңда жыныстық қарым-қатынастардың алуан түріне тап келіп отыр. Қоғамда белгілі бір моральдық ережелердің

бар екендігіне қарамастан жастар бұл мәселеде ең алдымен өз буыны мен араласатын ортасы бағалайтын құндылықтарға қарап бет түзейді. Сауалнама көрсеткендей, жігіттердің де, қыздардың да арасында жыныстық қарым-қатынасқа белсенділіктің жас мөлшерімен бірге өсетіні байқалады. Некеге дейінгі қарым-қатынас жастар үшін барған сайын әлеуметтік норма болып барады, бірақ сөйте тұра олар бұл сұраққа қатысты бірқатар мәселелердің шешіміне – мәселен, контрацепция құралдарын қолдануға – үстіртін көзқараста.

ДІНГЕ КӨЗҚАРАС

- Дінге сенемін, бірақ діни салттарға қатыспаймын
- Дінге сенбеймін, бірақ дінге сенетін адамдардың сезімдерін құрметтеймін
- Дінге сенбеймін, бірақ діни салттарға қатысамын
- Дінге сенемін, діни ғұрыптарды ұстанамын, дін құндылықтарын насиҳаттаймын
- Менің алушан түрлі құндылықтарға қатысты өз дінім бар
- Атеист ері дінге қарсымын
- Жауп беру қынға согады



Этникалық деңгей орыстардың ішінде де (79,9 %), қазақтардың ішінде де (70 %) жастардың өздерін «дінге сенемін, бірақ діни салттарға қатыспаймын» деп санайтындықтарын көрсетеді.

Аймақтық ерекшеліктер

Обылстардың көпшілігінде жастар өздерінің дінге сенетіндіктерін, бірақ діни салттарға қатыспайтындықтарын айтады.



Павлодар облысында жастардың 60 % өздерін дінге сенбейтіндер қатарына қосады, бірақ кейір діни ғұрыптарға қатысады.

Шығыс Қазақстан облысында сауланамага қатысқан жастардың 36 % өздерін дінге сенбейтіндер қатарына қосады, бірақ дінге сенетіндердің сезімдерін құрметтейді.

Қызылорда облысында 36 % жастар өздерін дінге сенемін деп санап, діни гибадатханалар мен мешіттерге тұрақты барып тұрады.



ҚҰДАЙҒА СЕНІМ



Құдай бар



Жұмақ, пен тозақ бар



Құдай дүниені жаратты



Құдай моральдық талаптардың көзі болып табылады

88,1 % сенеді

7,6 % күмәндандады

1 % сенбейді

63,8 % сенеді

23,9 % күмәндандады

4,7 % сенбейді

66,5 % сенеді

21,1 % күмәндандады

5,6 % сенбейді

57,7 % сенеді

25,4 % күмәндандады

7,5 % сенбейді

КОНФЕССИЯ

Қандай дінде ұстанасыз?



Респонденттердің ұлты деңгейінде


96,9 % 2,3 %




1,1 % 92,9 %




1,1 % 3,2 %



- 0,6 %



0,8 % 0,6 %



0,2 % 0,3 %



ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қазақстандықтар ең жоғары бағалайтын қасиеттер

█ Мен үшін ең маңыздысы

█ Екінші орында маңызды

█ Үшінші орында маңызды



█ **83,1 %** Толеранттылық

█ **19,2 %** Толеранттылық

█ **18,5 %** Адалдық

█ **16,0 %** Аудаттылық

█ **11,8 %** Шыншылдық


█ **10,7 %** Альтруизм



Құндылықтар, ұлт деңгейінде

Қазақтар

Орыстар



Құндылықтар, қала/ауыл деңгейінде

Қала

Ауыл



ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Төмендегі пікірлердің қайсысы сіздің жыныстық қатынастарыңызды сипаттайды?

.....

22,4 %

Менде жыныстық қатынас болып көрген жоқ

.....

19,4 %

Менде бір партнёр мен жыныстық қатынас болды

.....

13 %

Менде бірден көп партнёрген жыныстық қатынас болды

.....

45,2 %

Маган бұл тақырыпқа пікір білдіру ынғайсыз



• 19,4 % (ер)

• 25,3 % (әйел)

• 17 %

• 21,8 %

• 18,6 %

• 7,4 %

• 44,9 %

• 45,5 %



26,4 %

Жігіт үшін де, қыз үшін де абырай / маңызды қасиет



43,4 %

Қыз үшін абырай / маңызды қасиет



6,4 %

Жастар үшін психологиялық салмақ,



ПӘКТІК



15,3 %

Ескірген пайым



8,5 %

Жауап беру қыннга соғады



КОНТРАЦЕПТИВТЕР

- 🛡️ **36,1 %** Иә, тұрақты қолданамын
- 🛡️ **30,6 %** Иә, кейде қолданамын
- 🛡️ **15,4 %** Жок, ешқашан қолданбаймын
- 🛡️ **11,4 %** Маған бүл тақырыпқа пікір білдіру ынғайсыз
- 🛡️ **6,5 %** Маған контрацептив деген сөз бейтансы



АБОРТ

31,8%

Абортқа медициналық көрсеткіштерден басқа жағдайда занды түрде тыйым салынуға тиис

23,5%

Аборт занды болуы керек

33%

Абортқа занды түрде толық тыйым салынуға тиис

28 %

21 %

35 %

26 %

64,8 %

Abort carc.


11,7%

Жауп беру қыныға соғады

Діни үстаным: ■ ≠ ■ ☈

**ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС БАҒДАРЫ БОЙЫНША
АЗШЫЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНЕ КӨЗҚАРАС**

Басқа жыныстық бағдардағы адамдарға қатынасыңыз қандай?
(діни үстінам дәңгейінде)



Кіммен көрші болғыңыз келмейді?

(дайын тізімсіз ашық сұрақ)





5-ТАРАУ. ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Қазіргі таңда жастардың саяси өмірде белсенді емес екендіктері айтылады. Бұл жайтын әртүрлі сарапшылар бірқатар себептер арқылы түсіндіреді, солардың ішінде мынадай себептер басым түрде атап көрсетіледі: жастардың қызығушылығын оятарлықтай нақты саяси күштердің жоқтығы; жастардың саяси процестерге ықпал етуге өздерінің дәрменсіздіктерін білуі және т.б. Сол себептен аталмыш тарауда зерттеу назары жастардың саяси көзқарастарына, олардың ел ішіндегі, елден тысқары орын алған саяси оқиғаларға деген қызығушылығына, сондай-ақ жастардың сайлау алдындағы науқан барысындағы белсенділігіне аударылды.

5.1. Саяси құндылықтар, қызығушылықтар және белсенділік

Азаматтардың саяси белсенділігіне қатысты алуан түрлі зерттеулерде олардың саясатқа қатысу деңгейі мен саясатқа деген қызығушылық деңгейінің статистикалық арақатынасына назар аударылады. Саясатқа көбірек қызығушылық танытатын адамдар оған қатысуға да бейімдірек келеді. Бірақ сонымен қатар ондай зерттеулерде жасалған қорытындыда саясатқа қатысадын әртүрлі формалары мен ел азаматтарының саясатқа деген қызығушылығы арасындағы байланыс әртүрлі деңгейде болатындығы ерекше атап көрсетіледі.

Мысалы, саясатты қызықтатын адамдар сайлау алдында мемлекеттік билік

органдарына хат не өтініш бағыттау, демонстрациялар, қоғамдық қозғалыстарға қатысу сияқты басқа формаларға көбірек көніл бөліп, әдette басты науқанға тікелей қатыса қоймайды. Мұны дәлелді қатысу деп атауға болады. Ал әдette саясатқа көп қызығушылық таныта қоймайтын азаматтар сайлауға жирик барады, бұл жоғарыдағы формаға қарағанда символикалық қатысу болып табылады. Мұндай қорытындылар алуан түрлі елдерде кең көлемде жүргізілген салыстырмалы зерттеулер барысында жасалған. Бірақ бұл жерде мұндай арақатынастардың ересек буынға қарағанда жастар арасында әлсіз көрсетілгенін атап өтеміз.

Сондықтан жастардың елдегі саяси өмірге деген қызығушылығын зерттеумен қатар басқа арақатынастарға да ден қойылды. Мәселен, бір жағынан Қазақстан жастарының саясатқа деген қызығушылық деңгейі мен саясатқа қатысу деңгейінің арасында өзара ықпал бар ма, екінші жағынан жастардың саясатқа деген қызығушылығы

мен жастар арасындағы саясатқа қатысудың белгілі бір формаларының «тәньямал» деңгейі арасында өзара қатынас бар ма деген сұрақтарды атауға болады. Яғни, жастар арасындағы саясатқа қатысудың символикалық және дәлелді формаларының арақатынасы зерттеледі. Мәселенің бұл қырларын сараламай тұрып, алдымен жастардың саяси құндылықтарына көніл бөлеміз.

Саяси құндылықтар

Зерттеудің маңызды міндепті саяси оқиғаларды түсінуге және елдің болашақ саяси дамуына қатысты көзқарастарына әсер ететін жастардың саяси құндылықтары мен сенімдерін анықтау мәселесі болды. Осыған байланысты жұмыстың бұл тармағында маңызды үш сұрақты саралаймыз. Бірінші сұрақ – жастардың елдегі демократияның даму деңгейіне беретін бағасы және қазақстандық қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың құқықтарына қатысты мәселе. Екіншіден, жас буын арасындағы дараашылдық



және ұжымшылдықтың (орыс тілінде индивидуализм и коллективизм – ауд. ескертүі) арақатынасын зерттеуге тырысамыз. Ал үшінші маңызды сұрақ жас қазақстандықтардың саяси көзқарастарын олардың

оңшыл, солшыл және орта бағытқа бөлінуі түрғысынан сараптау болып табылады. Бұл атап көрсетілген үш фактор жас буынның көзқарасындағы саяси өзгерістердің деңгейін зерделеуге мүкіндік береді.

Кесте №45

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ДАМУЫНА ЖАЛПЫ АЛҒАНДА ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАНАҒАТТАНАСЫЗ НЕМЕСЕ ҚАНАҒАТТАНБАЙСЫЗ?

Жауп нұсқалары	Саны	Пайызы
Толық қанағаттанамын	98	9,8
Қанағаттанамын	423	42,3
Біршама деңгейде қанағаттанамын	256	25,6
Қанағаттанбаймын	48	4,8
Мұлде қанағаттанбаймын	4	0,4
Жауп беру қыынға соғады / Жауп жок	171	17,1
Барлығы	1000	100,0

Зерттеуге қарағанда жастар елдегі демократияның даму деңгейіне оң баға береді. Нәтижелер көрсеткендей, жастардың басым бөлігі – респонденттердің 77,7% – риза екендіктерін білдірді. Сұраққа респонденттердің 17,1 жауп бере алмады, қанағаттанбайтындардың үлесі 5,2%. Демократияның даму деңгейіне разы респонденттердің көпшілігі – өздерінің қаржылай

жағдайына жоғары баға бергендер, олардың үлесі 26%. Бірақ сейте тұра сұраққа жауп беру қыынға соққандар арасында өзінің қаржылай жағдайын «жақсы» (16%) және «жаман» (12,3%) деп бағалаған жастармен салыстырғанда «өте жақсы» деп бағалағандардың үлесі көбірек (33,3%). Қаржылай жағдайы «жақсы» және «жаман» деп көрсетілген жастардың арасында демократияның да-

му деңгейіне оң баға берген респонденттердің саны бар болғаны 9,5% және 0,9%.

Әлеуметтік жағдай индексі ауқатты әлеуметтік топқа жаттын жастардың да, төмен әлеуметтік топқа жаттын жастардың да елдегі демократияның дамуына қанағаттану деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Олардың үлесі 44,8% (төменгі әлеуметтік топтар) – 55,8% (жоғарғы әлеуметтік топтар) аралықты құрайды. Жастардың өмір сүру шарттарына қанағаттану деңгейіне қатысты пайыздық үлес те осыған үқсас. Ол шарттарды «өте жақсы» деп бағалайтындардың ішіндегі демократияның дамуын толық қанағат тұтатындардың саны 24,5% болса, өмір сүру шарттарын «жақсы», «орташа» және «жаман» деп бағалайтын респонденттердің үлесі сәйкесінше 11,2%, 3,3% және 0%. Саул нама нәтижелері демократияның дамуына қанағаттану деңгейі материалдық жағдайдың көрсеткіштеріне байланысты деп үйігаруға

мүмкіндік береді. Жастар өз материалдық жағдайын неғұрлым тәмен бағалаған сайын демократияның даму деңгейіне соғұрлым аз қанағат танытады.

Сонымен қатар жас респонденттер Қазақстанда әйелдердің (84,8%), этникалық диаспора (71,5%) мен дінге сенетін адамдардың (69,3%) құқықтары жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілген деп сенеді. Кедейлер мен мүгедектердің құқықтары одан азырақ деңгейде қорғалған деп саналады. Жастардың 55,6% және 59% соғы екі топ өкілдерінің құқықтары жеткілікті дәрежеде қорғалған деп санаса, 33,9% және 28,7% олардың құқықтары жоқ деп біледі. Оң жауаптардың ең аз бөлігі гомосексуалистер мен жыныстық қатынас бағдары бойынша азшылық өкілдерінің құқықтарын бағалауда байқалады: 27,9% бұл категорияның құқықтары жеткілікті, 9% – құқықтары өте көп, 38,6% – құқықтары жоқ деп санайды. Сондай-ақ жастардың жауап беруге ең




көп қиналған тобы да осы категория болды – білмеймін дегендердің үлесі 24,5%. Басқа деңгейлерде жал-

пы елдік көрсеткіштерден айта қоярлық ауытқушылықтар байқалған жоқ.

Диаграмма №28

ТӨМЕНДЕГІ ТІЗІМДЕГІ ӘР ТОПТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАНДАЙ?



■ Тік тәсіл (5,8) ■ Күшті тәсіл (69,3) ■ Күккүйтілгендер (15,3) ■ Күккүйтілгендер (9,6)

Респонденттердің үйымдастырудың қоғамды маңызды қағидалары мен нормаларына қатысты келісемін / келіспеймін деген түрде берген жауаптары да – назар аударуға тұрарлық

жайт. Бұл сұрақтың жауаптарын екі өлшем – оңшыл-солшыл-орта және дарашылдық-ұжымшылдық секторларына бөлу – түрғысынан жіктеп қарастырамыз.

Кесте №46**ТӨМЕНДЕГІ ОЙЛАРМЕН ҚАНШАЛЫҚТЫ ДЕҢГЕЙДЕ КЕЛІСЕСІЗ НЕМЕСЕ КЕЛІСПЕЙСІЗ?**

	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Мұлдау келіспеймін	Ж/Б қызын
Әділдік адамдардың өмір сүру деңгейінің ұқсастығында көрініс табады.	28,7	37,4	27,5	3,0	3,4
Адамдардың өмір сүру деңгейіндегі айырмашылық олардың қабілеттеріне байланысты, сондықтан да әділ.	17,6	46,4	26,5	5,2	4,3
Мемлекет кедейлерге өмір сүрудің лайықты деңгейін қамтамасыз етуге тиіс. Байлар өз мүліктерін кедейлермен бөлісуге міндетті.	36,2	37,8	19,1	3,2	3,7
Мемлекет мүлік бөлісіне аралас-пауға тиіс. Адамдар өз материалдық жағдайы үшін өздері жауп береді.	15,6	34,5	39,7	6,5	3,7
Қоғам мұддесі жеке адам мұддесінен маңызды.	24,1	32,0	34,0	5,6	4,3
Жеке тұлғаның құқығы қоғамның ұжымдық мұдделерінен жоғары.	10,0	33,5	41,5	8,3	6,7
Қоғам мемлекет бекіткен ережелер бойынша өмір сүрге тиіс.	25,1	38,2	26,8	4,1	5,8
Қоғам өзін-өзі үйымдастыруға, ал мемлекет тек шарттарды қамтамасыз етуге тиіс.	29,5	39,3	18,8	6,7	5,7
Еркіндік қауіпсіздікten маңызды.	14,9	32,6	39,2	8,3	5,0
Қауіпсіздік еркіндіктен маңызды.	20,4	40,9	28,2	4,8	5,7



Бірінші өлшем бойынша атальыш сұраққа берілген жауаптар оңшыл, солшыл және орта бағытқа бөлу түрғысынан жастардың саяси көзқарастарының арақатынасын саралауға мүмкіндік береді. «Оңшыл» саяси секторды мемлекеттен көмек күтпей өзінің күш-жігері мен отбасына сенуді артық санайтын жастар құрайды, оларға либералдық идеялар мен құндылықтар жақын. Мемлекет қолдауын өз мақсаттары мен мұраттарын жүзеге асыру жолындағы міндетті

шарттардың біріне балайтын «солшыл» сектор өкілдерінің ұфымында ұжымдық сипат басымырақ және оларға кеңестік дәуір құндылықтары мен мазмұндары жақын.

Теменде көрсетілген график «оңшыл» жастардың үлесі респонденттердің 35,8%, «солшыл» жастардың үлесі 46,4%, көзқарастарында «оңшыл» сипат та бар, сейте тұра кеңес дәуірінің құндылықтарынан толық бас тартпаған «бейтарап» топ респонденттердің 17,8% құрайтынын көрсетеді.

Диаграмма №29
ҚОҒАМДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НОРМАЛАРЫ




Сауалнама бойынша оңшыл сектордың

құндылықтарына арқа сүйегіндермен салыстырғанда сол-

шыл көзқарасты қолдайтын жастардың саны басымырақ. Қазақстандық жастардың арасында солшыл көзқарастың басымболуының себебі қоғамның әлеуметтік жіктелуінің және әлеуметтік теңсіздіктің есіп келе жатқандығымен байланысты болуы керек, жастар бұл жайтқа қарап әлеуметтік әділдік жоқ деп көреді. Саяулнама елдегі жас буынға солшыл бағыттағы

құндылықтар жақынырақ екенін көрсетті. Сөйтіп жастардың идеологиялық көзқарастары қалыптасу сатысында болса да және Қазақстан жастарының белгілі бір бөлігі «оңшыл» көзқарастар мен құндылықтарды жақтаса да, жастар арасында «солшыл» идеяларға деген бағдардың басымдылығы байқалатының айтуға болады.

Диаграмма №30



Саяулнама сондай-ақ жас буын көзқарасында дараышылдық-пен салыстырғанда үжымдық құндылықтардың басымдау екендігін анықтауға

мүмкіндік береді. Үжымдық сипаттың басымдылығы, әсіресе, төмендегі екі тұста айқын аңғарылады: «Мемлекет мүлік бөлісіне араласпауға



тиіс. Адамдар өз материалдық жағдайы үшін өздері жауап береді» дегенге (50,1%) қарағанда «Мемлекет кедейлер үшін өмір сұрудің лайықты деңгейін қамтамасыз етуге тиіс. Байлар өз мүліктерін кедейлермен бөлісуге міндепті» (74%) және «Еркіндік қауіпсіздіктен маңызды» деген жауапқа (47,5%) қарағанда «Қауіпсіздік еркіндіктен маңызды» (61,3%) деген пікір басым. Басқа тұжырымдамалар бойынша ұжымдық құндылықтарды қолдайтын жастар мен дараыштықты сипаттайтын тұжырымдамалармен келісетін жастардың үлесі шамалас, ұжымшылдық жағындағы басымдылық сәл ғана артық.

Мәселен, «Әділдік адамдардың өмір сұру деңгейінің үқастығында көрініс таба-

ды» деген тұжырымдамамен келісетін респонденттердің саны (66%) мен «Адамдардың өмір сұру деңгейіндегі айырмашылық олардың қабілеттеріне байланысты, сондықтан да әділ» деген ойды қолдайтындардың саны (64%) шамалас. Тағы бір мысал – жастардың 56% «Қоғам мүддесі жеке адам мүддесінен маңызды» деген пікірді қолдаса, 43,5% «Жеке тұлғаның құқығы қоғамның ұжымдық мүдделерінен жоғары» деп санайды. «Қоғам мемлекет бекіткен ережелер бойынша өмір сұруға тиіс» (63,3%) және «Қоғам өзін-өзі үйымдастыруға, ал мемлекет тек шарттарды қамтамасыз етуге тиіс» (68,8%) деген тұжырымдамалар арасында да аз ғана пікір айырмашылықтары байқалады.

Кесте №47

СІЗДІҢ САЯСИ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ АТА-АНАҢЫЗДЫҢ ОЙЛАРЫМЕН СӘЙКЕСЕ МЕ?


Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Толық сәйкеседі	119	11,9
Біршама деңгейде сәйкеседі	428	42,8
Аздап сәйкеседі	214	21,4
Мүлде сәйкеспейді	71	7,1
Жауап беру қыынға соғады / Жауап жоқ	168	16,8
Барлығы	1000	100,0

Респонденттердің саяси көзқарастары мен ата-аналарының көзқарастары өзара сәйкесе мөдеген сұраққа қатысты берген жауаптарынан да осындай арақатынасты көруге болады. Сауалнамаға қатысушылардың тек 11,9% толық сәйкеседі, жартысынан сәл азырақ бөлігі біршама деңгейде сәйкеседі десе (42,8%), аздап қана сәйкесетіндердің үлесі 21,4%, мүлде сәйкеспейтіндердің үлесі 7%. Жастардың 16,8% үшін бұл сұраққа жауап беру қыынға соқты. Сөйтіп жас буын мен ересек буын арасында көзқарас айырмашылығы байқалады деуге болады, бұл айырмашылық, барған сайын өсе беруі мүмкін.

Саяси қызығушылықтар және белсенділік

Сауалнама көрсеткендегі, жастар саясатқа жалпы алғанда не кейде ғана (45,9%) ынта білдіреді, не оны мүлде қызықтамайды (33,6%). Бірақ саясатқа деген ынта респонденттердің жас мөлшерімен байланысты өсе түседі: мәселен, 14-16 жас аралығындағы респонденттер ортасында саясатқа немікүрайлы қарайтындардың үлесі көп, олар 52,8 – 47,3% арасында болса, 29 жасар респонденттер арасында мүндай үлес 17,6% дейін төмөндейді.

Диаграмма №31
САЯСИ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАР, ЖАС МӨЛШЕРИНЕ ҚАТЫСТЫ ДИНАМИКА





Саялнама деректеріне қарағанда жастар өздерінен гөрі ата-аналарының саясатты көбірек қызықтайдынығына сенімді. Жастардың 30,5% ата-аналарының саясатқа үнемі ынталы екенін, 48,4% кейде ынта танытатындығын, 16,7% мүлде қызықтамайтындығын

білдірді. Қыздарға (16,4%) қарағанда жігіттер (19%) саясатқа көбірек қызығушылық танытады, бірақ жігіттерге (10,8%) қарағанда қыздардың (13%) саяси көзқарастары ата-аналарының көзқарастарымен көбірек сәйкеседі.

Кесте №48

АТА-АНАҢЫЗ САЯСАТҚА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚЫЗЫҚТАЙ МА?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Иә, үнемі қызықтайды	305	30,5
Кейде ғана қызықтайды	484	48,4
Мүлде қызықтамайды	167	16,7
Жауап беру қыынға соғады / Жауап жок	44	4,4
Барлығы	1000	100,0

Саясат пен әлемде болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат алатын басты көздер – телевизия (89,2%), ғаламтор (60,5%), отбасылық пікір алмасулар (33,1%), ағайын-туыс пен достармен әңгіме (16%). Әлеуметтік желілерді саяси ақпараттардың көзі ретінде қолданатын жастардың үлесі респонденттердің 10% ғана құрайды. Ғаламтор, радио және әлеуметтік желілер саяси ақпараттар алатын құрал ретінде қалалық жастар арасында көбірек танымал бол-

са, ауыл жастары үшін телевизия мен күнделікті газеттердің маңызы артық. Ауыл тұрғындарының ғаламторды белсенді қолданбауы не оның ауылдық елді мекендерде жоқтығынан немесе қызметінің ауыл тұрғындары үшін қымбаттылығынан. Ауылдық жастар ақпарат алу үшін өздерінің қалалық құрдастарына қарағанда отбасылық пікір алмасулар, дискуссиялар және достармен әңгіме-дүкен секілді жолдарды көбірек қолданады.

Диаграмма №32

САЯСИ ОҚИҒАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАРДЫҢ БАСТЫ КӨЗДЕРІ ҚАНДАЙ?




Жастар үшін саясат пен азаматтық бастамаларға қатысу маңыздылығының деңгейі мен саяси ақпараттарға деген қызығушылық деңгейінің пайыздық арақатынасы үқсас. Саясатпен айналысып, азаматтық бастамаларға қатысу «онша маңызды емес» (45,9%) және «мұлде маңызды емес» (35,5%) деп санайтын респонденттердің саны мен саяси ақпаратты кей-

де қызықтатынын (45,9%) және «мұлде қызықтамайтындардың» (33,6%) үлесі өте үқсас. Сондай-ақ қалалық замандастарына қарағанда ауылдық жастардың азаматтық ұстанымдары белсендірек екендігі қызықты. Гендерлік деңгейде елдік көрсеткіштермен салыстырғанда айта қоярлық айырмашылықтар байқалған жоқ.



Диаграмма №33

**СІЗ ҮШІН САЯСАТПЕН АЙНАЛЫСУДЫҢ, АЗАМАТТЫҚ
БАСТАМАЛАРҒА ҚАТЫСУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?
(қала/ауыл деңгейінде)**



Жастардың саясат пен азаматтық бастамаларға қатысұнының қалалық жастардың деңгейі мен нақты қатысу деңгейін салыстырып қараша белгілі бір айырмашылықтың бар екенін көрсетеді. Саясатқа қатысу қалалық жастардың 15%, ауылдық жастардың 21,3%, азаматтық бастамаларға қатысу қалалық жастардың 18,5%, ауылдық жастардың


25,6% үшін маңызды. Волонтёрлық іс-әрекеттерге нақты қатысқандардың үлесі респонденттердің 9,3% құрайды. Ал қала/ауыл деңгейінде пайыздық арақатынас төмендегідей: 10,8% – қалалық жастар және 7,5% – ауылдық жастар. Жалпы саннан 46,2% қоғамдық орындарды тазалаумен айналысқан; 38,7% азаматтардың белгілі

бір категориясының өкілдеріне көмек пен қолдау көрсеткен;

33,3% көшет отырғызып, оларды күтүмен айналысқан.

Диаграмма №34

СОҢҒЫ 12 АЙДА ВОЛОНТЁРЛҮК ІС-ЭРЕКЕТТЕРГЕ ҚАТЫСТЫҢЫЗ БА?



Ақысыз қоғамдық-пайдалы еңбекпен айналысқан респонденттердің үлесі 12,7%, бұл сан волонтёrlыққа қатысты сұрақтың жауабына қарағанда сәл көбірек. Қала/ауыл деңгейінде арақатынас төмендегідей: қалалықтардың 11% мен ауылдықтардың

14,7% ақысыз еңбекке араласқан. Олардың бестен бірге таяу бөлігі қоғамдық-пайдалы еңбекпен ай сайын немесе үш айда бір рет айналысқан; респонденттердің жартысынан көбірек бөлігі жарты жылда бір рет ақысыз жұмыс істеп көрген.



Диаграмма №35

ҚОҒАМДЫҚ-ПАЙДАЛЫ ЕҢБЕККЕ АТ САЛЫСУ, %




Диаграмма №36

АҚЫСЫЗ ҚОҒАМДЫҚ ЕҢБЕКПЕН ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИИ АЙНАЛЫСАСЫЗ? (127 РЕСПОНДЕНТ), %



Волонтёрлықпен айналысудың басты себебі қоғамдық еңбекті (қоғам өміріне қатыстылықты) сезініп көру болып табылады. Бұл себепті волонтёрлықпен

айналысқан респонденттердің жартысынан көбі атап көрсетті (52,7%). Екінші орында жиі аталған себеп басқаларға деген адалдық сезімі болды

(11,8%), бұл сезім жастардың ақысыз ерікті жұмыспен

айналысуға итермелеген.

Диаграмма №37

СОҢҒЫ 12 АЙДА ҚАНДАЙ ВОЛОНТЁРЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРМЕН АЙНАЛЫСТИНЫЗ?



Волонтёр-респонденттердің 8,6% басты себептердің бірі ретінде отбасылық дәстүрлерді сақтау жолын атап көрсетуі – қызықты дерек. Қазақстандық қоғамда тәжірибе жүзінде волонтёрлық салттың жоқ екендігін ескерсек, бұл біздің ойымызша жоғары көрсеткіш. Волонтёрлық іспен айналы-

су себептерінің қатарында сондай-ақ діни қағидалар, жаңадостар табу, кәсіби білімді сынау атап көрсетілді. Саялнама нәтижелеріне қарағанда жастар волонтёрлық істің маңыздылығын түсінеді, бірақ оған қатысудың себептері әлі қалыптаспаған немесе оны саналы түрде ұға қоймаған.



Кесте №49

СІЗДІ ВОЛОНТЁРЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРМЕН АЙНАЛЫСУҒА ИТЕРМЕЛЕЙТИН БАСТЫ СЕБЕПТЕР ҚАНДАЙ?

(бұл сұраққа соңғы 12 айда волонтёрлық істермен айналысқан респонденттер ғана жауап береді – 93 респондент (9,3%))

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Белсенділік / қоғамдық істермен айналысуды сезіну тілегі	49	52,7
Басқаларға деген адалдық сезімі	11	11,8
Отбасылық дәстүр	8	8,6
Діни қағидалар	7	7,5
Жаңа достар табу тілегі	5	5,4
Кәсіби біліммен айналысу тілегі	4	4,3
Кейінірек сізге жұмыс ұсынуы мүмкін жеке жұмыс берушілермен танысу, оларға ұнау тілегі	-	-
Кейінірек сізге жұмыс ұсынуы мүмкін мемлекеттік жұмыс берушілермен танысу, оларға ұнау тілегі	1	1,1
Кейінірек сізге жұмыс ұсынуы мүмкін халықаралық институттардың басшыларымен танысу, олармен кездесу тілегі	-	-
Жауап беру қыынға соғады / Жауап жоқ	8	8,6
Барлығы	93	100,0

Гендерлік деңгей жастардың волонтёрлық іс-әрекеттерге қатысу себептеріне қатысты қызықты жайтты көрсетеді, ал басқа деңгейлер бойынша елдік көрсеткіштерден көп айырмашылық байқалған жоқ. Жастарды волонтёрлық іс-әрекеттерге ең алдымен қоғамдық іспен айналысуды сезіну тілегі итермелейді,

респонденттердің жартысынан сәл көбірек бөлігі (58%) осы себепті атап көрсетті. Екінші орынға жас қазақстандықтардың ойынша волонтёрлық істерге қатысуға ықпал ететін діни қағидалар орын тепсе (сауалнамаға қатысқандардың 14%), респонденттердің 9,3% үшін бұл сұраққа жауап беру қыынға соқты.

Берілген жауаптарға қарап мынадай үйіфарымға келуге болады: жастар волонтёрлық іс-әрекеттерді қоғамға пайдада әкелу мен ел дамуына өзіндік үлес қосу тұрғысынан емес, мақсаты «Күдай солай болуын қалайды» деген сияқты жоғары жақтан келген бұйрыққа бағынуды көрсететін міндет ретінде түсінеді. Қыздар арасында алғашқы үштік сәл өзгеше: 1) қоғамдық іспен айналысады сезіну тілегі (48%); 2) басқаларға деген адалдық сезімі (18%); 3) отбасылық дәстүрлер (10%). Жігіттер мен қыздардың жауаптары сондай-ақ бүгінгі таңда дін қыздарға қарағанда жігіттерге көбірек ықпал етеді деген жорамал жасауға мүмкіндік береді.

Жастардың өмірдің саяси және қоғамдық салаларына қатысуының басқа

формалары – мемлекеттік құрылымдар, үкіметтік емес үйімдар мен саяси партиялар қатарында болу – жас респонденттердің пікірінше орташа деңгейде. Респонденттер жастардың жоғарыда аталған үйімдардағы қатыстылық деңгейін жалпы алғандажоғарыденгейдеемес деп бағалайды. Жастардың тек аз бөлігі ғана – 5,6% (үкіметтік емес үйімдар) – 8,2% (мемлекеттік органдар) аралығында – бұл үйімдардағы жастардың үлесі жеткілікті жоғары деңгейде деген пікірде. Респонденттердің үштен бір бөлігі (шамамен 34%) атальыш құрылымдардағы жастардың қатысу үлесіне «біршама деңгейде», соған таяу бөлігі (шамамен 32%) «аздап», сауалнамаға қатысқан респонденттердің 10% «мұлде жоқ» деген баға береді.

**Кесте №50**

ЖАСТАР САЯСАТҚА ҚАНДАЙ ДЕНГЕЙДЕ ҚАТЫСТЫРЫЛАДЫ?
(САЯСИ ПАРТИЯЛАР ҚҰРАМЫНДАҒЫ ЖАСТАР, ЖАСТАР ҮЙЫМДАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА Да ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҮЙЫМДАР)

	Жоғары	Біршама денгейде	Төмен	Мұлде қатыс- тырыл- майды	Білмей- мін/ Жауап жоқ
Мемлекеттік үйымдар	8,2	34,7	31,9	11,5	13,7
Саяси партиялар	7,2	33,4	32,0	11,7	15,7
Үкіметтік емес үйымдар	5,6	33,3	30,3	10,1	20,7

Зерттеу нәтижелері жастардың барынша белсенділігі сайлау кампаниясы кезінде көрінеттінін байқатады. Сайлауға қатысып көрген респонденттердің үлесі 48,5%, өзінің ойына немесе сол сәтте орын алған шарттарға сай дауыс беруге ешқашан қатысып көрмегендердің үлесі

29,7%, жасы жетпегендіктен сайлауға қатыспағандардың үлесі 17,2% құрайды. Гендерлік денгейде алып қарасақ, сайлау кампанияларына жігіттерге (8%) қарағанда қыздар (11,8%) белсендірек қатысқан.

Кесте № 51

**ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫНА ИЕ БОЛҒАННАН БЕРІ НЕШЕ РЕТ
САЙЛАУҒА ҚАТЫСҚАНЫҢЫЗ ЕСІҢІЗДЕ МЕ?**


Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Мүмкіндігінше барлық сайлауға	99	9,9
Көпшілік сайлауға	101	10,1
Кейбір сайлауға	285	28,5
Ешқашан	297	29,7
Дауыс беретін жасқа жеткен жоқпын	172	17,2
Жауап беру қыынға соғады / Жауап жоқ	46	4,6
Барлығы	1000	100,0

Жастардың сайлау процестеріне қатысуына олардың өз дауыстарының биліктің орталық және жергілікті құрылымдарының іс-әрекетіне ықпал ететіндігі туралы ойлары себеп болады деп айтуда болады. Респонденттердің 33,8% (9,7% – жоғары деңгейде, 24,1% – біршама деңгейде) олардың дауыстары орталық органдардың (парламент пен үкіметтің) жұмысына әсер етеді; ширек бөлігі (23,2%) аздап әсер етеді; одан сол көбірек

бөлігі (26,2%) ешқандай ықпал етпейді деп санайды. Жастардың биліктің жергілікті органдарына (мәслихаттар мен әкімдіктерге) қатысты ойларында да жоғарыдағыдан көп айырмашылық жоқ. Шамамен үштен бір бөлігі (31,5%) он жауп беріп, өз дауыстары жергілікті билік органдарының жұмысына әсер етеді деп сана-са, төрттен бір бөлігі (25,1%) олардың дауыстары аздап ғана әсер етеді, 26,3% мұлде әсер етпейді деген ойда.

Диаграмма №38

СІЗДІҚ ОЙЫҢЫЗША ӨЗ ДАУЫСЫҢЫЗ ТӨМЕНДЕГІ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫНА ҚАНДАЙ ДЕҢГЕЙДЕ ӘСЕР ЕТЕДІ?





Бұл тармақ бойынша ойымыздың қорытындыласақ, төмендегідей тұжырымды баса айтуға болады. Сауалнама жастардың демократия туралы пікірі әлі қалыптастып улгермен деп пайымдауга мүмкіндік береді. Сол себептен болу керек, олардың саясат пен демократияға деген көзқарастары белгілі бір әлеуметтік топқа тиістілігіне байланысты емес немесе аз ғана деңгейде байланысты.

Зерттеу сонымен қатар жастардың айтулы бөлігі саясатқа ешқандай қызығушылық, танытпайтынын және олардың маңызды қоғамдық жобаларға қатысу деңгейі төмен екенін анықтады. Жастардың саясатқа деген қызығушылығының төмендігін жас ерекшелігімен және олар үшін саясаттан басқа да өз белсенділігін көрсететін көптеген салалар бар екендігімен де түсіндіруге болады. Жастардың енжарлығы сондай-ақ сайлауға деген қатынасынан да көрінеді, дауыс беретін жасқа жеткендердің көбі сайлау кампанияларына қатыспайды. Әйтсе де өз дауысының алуан түрлі саяси субъектілердің

іс-әрекетіне, соның ішінде ең алдымен мемлекеттік құрылымдардың жұмысына әсер ететіндігіне сенетін жастардың үлесі салмақты.

Бірқатар зерттеушілер көптеген жастардың саясаттан оқшаулануын дарашилдық құндылықтарының басымдылығымен байланыстыраса да, аталмыш зерттеу бұл екі сипаттың арасында тығыз байланыс пен өзара ықпалдың жоқ екендігін көрсетеді. Мысалы, қоғамдық бастамалар мен саяси іс-әрекеттерге қатысадын енжарлығы айқын болса да, қазақстандық жастар арасында дарашилдық құндылықтары бірінші орында емес. Бірақ саясат өздерін қызықтыратын басты сала емес болса да, жастар белгілі бір нақты саяси оқиғаларға немкүрайлы қарамайды.

5.2. Мемлекеттік басқару және ел дамуы

Бұл тармақта жастардың мемлекеттік құрылымдарға қатынасын зерттеуге, олардың саяси билік таңдаған даму

бағытына қанағаттану деңгейін бағалауға назар аударылады. Сауалнама көрсеткендей, жастар елдегі экономикалық жағдайға ризашылық білдіріп, елдің болашақ дамына жеткілікті дәрежеде оң баға береді. Экономикалық

жағдайды «жақсы» деп бағалаған респонденттердің үлесі 76,4%, «өте жақсы» – 8,0%, «жаман» – 12,2%. Сонымен қатар респонденттердің 55,8% әлі де жақсарады деп күтсе, 36,4% болашақта жағдай осы қалыпта қалады деген ойда.

Кесте №52

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БҮГІНГІ ТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛЫН ҚАЛАЙ СИПАТТАР ЕДІСІЗ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Өте жақсы	80	8,0
Жақсы	764	76,4
Жаман	122	12,2
Өте жаман	1	0,1
Жауап беру қыынға соғады / Жауап жоқ	33	3,3
Барлығы	1000	100,0

Бұл сұраққа қатысты жастардың оптимистік көңіл-күйлері өздерінің қаржылай жағдайына беретін бағаларына сай тәмемдеп отырады. Қаржылай жағдайын «өте жақсы» деп бағалайтын респонденттердің тобында 81,2% жағдайдың жақсаратынына, тек 14,5% жағдай қазіргі күйде қалатынына сенімді. Ал өз қаржылай жағдайын «өте жаман» деп бағалайтын

респонденттердің тобында 33% жағдай жақсарады деп санаса, 66,7% осы деңгейде қалады деп есептейді. Жастардың бұл мәселеге деген қаржылай жағдайларының ықпалын сонымен қатар елдегі ахуалдың дамуы үшін жауапкершілік кімнің қолында деген сұраққа қатысты жауаптардан да көруге болады. Оnda өзінің қаржылай жағдайын «өте жақсы» деп бағалайтын респонденттер тобында 75,4%



бұл Елбасының енбегі деп санаса, қаржылай жағдайын «өте жаман» деп бағалайтын топтың басым бөлігі (66,7%) жауапкершілікті үкіметке жүктейді.


Әлеуметтік жағдай индексі елдің болашақ экономикалық дамуына қатысты оптимистік ой жоғары әлеуметтік топтарға жататын жастар арасында басым деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Олардың үлесі 66,7% болса, тәменгі әлеуметтік топтарға жататын жастар арасындағы ондай пікір иелерінің үлесі респонденттердің 34,5% құрайды. Ал орта топқа жататын жас буын өкілдерінің арасында оптимистер саны 51% (орта таптың тәменгі буыны) – 59,3% (орта таптың жоғарғы буыны) арасында орын табеді.

Бірақ әзірше жас буын экономикалық дамудың жақсы жақтарын мемлекет бас-

шысының атымен, ал жаман жақтарын үкіметтің іс-әрекетімен байланыстырады деген қорытынды жасауға болмайды. Мұны респонденттердің материалдық жағдайды бағалауға қатысты басқа сұрақтарға (бизнесінің, жеке меншігінің бар-жоқтығы және т.б.) берген жауаптарында өзара айырмашылықтардың жоқтығымен түсіндіруге болады. Барлық топтарда экономикалық ахуалға берілетін жағынды жауаптар басым және жауапкершілік Елбасына жүктеледі. Жалпы алғанда Қазақстан бойынша экономикалық жағдайға Елбасы жауапты деп санайтын респонденттердің үлесі 56,2% болса, орталық үкімет жауапты деп санайтындардың үлесі 25,9%. Экономикалық жағдайға деген жауапкершілік жергілікті әкімдіктің қолында деген пікірді бөлісетіндер респонденттердің 7,3% құрайды.

Диаграмма №39

ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ҮШІН БАСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК КІМНІҢ ҚОЛЫНДА?



Сонымен қатар жастар ел дамуы үшін жауапкершілікті өз қолдарына алуға дайын. «Егер мүмкіндік болса, Қазақстанның дамуына қатысар ма едіңіз?» деген сұраққа респонденттердің 60% міндетті түрде

қатысатындықтарын білдірді. Респонденттердің 14,8% ел дамуына өз басының пайдасы үшін қатысатын болса, қатысқысы келмейтіндердің үлесі 10%. 15,1% үшін жауап беру қыынға соқты.

Кесте №53

ЕГЕР МҮМКІНДІГІЗ БОЛСА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫНА ҚАТЫСАР МА ЕДІҢІЗ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Міндетті түрде қатысар едім	600	60,0
Өз басымның пайдасы үшін қатысар едім	148	14,8
Ешқашан	100	10,0
Жауаптан бас тарту	1	0,1
Жауап беру қыынға соғады / Жауап жоқ	151	15,1
Барлығы	1000	100,0



Әтникалық деңгей респонденттердің ел дамуына қатысуға деген дайындықтарында айырмашылықтар бар екенін көрсетеді. Мәселен, ел дамуына қатысу тілегі орыс топқа қарағанда қазақ тобының өкілдері арасында жоғарырақ. Мүмкіншілік болса Қазақстанның дамуына міндettі түрде қатысатын қазақтардың үлесі 65,8% болса, орыстардың үлесі 49,7%. Ел дамуына тек өзінің бас пайдасы үшін қатысқысы келетін қазақтардың саны 16%, орыстардың саны 11,7%. «Өз басым ел дамуына ешқашан қатыспас едім» деп билетіндердің 7,7% – қазақтар және 13% – орыстар.

Бұл сұрақ бойынша өзінің қаржылай жағдайын жоғары бағалаған респонденттердің арасында белсенділірі көбірек, олардың үлесі 71% болса, «жаман» деп бағалайтындардың арасындағы үлес – 62,3%. Бұған ұқсас аздаған айырмашылықтар сондай-ақ, материалдық сипаттағы басқа өшемдер (бизнесінің баржоқтығы, тіршілік ету шарт-

тары, жеке меншігінің баржоқтығы) бойынша жауаптардан да байқалады. Әлеуметтік жағдай индексі ел дамуына қатысадағы белсенділік төменгі әлеуметтік топтардағы жастарға (44,8% – 53,5% арасында) қарағанда жоғары әлеуметтік топтардағы жастарда (64% – 75% арасында) көбірек байқалатындығын көрсетеді. Әйтсе де сауалнама нәтижелері жалпы алғанда жастардың ел дамуына қатысуға қатысты жоғары деңгейдегі белсенділігін көрсетеді, олардың үлесі қаржылай жағдайдың өсуіне қарай өсе түседі.

Жоғарыда атап көрсетілген үрдістер – жас буынның ел дамуының деңгейімен, қазіргі экономикалық жағдаймен қанағаттануы мен болашақта жағдай қазіргіден жақсарады деген сенім дәрежесі кейір жағдайда жастардың өз азаматтығын ауыстыруға қатысты жауаптарымен де өзара арақатынасқа түседі. Жас қазақстандықтардың басым бөлігі «Өз еліңіздің азаматтығын ауыстырғыңыз

келе ме?» деген сұраққа ауыстырғылары келмейтіндігін айтты (90,3%, оның ішінде

«жоқ болар» дегендердің үлесі 12,9%, «жоқ» дегендердің үлесі 77,4%).

Кесте №54

ӨЗ ЕЛІҢІЗДІҢ АЗАМАТТЫҒЫН АУЫСТЫРҒЫҢЫЗ КЕЛЕ МЕ?

Жауап нұсқалары	Пайызы	Қазақ	Орыс
Иә	3,4	0,8	9,1
Иә болар	4,4	1,4	10,7
Жоқ, болар	12,9	8,2	22,4
Жоқ	77,4	88,4	54,5
Жауап беру қыынға соғады	1,9	1,3	3,2
Барлығы	100,0		


Жауптардан қазақ және орыс жастарының арасында салмақты айырмашылық көрінеді: азаматтығын ауыстыруды орыс үлтynың 9,1% қаласа, қазақ үлтynың 0,8% ғана қалайды. Жастар азаматтығын таңдағысы келетін елдер Ресей (76,9%), Германия (6,4%) және АҚШ (5,1%).

Бұл сұрақта Ресейдің басым болуының бір себебі «Шеттеде қанша рет болдыңыз?» және «Қай елге немесе елдерге барып көрдіңіз?» деген сұрақтарға берілген жауаптардан байқалады. Саял-

нама нәтижелері бойынша 4,7% 3 реттен көп, 9,4% 1-3 рет, 11,4% 1 рет ел шекарасынан шығып көрген, жалпы алғанда ел шекарасынан тысқа шығып көрген жастардың үлесі 25,5%. Олардың ішінде 49,4% Ресейге, 32,2% Түркияға және 17,6% Қырғызстанға барған. Алыс шетелде болғандар: Еуропа елдерінде – 8,3%, Қытайда – 9% және АҚШ-та – 1,2%.

**Диаграмма №40****ӨЗ ЕЛІҢІЗДІҢ АЗАМАТТЫҒЫН ҚАЙ ЕЛДІҢ АЗАМАТТЫҒЫНА
АУЫСТЫРҒЫҢЫЗ КЕЛЕДІ?**

((бұл сұрақта азаматтығын ауыстырғысы келетін
респонденттер ғана жауап береді – 78 респондент (7,8%))



Жалпы алғанда жастардың ойынша бүгінгі таңдағы Қазақстан қоғамындағы ең өзекті проблемалар мыналар болып табылады: жұмыссыздық (жоғары деңгейде өзекті – 45,7%, біршама деңгейде өзекті – 32,7%), өсіп ба-

ра жатқан кедейлік (жоғары деңгейде өзекті – 34,2%, біршама деңгейде өзекті – 41,1%), экологиялық проблемалар (жоғары деңгейде өзекті – 35,5%, біршама деңгейде өзекті – 38,8%).

Кесте №55**СІЗДІҢ ОЙЫҢЫЗША ТӨМЕНДЕГІ ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ
ҚАЙСЫЛАРЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДА ТӘН?**

	Жоғары деңгейде	Біршама деңгейде	Төмен деңгейде	Тән емес	Білмеймін / Жауап жоқ
Өсіп бара жатқан кедейлік	34,2	41,1	12,2	9,3	3,2
Жұмыссыздық	45,7	32,7	10,1	8,8	2,7
Экологиялық проблемалар	35,5	38,8	15,7	7,1	2,9

Лаңкестік шабуылдар қаупі	14,0	33,3	27,1	22,0	3,6
АИВ/ЖИТС таралу қаупі	19,8	43,0	23,3	9,8	4,1
Жұмыс орнындағы өмір мен денсаулыққа төнетін қауіп	12,1	38,1	32,4	12,4	5,0
Заң бұзушылық	20,7	43,0	21,8	10,2	4,3
Көші-қон еркіндігі	8,5	29,6	23,5	33,1	5,3
Көше қылмысының қаупі	16,7	43,1	21,7	13,6	4,9
Есірткі	27,8	41,0	16,1	11,3	3,8
Қазақстан аумағының бөлінуі (сепаратизм)	7,2	28,8	24,9	31,2	7,9
Электроэнергия, газ, су жетіспеушілігі	13,0	31,1	23,1	27,1	5,7

Проблемалар өзектілігіне қарай тәмендегідей орын алады:

- заң бұзушылық (жоғары деңгейде өзекті – 20,7%, біршама деңгейде өзекті – 43%);
- АИВ/ЖИТС таралу қаупі (жоғары деңгейде өзекті – 19,8%, біршама деңгейде өзекті – 43%);
- жұмыс орнындағы өмір мен денсаулыққа төнетін қауіп (жоғары деңгейде өзекті – 12,1%, біршама деңгейде өзекті – 38,1%);

- лаңкестік шабуылдар қаупі (жоғары деңгейде өзекті – 14%, біршама деңгейде өзекті – 33,3%);
- есірткі (жоғары деңгейде өзекті – 27,8%, біршама деңгейде өзекті – 41%);
- көше қылмысының қаупі (жоғары деңгейде өзекті – 16,7%, біршама деңгейде өзекті – 43,1%).

Жастардың пікірі бойынша мынадай проблемалардың өзектілігі төмен:

- электроэнергия, газ, су жетіспеушілігі (жоғары



- денгейде өзекті – 13%, біршама деңгейде өзекті – 31,1%);
- Қазақстан аумағының бөлінуі (жоғары деңгейде өзекті – 7,2%, біршама деңгейде өзекті – 28,8%);
 - көші-қон еркіндігі (жоғары деңгейде өзекті – 8,5%, біршама деңгейде өзекті – 29,6%).

Қалалық жастар үшін жемқорлық проблемасы өте жоғары орында болса (52,2% 41,2%-ға қарсы), ауыл жастары үшін – жұмыссыздық (жұмыс-шаруа мәселесі) және кедейлік (28,5% (+4,3%) 20,8% (+1,8%)-ға қарсы және 10,2% 6,3%-ға қарсы).

Үлт деңгейінде үрдістер үқсас, оның сыртында орыс жастары үшін экономикалық проблемалар көбірек өзекті: жұмыссыздық – орыс жастарында 28,9%, ал қазактарда 22,1%; жемқорлық онша өзекті емес: 36,7% және 52%. Орыс жастары үшін сонымен қатар қылмыс проблемасы (5,8% және 2,2%) мен этносаралық шиеленістер өзектірек (3,2% және 0,9%). Проблемалардың өзектілігінде материалдық өлшемдерге қатысты айырмашылықтардың байқалмағандығын айта кету керек, атап көрсетілген проблемалар маңыздылығы жағынан жастардың барлық топтарын толғандырады.

Кесте №56

СІЗДІҢ ОЙЫҢЫША ҚАЗАҚСТАН ҚАНДАЙ БАҒЫТТА ДАМЫП КЕЛЕДІ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Дұрыс бағытта	299	29,9
Дұрыс бағытта болу керек	626	62,6
Теріс бағытта болу керек	35	3,5
Теріс бағытта	8	0,8
Жауап беру қыынға соғады	4	0,4
Жауап тал бас тарту	28	2,8
Барлығы	1000	100,0

Атап көрсөтілген проблемаларға қарамастан респонденттердің басым бөлігі Қазақстанның дүрыс бағытта дамып келе жатқанына сенімді: 29,9% – дүрыс бағытта және 62,6% – дүрыс бағыт болу керек деп санайды. Басқа деңгейлер бойынша айта қоярлық айырмашылықтар байқалмайды. Тек қаржылай жағдайдың шамасына қарай оптимистік бағаның төмендеуі байқалады. Өз қаржылай мәртебесін жоғары санайтын топта 65,2% елдің дүрыс бағытты таңдағанына сенсе, өз қаржылай жағдайын онша жоғары бағаламайтын топтарда ондай пікірдегілердің үлесі 28,6% (жақсы) және 19,3% (жаман) дейін төмендейді. Әлеуметтік жағдай индексі жауаптар арасында сәл ауытқушылықтар бар екенін көрсетеді, төменірек әлеуметтік топтарға жататын жастарға (34,5%) қарағанда жоғары әлеуметтік топтардағы «еліміз дамудың дүрыс бағытын ұстанып келеді» деп санайтын жастар үлесі (41,7%) жоғарырақ. Бірақ жалпы алғанда жастардың көпшілігі

«Қазақстан дамудың дүрыс жолында келе жатыр» деген ойда.

Сондықтан да болар, жастар арасында биліктің мемлекеттік құрылымдарына деген сенімнің деңгейі жоғары. Саялнаманың көрсетуі бойынша жастар ең алдымен Елбасына (64,6% толық, 21,0% біршама деңгейде сенеді), одан соң үкіметке (сәйкесінше 45,8% және 35,6%), Парламентке (сәйкесінше 43,6% және 36,5%) сенім артады. Жастардың билік органдарына, халықаралық үйымдарға және қоғамдық институттарға деген сенімі деңгейін орташадан жоғары деп бағалауға болады.



«Мен әзірше тек Елбасына ғана сенемін.»

(20 жасар жігіт, Астана, ФТ)

«Мен мемлекетіміздің басшысы Елбасына ғана сенемін.»

(21 жасар студент қызы Астана, терең сұқбат)

«Мына көрсетілгендердің жартысы маған бейтаныс, бірақ мен Президенттімізге сенемін.»


(17 жасар студент қызы, Астана, ФТ)

Жергілікті билік органдарына толық сенетін жастардың үлесі 30,4%, армияға сенетіндердің үлесі 31,2%; оларға біршама деңгейде сенетіндердің үлесі сәйкесінше 40% және 32,4%. Жастардың бестен бір бөлігі саяси партиялар,

полиция, соттарға жоғары деңгейде сенім артады. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт үйімі және Еуразиялық экономикалық одақта сенім артатын жастардың үлесі сәл азырақ, респонденттердің 40% оларға біршама деңгейде сенеді. Жастар ең аз деңгейде сенім артатын үйімдар қатарына банкілер, үкіметтік емес үйімдар, кәсіподақтар, БАҚ және діни лидерлер, сонымен қатар Шанхай ынтымақтастық үйімі жатады. Зерттеу жастардың әлеуетті құрылымдар, азаматтық сектор институттары секілді басқа саяси субъектілермен салыстырғанда орталық мемлекеттік құрылымдарға – Елбасына, Парламентке және үкіметке – көбірек сенім артатынын көрсетеді.

Диаграмма №41

ТӨМЕНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҰЙЫМДАРҒА ҚАНДАЙ ДЕНГЕЙДЕ СЕНИМ АРТАСЫЗ? ТОЛЫҚ, БІРШАМА ДЕНГЕЙДЕ, АЗДАП СЕНЕСІЗ НЕМЕСЕ МҮЛДЕ СЕНБЕЙСІЗ:



■ Толық сенемін ■ Біршама деңгейде сенемін ■ Аздап сенемін ■ Мүлде сенбеймін ■ Білмеймін

Партиялардың бұқаралық іс-шараларына жиі қатысатындықтарына қарамасстан жастардың оларға деген сенімдерінің жоғары емес екендігі саяси партиялардың өздерінің жастарды көбінесе саясатта тек көпшілікке арналған

және бір реткі шараларда пайдаланатындықтарына байланысты болуы керек. Партиялар мен жастар арасында қалыптасқан қатынастарға қарағанда саяси партиялар жастар арасынан сенімді тірек таба алмайды. Дегенмен бұл жерде партиялардың қазіргі



таңда тек жастар арасында ғана емес, сонымен қатар халықтың көпшілігінің қолдауынан айрылып қалғанын атап өтү керек.

Мемлекеттік құрылымдарға деген сенім туралы сұраққа қатысты әртүрлі деңгей көлемінде – қала/ауыл, этникалық топтар, әнірлер бойынша – айта қоярлық айырмашылықтар байқалған жок, олар елдік көрсеткіштерге сай келеді. Қаржылай жағдай өлшемін алсақ, Елбасынан басқа алуан түрлі мемлекеттік және саяси институттарға деген сенімнің деңгейі соған қатысты төмендей береді. Тек Елбасына деген сенімнің деңгейі өз жағдайын «өте жақсы» деп бағалаған топта да, «жаман» деп бағалаған топта да жоғары.

Бұл тармақ бойынша қысқаша қорытынды жасасақ, жастар елдегі экономикалық ахуалды жалпы алғанда оптимистік түрғыдан бағалайды, еліміздің дұрыс бағытта дамып келе жатқанына сенімді, өздерінің елді басқару ісіне қатысуға дайын екендіктерін білдіріп, барлық жетістіктерді мемлекет басшысының атымен байланыстырады деуге болады. Сол

себептен болу керек, жастар арасында биліктік мемлекеттік құрылымдарына деген сенімнің деңгейі жоғары, ал саяси институттар, азаматтық сектор, әлеуеттік құрылымдарға олар онша сенім білдірмейді. Халықаралық ұйымдарға деген сенімнің деңгейі де мемлекеттік құрылымдарға қарағанда төмендедеу. Бұл жерде жастардың биліктік жоғары органдарына – Президентке, үкіметке және Парламентке – сенім артатындықтарын атап көрсету керек. Биліктік аймақтық құрылымдары да жастардың сенім артатын ұйымдардың қатарында емес.

Бұл жағдайдың себебі азаматтық сектордың да, саяси партиялар мен әлеуеттік құрылымдардың да жастарға көп көңіл бөлмейтіндігімен, жастармен жұмыс істеуге арналған лайықты бағдарламалардың жоқтығымен байланысты болуы мүмкін. Халықаралық ұйымдар туралы да осыны айтуға болады деген ойдамыз. Респонденттердің жауаптарына қарап жастар арасында елдің даму бағдарламасымен келіспейтіндей «қарсы көнілкүй» байқалмайды деген тұжырым жасауға бола-

ды. Олардың бүгінгі таңдағы мемлекеттік басқару жүйесіне деген көзқарасы жалпы алғанда оң және оны жоғары бағалайды.

«Қазіргі таңда бізде аздаған бюджет дефициті сияқты жетіспеушілік бар. Менің түсінігім бойынша ондайды бізде аздал жасырады, ол туралы айтпайды. Жуықта девальвация орын алды, ал жалпы алғанда бізде тұрақтылық бар. Меніште ең бастысы бізде мұнайдын бар екендігі болуы керек...»

(жас жігіт, Астана, ФТ)

«Мұнай жеке басқа тиесілі емес, әрине. Ал жалпы бизнес тұрғысынан алғанда Бүкіләлемдік банк рейтингісі бойынша З жол екенін білемін. Сонын біздегі инвестиция үшін жақсы шарттар бар. Қазақстандағы инвестициялық климат жайлы, инвесторлардың біздің мемлекетімізге деген қызығушылығы жоғары, өріс алатын жер бар, бірақ біздегі нарық сондай кең көлемді емес, біздің өз мемлекетіміз менгерген нарық әлі жоқ.»

(29 жасар юрист жігіт, Астана, ФТ)

«Әрине, әрбір мемлекеттің өзінің қандай да бір проблемалары, өзіндік бейтарап қырлары, өзіндік сырлары болады. Бірақ мен Қазақстанда өмір сүретіндігім үшін, елдегі бейбітшілік пен тыныштық үшін қуанамын. Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан сияқты елдермен салыстырғанда көп артық жағдайда өмір сүріп жатқанымызды ойласақ, біздің талаптарымыз, экономикалық дамуымыз қуантады. Қазақстан – ете бай ел, қорларымыз көп, соны неге пайдаланбасқа, сениң өз мемлекетің бар.»

(24 жасар қызы, әлеуметтік сала,

Астана, ФТ)

Жалпы алғанда жастар Қазақстан дұрыс жолда келеді (29,9%) және дұрыс жолда болу керек (62,6%) деп санайды. Сауалнамаға қатысқан жастардың 4,3% ел бағытын оң емес деп біледі.

«Оптимистік көзқарастамын. Үнемі жағдай бұдан да жаман болатын шығар деп ойлайтын едім, бірақ әрқашан жақсарумен келеді.»

(28 жасар жігіт, денсаулық сақтау саласы, Астана, ФТ)



5.3. Елдің сыртқы саясатқа қатысты бағдарлары және жастардың үстеншімі

Жастардың сыртқы саясатқа деген көзқарасы – зерттеу үшін қызықты мәселе, өйткені тәуелсіздіктен кейін туып-өсken жас бұын елдің ере-сек буынындағы емес, Ресеймен және басқа посткеңестік республикалармен саяси не- месе эмоциялық байланыс-ты сезінбейді. Сол себептен еңбектің бүл тармағында басты назар жастардың Қазақстан мен оның болашақ дамуы үшін қандай сыртқы саясаттық вектордың тиімділігі тура-лы пікірлеріне аударылды. Жастар Қазақстан қатысатын интеграциялық проектілерге қандай баға береді, олар осындағы экономикалық одактардан болашақ көре ме? Жастар сыртқы саясатқа қатысты сұрақтардың шешіміне қатысқылары келе ме?

Сауалнама нәтижелері бойын-ша жастар халықаралық жаңалықтарға қызығушылық танытады, респонденттердің 74,9% халықаралық дең-гейдегі оқиғалар өздері үшін қызықты екенін айтты: 19,7%

– өте қызықты және 55,2% – қызықты. Жастардың 72% олар үшін әсіресе, Ресейдегі жаңалықтардың қызықты екенін білдірді: 17,3% үшін өте қызықты және 54,7% үшін қызықты. Орта Азиядағы оқиғалар респонденттердің 64,8%, Еуропа – 59,6% және Қытай – 52,7% үшін қызықты.

Әрине, бұл жерде Қазақ-станның ақпараттық ке-ңістігінде ресейлік БАҚ басым екенін және оларды тарату тіл орыс тілі екенін айта кету керек. Сауалнама нәтижелері оған қатысқан респонденттердің 49,7% күнделікті тұрмыста орыс тілінде, 33,9% қазақ тілінде және 15,9% екі тілде де сөйлейтіндіктерін көрсетеді. Ағылшын тілінде еркін сөйлеп, оқып, жаза-тын респонденттердің үлесі 6%. Ақпараттардың та-ратылу тіліне байланысты информацияларға қол жеткізу жеңіл болғандықтан алыс ше-телге қарағанда Ресейдегі оқиғалар жас респонденттер-дің қызығушылығын көбірек оятатын болуы мүмкін.

Кесте №57**САЯСИ ОҚИҒАЛАР СІЗ ҮШІН ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚЫЗЫҚТЫ?**

	Өте қызықты	Қызықты	Біршама деңгейде қызықты	Қызықты емес	Мұлда қызықты емес	Ж/Б қыны
Халықаралық деңгейде	19,7	55,2	22,5	2,0	0,3	0,3
Ресейде	17,3	54,7	24,7	2,4	0,3	0,6
Орта Азияда	13,2	51,6	28,8	5,0	0,8	0,6
Қытайда	8,0	44,7	36,3	8,6	1,3	1,1
Еуропада	10,1	49,5	32,9	5,8	0,6	1,1

Сондықтан да Қазақстан қай елмен жақын немесе қай елмен ұстамды әрі салқын қарым-қатынас жасауы керек немесе «статус-кво»-ны, яки дамудың қазіргі деңгейіндегі қарым-қатынасты сақтауы қажет пе де-ген сұраққа берілген жауаптар қайран қалдырмайды. Алынған нәтижелер төмендегідей: жастар тиімді ынтымақтастық бағыт ретінде Ресейді (72%), ЕО (37,6%), Қыргызстан (35%), Қытай (30,7%) және Өзбекстан (29,8%) елдерін атап көрсетеді.

Жастардың ойынша ұстамды және салқын қарым-қатынасты АҚШ (40%), НАТО (34%) және Иранмен (29,8%), статус-квоны Үндістанмен

(54,4%), Оңтүстік Кореямен (52,4%) және Ауғанстанмен (51,2%) сақтаған жөн. Респонденттердің 35,4% АҚШ-пен қазіргі таңда қалыптасқан қарым-қатынасты қалдырған жөн деп санайды.

Басқа деңгейлерде елдік көрсеткіштерден айта қоярлық ауытқышылықтар жоқ. Жауаптарда қаржылай жағдайға қатысты аздаған айырмашылықтар байқалады. Басқа топтарға қарағанда өз қаржылай жағдайын жоғары бағалайтын жастардың 36,2% АҚШ-ты артық санайды. Ал қалған топтардағы ондай пікірдегілердің үлесі 17% («жақсы») және 16,7% («жаман»). Өз жағдайын «жаман»



деп көрсеткендердің тобында 43% Еуропалық Одақпен жақын қарым-қатынас жасау керек деп біледі, басқа топтардағы бұл көзқарасты қолдайтын респонденттердің үлесі 36,2% («өте жақсы») және 37,3% («жақсы»). Сейтіп өз басының қаржылай жағдайына қалай баға беретініне байланысты жастардың ел таңдауы төмендегідей: өзінің қаржылай жағдайын «өте жақсы» деп бағалаған жастар Ресейді (71%), Кедендік одақты (43,5%) және Қытайды (40,6%) артық санайды. Ал өз жағдайын «жаман» деп көрсеткендер үшін Ресей (74,6%), Кедендік одақ (50%) және Еуропалық Одақ (43%) маңызды.

Кесте №58

ӘР ЕЛ НЕМЕСЕ ҰЙЫМ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ОЛАРМЕН ЖАҚЫН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУҒА ҰМТЫЛУҒА; ОЛАРДАН АЛЫСТАУҒА ТЫРЫСУҒА; ҰСТАМДЫ, САЛҚЫН ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСҚА КӨШҮГЕ НЕМЕСЕ ҚАЗІРГІДЕЙ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТЫ САҚТАУҒА ТИІС ПЕ ДЕГЕНДІ АЙТЫҢЫЗ

	Жақын қарым-қатынас	Ұстамды, салқын қарым-қатынас	Қазіргідей қарым-қатынас	Ж/б қиын	Жауаптан бас тарту
Ресей	72,0	4,5	20,5	0,5	2,5
АҚШ	18,3	40,0	35,4	0,9	5,4
Иран	15,0	29,8	47,9	1,4	5,9

Әлеуметтік жағдай индексі тағы бір қосымша қызықты үрдісті атай кетуге мүмкіншілік береді: жоғары әлеуметтік деңгейдегі жастар Батыс елдеріне – Еуропалық Одақ (66,7%) пен АҚШ-қа (25%) басымдылық берсе, тәменгі әлеуметтік тапқа қарасты жастар Иранмен (17%) және Өзбекстанмен (27,6%) ынтымақтастықтың болашағы бар деп санайды. Жастардың тек Ресейге қатысты ойлары ғана бірбірімен сәйкеседі, Қазақстан солтүстік көршімен жақын қарым-қатынасты сақтауы көрек деп сенетін жастар үлесі 65,5% (тәменгі әлеуметтік топтар) және 66,7% (жоғары әлеуметтік топтар).

Еуропалық Одақ	37,6	17,7	38,9	1,0	4,8
Өзбекстан	29,8	17,3	46,6	1,1	5,2
НАТО	15,0	34,1	41,8	2,7	6,4
Үндістан	19,8	18,8	54,4	1,3	5,7
Кедендейк Одақ	48,9	11,3	33,5	1,5	4,8
Қырғызстан	35,0	14,2	44,1	1,3	5,4
Қытай	30,7	15,4	48,5	1,0	4,4
Ауғанстан	10,6	28,8	51,2	1,5	7,9
Оңтүстік Корея	20,8	19,6	52,4	1,3	5,9
Тәжікстан	23,5	19,1	49,4	1,2	6,8

Мұнымен қатар жастар табыс-ты дамудың үлгісі ретінде Ресей (46,7%), Еуропалық Одақ (19,2%), Қытай (9,5%), АҚШ (7,9%) және Түркия (5,5%) елдерін Қазақстан үшін бағдар бола алады деп көреді. Басқа деңгейлер бойынша Астана қаласынан басқа жерлерде жоғарыдағы елдердің

алғашқы үштігі басым болып тұр. Солтүстік астана жастары дамудың үлгісі ретінде алғашқы орынға АҚШ-ты (38,5%), екінші орынға Еуропа елдерін (28,8%) қойды, ал 15,4% үшін жауап беру қыынға соқты. Респонденттердің 11,5% Ресейді үлгі боларлық бағыт ретінде біледі.

Кесте №59

ҚАЗАҚСТАН ӨЗІНІҢ ДАМУ ЖОЛЫНДА КІМДІ ҮЛГІ ТҮТҚАНЫ ЖӘН?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Ресей	467	46,7
АҚШ	79	7,9
Еуропа елдері	192	19,2
Қытай	95	9,5
Түркия	55	5,5
Ешкімді	22	2,2



Жапония	5	0,5
Біріккен Араб Әмірліктері	1	0,1
Сингапур	1	0,1
Барлығын	2	0,2
Жауап бере алмаймын / Жауап жоқ	81	8,1
Барлығы	1000	100,0

Зерттеу көрсеткендегі, Ресей жас буын үшін қарым-қатынаста да, Қазақстанның болашақ даму жолындағы бағдар ретінде де оң ел болып табылады. Алғашқы үштікке Ресеймен қатар Еуропа елдері мен Қытай кіреді. Жастардың ойынша Қазақстан осы елдермен жақын қарым-қатынас сақтауға тиіс. Олардың қатарына АҚШ кірмейді. Сауданамаға қатысқан жастардың көпшілігі АҚШ-пен белгілі бір қашықтық пен салқынқандылық сақтаған жөн деген пікірде.

Бұл тармақтың аясындағы келесі сұрақтар тобы жастардың Қазақстан қатысатын және қатыспаса да, болашақ дамуына әсері бар интеграциялық жобаларға деген көзқарасына байланысты болды. Сауданама респонденттердің 48,9% Қазақстан Кедендік одақпен, 37,6% – Еуропалық Одақпен

және тек 15% – НАТО-мен жақын қарым-қатынаста болуы керек деп санайтынын көрсетті. Сол себептен жастардың Қазақстанмен бірге Ресей, Беларусь, Армения және Қырғызстан яғни, посткеңестік кеңістік қатысатын Еуразиялық экономикалық одаққа және Орта Азия елдерінің интеграциясына деген көзқарасы қызықты болып табылады.

Еуразиялық экономикалық одақ

Жаңа интеграциялық проект «Еуразиялық экономикалық одақ»-тың (ЕАЭО) қоғамда көп пікірталастар тудырып жүргеніне қарамастан сауданама бойынша жалпы алғанда жастар арасында оған деген оң көзқарас базым. Оң жауаптардың жалпы үлесі 90,9% құрады. Бұл процеске респонденттердің тек

3,3% онемес көзқарас білдірді (2,7% – «теріс көзқараста болуым керек», 0,6% – «теріс көзқарастамын»). Қазақстанның ЕАЭО құрамына ілескені ақталды және қажетті қадам болды де-

ген тұжырыммен келісетін респонденттердің үлесі 74,6%. Бұл сұрақ бойынша қарсы көзқарасты ұстанатын жас қазақстандықтардың үлесі 10,6% (14,8% үшін сұраққа жауап беру қыынға соқты).

**Диаграмма №42
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕАЭО ЕНУ
ПРОЦЕСІНЕ ДЕГЕН ҚАТЫНАС**



Саяулнама көрсеткендей, Қазақстанның ЕАЭО құрамына енгенін төменгі әлеуметтік топтарға қарасты жастарға қарағанда жоғары тапқа жатастын жастар көбірек қолдайды. Төменгі әлеуметтік топтарға

**Диаграмма №43
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕАЭО
ҚАТЫСУЫ АҚТАЛДЫ МА?**



қарасты жастардың 37,9% және 36,8% интеграциялық жобаға он көзқарас білдірді, ал орта және жоғары таптарға қарасты жастардың мұндай көзқарас үлесі сәйкесінше 51,2% және 83,3%.



Қазақстанның ЕАӘО құрамына енү қажеттілігі туралы сұрақтан да осыған үқсас суретті көруге болады. Бұл жобаны көбінесе жоғары тап жастары – олардың үлесі 91,7% – қолдайды, ал тәменгі әлеуметтік тапқа жа-татын жастардың жартысынан азырақ бөлігі, яғни 48,3% бұл пікірді бөліседі.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болу респонденттердің 55% пікірі бойынша Қазақстанның экономикалық және саяси түрғыдан гүлденүіне әкелсе, 24% экономикалық түрғыдан өсуге, ал 4,9% Қазақстанның саяси дамуына әкеледі деп, 5,5% ешқандай өзгеріс болмайды деп санайды. Жастар ЕАӘО болашақ дамуына оптимистік сипаттағы сенім артады және одан Қазақстанның дамуына көбінесе оң ықпал

күтеді. Жастар арасында бұл мәселеге қатысты пессимистік көңіл-күй сирек.

Оптимистік баға, әсіреле, жоғары әлеуметтік топтарға жататын жастар арасында басым (58,3%). Ал басқа әлеуметтік топтарда жағымды көзқарастағылардың үлесі 41,4% (тәменгі әлеуметтік деңгей) – 55,8% (ортатап) арасында. Саулнама нәтижелері ЕАӘО мүшелігіне ілесудің салдарына жастардың оң көзқарас білдіруі олардың белгілі бір әлеуметтік тапқа тиесілі болуына байланысты деп атап көрсетуге мүмкіндік береді: жас респонденттің әлеуметтік деңгейі неғұрлым жоғары болса, ЕАӘО Қазақстанның дамуына тиғизетін жағымды әсеріне қатысты оптимизм деңгейі де соғұрлым жоғары.

Кесте №60

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ҚҰРАМЫНА ЕНҮ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ ДЕП ОЙЛАЙСЫЗ?


Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Экономикалық және саяси прогресске әкеледі	550	55,0
Экономикалық прогресске әкеледі	240	24,0

Саяси прогресске әкеледі	49	4,9
Ештеңені өзгертпейді	55	5,5
Экономикалық проблемаларға әкеліп соғады	9	0,9
Саяси проблемаларға әкеліп соғады	6	0,6
Экономикалық және саяси проблемаларға әкеліп соғады	10	1,0
Жауп беру қыынға соғады / Жауп жок	81	8,1
Барлығы	1000	100,0

Респонденттердің жартысынан көбі ЕАӘО үлттық құндылықтар мен барабарлық, технологиялық даму, адам құқықтары, тұрақтылық, ішкі саясат, шетелдік тікелей инвестиция мен экономикалық даму мәселелеріне жағымды әсер етеді деп санайды.

Одақ жоғарыда аталған мәселелерге зиянын тигізеді деген ойдағылардың үлесі 5% – 10,8% құрайды. Теріс көзқарастың ең жоғары үлесі барабарлық пен үлттық құндылықтарға тиесілі (мұнда қазақ жастары мен орыс

жастарының оң және теріс пікірлерінің үлесі бір-бірімен шамалас). Одақ құрамында экономикалық дамуға қатысты жорамал ең тәменгі сатыға орын тепті. Нәтижелер бойынша Одақ адам құқықтарына ең тәмен дәрежеде әсер етеді: бұл бағытта ештең де өзгермейді деп жауп берген респонденттердің үлесі 27,3% құрайды. Шамамен соншалықты адам үлттық құндылықтар мен барабарлық мәселесіне (26,4%) және ішкі саясатқа (24,6%) қатысты ешқандай өзгерістер болмайды деген ойда.

**Диаграмма №44****ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚҚА МУШЕЛІККЕ ІЛЕСҮ
ПРОЦЕСІ ТӨМЕНДЕГІ ҚҰБЫЛЫСТАРҒА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?**

Еуразиялық одақ ел дамуына жағымды әсер етеді деген пікірдің көптігіне қарамастан ЕАӘО мүшелікке ілесуге дауыс беретіндердің саны аздау. Бұл сұраққа қатысты шешім қабылдай алмағандардың үлесі респонденттердің 25% құраса, 13,3% үшін жауап беру қыынға соқты, тек 3,3% ЕАӘО теріс көзқараста. Мұның себебі ЕАӘО өзінің

жұмысын жаңадан бастап, әлі көзге көрінер табыстарға жете қоймағандығында, әзірше Одақтың тиімділігін көрсететін нақты нәтижелердің жоқтығында болуы мүмкін. Сондықтан да жастар жалпы алғанда интеграциялық жобаға оң баға берсе де, оған мүшелікке ілесуге дауыс беруге дайын емес.

Кесте №61

ҚАЗАҚСТАННЫң ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚҚА МҮШЕЛІККЕ ІЛЕСУІНЕ РЕФЕРЕНДУМДА ДАУЫС БЕРГІҢІЗ КЕЛЕ МЕ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Иә	496	49,6
Жоқ	121	12,1
Шешкен жоқпын	250	25,0
Жауап беру қыынға соғады / Жауап жоқ	133	13,3
Барлығы	1000	100,0

Сауалнама бойынша референдумда дауыс беруге дайын жастардың үлесі жоғары әлеуметтік топқа жататын жастар арасында жоғары, олардың үлесі 66,7% құраса, төменгі әлеуметтік топқа жататын жастар арасындағы ондай пікірді қолдайтындардың саны екі есе аз, яғни, 31% құрайды. Бұл Қазақстанның ЕАӘО мүшелікке ілескеннен кейінгі даму болашағына берілетін бағаға байланысты болуы керек. Төменгі әлеуметтік топтарға қарасты жастар арасында берілген бағаның жоғары болмағаны түсінікті.

«Ондай референдум жүрілсе, міндетті түрде қатысад едім. Қазір адамдардың сауатты екенін, олар бұл құжатты алып оқып, саналы түрде дауыс беруге барад еді деғенді Қайталап айтқым келеді.»

(26 жасар инженер жігіт, үлттық компания, ФТ)

Жастар жалпы алғанда Одақ аясында жүргізілетін іс-әрекетте мемлекетке сенім артады және Қазақстан үкіметі үлттық мұдделерді қорғауға дайын деп санайды. Мұнда үкімет толық дайын немесе дайын болар деп есептейтіндер респонденттердің 78,6% құраса, дайын емес болар немесе дайын емес дейтіндер үлесі 11,4%. Басқа да сұрақтар секілді мұнда да қазақ жастарының көзқарасы орыс құрдастарымен салыстырғанда аздап негативті сипатта. Қазақстан үкіметі үлттық мұдделерді қорғауға дайын емес деп санайтын қазақтардың үлесі 7,5%, орыстардың үлесі 2,6%.

Әлеуметтік жағдай индексі үкіметке, әсіреле, жоғары



әлеуметтік тапқа жататын жаңардың көбірек сенім артатынын көрсетеді. Респонденттердің 25% үкімет ЕАӘО Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғауға дайын деп санайды. Ал тәменгі

әлеуметтік топқа жататын жаңардың арасында ондай пікірді қолдайтындардың үлесі сауланамаға қатысқан респонденттердің 6,9% құрайды.

Кесте №62

СІЗДІҢ ОЙЫҢЫЗША ҚАЗАҚСТАН ҮКІМЕТІ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТА ҰЛТТЫҚ МҮДДЕЛЕРДІ ҚОРҒАУҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ ДАЙЫН?

Жауп нұсқалары	Саны	Пайызы
Толық дайын	242	24,2
Дайын	544	54,4
Дайын емес болар	57	5,7
Дайын емес	57	5,7
Жауп беру қыынға соғады / Жауп жоқ	100	10,0
Барлығы	1000	100,0

Респонденттердің Еуразиялық экономикалық одақта баға берудегі жауаптары мен басқа сұрақтарға берілген жауаптары – мысалы, мемлекеттік құрылымдарға сенім арту деңгейі мен Ресейді дамудың үлгілі сыртқы саяси векторы ретінде де, Қазақстан жақын да тығыз қарым-қатынас жасауға тиіс ел ретінде де ұнамды бағалау – өзара байланысты. Бірақ ол бағалар жаңардың көпшілігінің Қазақстанның мүшелікке ілесуіне дауыс бе-

руге дайын емес екендігінің салдарынан сияқты көріні мүмкін. Өйткені жаңардың 50,4% бұл мәселеде шешім қабылдамағанын атап көрсетті.

Орта Азия елдерінің ынтымақтастығы

Сауланама бойынша жас қазақстанның тар Қазақстанның Орта Азия елдерімен интеграциялық ынтымақтастық құруына оң көзқарас білді-

реді. «Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан елдерін біріктірген Орта Азиялық Одақ Құрудың қажеттілігі

бар ма?» деген сұраққа жас қазақстанның тардың 62,6% ін, 26,5% жоқ деп жауап берсе, 10,9% үшін жауап беру қыынға соқты.

Кесте №63

ҚАЗАҚСТАН, ӨЗБЕКСТАН, ҚЫРҒЫЗСТАН, ТӘЖІКСТАН ЖӘНЕ ТҮРКІМЕНСТАН ЕЛДЕРІНІҢ БАСЫН ҚОСҚАН ОРТААЗИЯЛЫҚ ОДАҚ ҚҰРУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР ДЕП САНАЙСЫЗ БА?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Иә	626	62,6
Жоқ	265	26,5
Жауап беру қыынға соғады / Жауап жоқ	109	10,9
Барлығы	1000	100,0

Сонымен қатар респонденттердің 29,8% Қазақстан Өзбекстанмен, 35% – Қырғызстанмен, 23,5% – Тәжікстанмен жақын қарым-қатынас орнатуға тиіс деп санайды. Дегенмен жастар арасында Орта Азия елдерімен қазіргі таңдағы қалыптасқан қарым-қатынастарды сақтаған жөн деген пікір басым. Мәселен, жастардың 46,6% Қазақстанның Өзбекстанмен, 44% – Қырғызстанмен, 49% – Тәжікстанмен бүгінгі таңдағы қатынас деңгейіне қанағат білдіреді. ОА елдері ішінде Қырғызстан жастардың ең жиі баратын елі болып табылады, бұл елде болған жастардың үлесі 17,6%, Өзбекстан –

7,1%, Түркіменстан – 0,4%. Сауданама бойынша жастар OA елдерінің ішінде алдымен Қырғызстанға, екіншіде Өзбекстанға, үшіншіде Тәжікстан және Түркіменстанға пікір білдіреді.

Сөйтіп жас қазақстанның тардың сыртқы саясатқа қатысты білдіретін басымдылықтары олардың ірі елдерге дең қоятынын және ондай елдер қатарына Ресей, Қытай және Еуропалық Одақ жататынын көрсетеді. Сауданама Қазақстан үшін Ресейдің маңызды стратегиялық сепрікtes болып қалатынын, маңыздылығы жөнінен жастар үшін екінші орында Еуропалық



Одақ елдері, ал үшінші орында Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап қарым-қатынас жасаған Қытай тұрғанын көрсетеді.


Сондықтан да Еуразиялық экономикалық одақ пен оның еліміздің дамуына тигізетін әсеріне берілген жағымды бағаға таң қалудың қажеті жоқ. Дегенмен үкіметтің интеграциялық жобаларда, соның ішінде ЕАӘО үлттық мұдделерді қорғайтын қабілетін жоғары бағаласа да, жастардың көбірек бөлігі Қазақстанның ЕАӘО құрамына енуіне референдумда дауыс беруге дайын емес.

Саялнама көрсеткендей, жастар ортаазиялық интеграцияға он, көзқараста болса да, жас буынның ойынша Орта Азия елдері даму жолында үлгі боларлықтай елдер қатарына кірмейді. Жастар Қазақстан аймақтағы елдермен бүгінгі таңда қалыптасқан қарым-қатынасты сақтағаны жөн деген ойда. ОА елдерінің ішінен жастар ең жақын көрші Қыргызстанға басымдылық береді. Оның бір себебі жастардың бүл елді белгілі бір шамада

көріп, білгендігінде болу керек. Маңыздылығы жағынан екінші орында Өзбекстан тұр. Тәжікстан мен Түркіменстан жас қазақстандықтар үшін онша қызықты емес. Жалпы алғанда Елбасы мен үкіметтің жүргізіп отырған сыртқы саясатына жастардың көнілдері толады және оны қолдайды деп қорытындылауға болады.

САЯСАТҚА ҮІҚПАЛ

Жастар саясатқа қандай деңгейде қатыстырылады деп ойлайсыз?




САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ



Сіздің ойыңызша өз дауысыңыз төмендегі құрылымдардың жұмысына қандай деңгейде әсер етеді?

Жергілікті үкімет
(әкімдіктер, мәслихаттар)



Орталық үкімет
(Парламент және үкімет)



■ Өте жоғары ■ Біршама деңгейде ■ Төмен ■ Мұлде әсер етпейді ■ Жауп жоқ,



